

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 2311-9551

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ
ҚЫЗЫЛОРДА



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№1 (13)
2017

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

Қызылорда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАФАТ КОМИТЕТИНДЕ 13.02.2014 ж.
ТИРКЕЛГЕН, КУӘЛІК № 14158-Ж

Бас редактор – Досманбетов Б.С., ҚР Үлттық Фылым Академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Бас редактордың орынбасары – Үмбетов Ө.Ү., техника ғылымдарының докторы, профессор;

Жауапты редактор – Ибрагимова Н.Ж., педагогика ғылымдарының кандидаты

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашак» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялады.

Редакция алқасы:

Ким И.Л., экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Досманбетова З.Р., PhD докторы;

Өтесінов Ж.Ә., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Нұрғымов Д.И., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Насимов М.Ә., саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Байдидаулетова А.Ә., филология ғылымдарының кандидаты;

Еспенбетова А.Т., тарих ғылымдарының кандидаты;

Серікбаев Ф.Ә., педагогика ғылымдарының кандидаты;

Куанова С.Б., педагогика ғылымдарының кандидаты;

Ибраев Ш.Ш., физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Свечников В.В., техника ғылымдарының кандидаты, профессор;

Шураева С.Н., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шумейко Н.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жомартқызы М., заң ғылымдарының кандидаты;

Мұханов Н.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;

Нұрсұлтанқызы Ж., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Әлібекова Ф.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент.

Техникалық редактор: Алтынбеков Ш.Ф.

Жауапты шығарушы: Алтынбеков Ш.Ф.

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТИНІҢ ХАБАРШЫСЫ
№1 (13), 2017

Басуға 30.06.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 6.25 б.т. Офсетті қағаз.
Тапсырыс №151. Тарапалмы 500 дана. Бағасы келісімді. 120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 31 «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

МАЗМУНЫ

САЯСАТТАНУ, ТАРИХ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ

- Насимов М.Ә.**
БИЛІК ҮФЫМЫ ЖӘНЕ ТҮЖҮРҮМДАМАЛАРЫ 5

- Паридинова Б.Ж.**
ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ МАЗМУНЫ, МӘНІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 11

- Сарбалаева А.Ш.**
ЗАНДЫ БІЛУ, ҚҰРМЕТТЕУ – ӨР АДАМНЫң МІНДЕТІ 18

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДЕФЕКТОЛОГИЯ

- Бақытбайқызы А., Зинаханова Ү.Т.**
АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕГІ МУМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЖЫМДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТАСЫРУ 23

- Ербошав С.**
ОРТА БУЫНДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ФАРМАКОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ 27

- Тәжімбетов Ж.**
ҰЛАФАТТЫ ҮСТАЗЫМ ТУРАЛЫ ҚОЛЖАЗБА 29

ФИЛОЛОГИЯ

- Тайманова С.Т., Сәдуахасова Г.Ж.**
ЖАҚСЫЛЫҚ РАХМАТУЛЛАНЫҢ «АЛТЫН КҮРЕК» ХИКАЯТЫНА ӨЗЕК БОЛҒАН ӨМІР ШЫНДЫҒЫ 33

- Тайманова С.Т., Досманбетова Ш.Б.**
ЖАҚСЫЛЫҚ РАХМАТУЛЛАНЫҢ «ҚОҒАЛЫ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІ 43

- Қалдан И., Тайманова С.Т.**
БЕГІМБАЙ ҰЗАҚБАЕВТЫҢ «ҚАРАБУРА» РОМАНЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР 50

- Узакова Б.Б., Мусабек Ж.Т.**
Ә. НҮРШАЙЫҚОВТЫҢ «МАХАББАТ ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» РОМАНЫНДАҒЫ ЛИРИЗМ 56

- Сиасапова Г.Ж.**
АҒЫЛШЫН ТІЛІ – ӘЛЕМДІК ТІЛ 62

ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ

- Тажикова Ж.Ж.**
ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА - БҮЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ 67

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

- Жанзақов М.М., Әлібекова Ғ.Б., Смат А.**
СҮРҮПТАУДЫҢ СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ ПОПУЛЯЦИЯЛАРДА ӘСЕР ЕТУ ЗАНДЫЛЫҚТАРЫ 73

- Жанзақов М.М., Кенбаев Б.Қ., Бейсенгазы С.**
БУДАНДАСТАСЫРУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛАРЫ 80

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

- Жақыпова Г.М., Сұлтан Ж.Ғ.**
ЖОЛ БУЙЫМДАРЫН ӨНДІРУ ҮШІН МАЙДА ТҮЙІРШІКТІ БЕТОНДАРДЫ ҚОЛДАNUДЫ ЕҢГІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ 89

**САЯСАТТАНУ, ТАРИХ, ӘЛЕУМЕТТАНУ,
ДІНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ**

БИЛІК ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, «Болашақ» университеті*

Билік қоғам мен саясаттың іргелі бастауларының және саяси ғылымдардағы негізгі түсініктердің бірі. Ол саясаттың негізі қызметтің атқарады және қоғамдық өмірдің рухани, экономикалық, әлеуметтік және т.б. салаларына ықпал жасайды. Сондықтан билік кез келген қоғамдық ұйымдастырудың тұрақты қызмет атқаруына қажетті құбылыс.

Билік оның табиғатын айқындауға қындық туғызатын саясаттағы өте құпия құбылыс болып табылады. Адамзаттың бүкіл тарихы билік үшін толассыз күреске толы. Міне осы күрес мемлекет өміріндегі көптеген өзгерістердің себеп-салдарын туындалады.

Адамзат өмірінің маңызды құбылысы ретінде билік әрдайым зерттеу нысаны болды. Платон мен Аристотель еңбектерінде билік, оның қасиеттері және занылыштары туралы көптеген мәліметтерді кездестіруге болады. Мәселен, Платон билікті ерекше білім - басқару біліміне негізделген күш-куат ретінде қарастырады. Аристотель билікті кез келген күрделі жүйедегі қасиет ретінде сипаттама береді. Оның түсінігі бойынша табиғаттың жалпы зандарына сүйенген билік басқарушы және бағынушы бөлшектерінен тұрады.

Т. Гоббс (1588-1679 жж.) билік түсінігін қалыптастыруда тұжырымның себептілік негіздерін қалыптастырыды. Бұгінде бұл түсінік батыстық ғылыми әдебиеттерде ұстемдік танытып отыр. Оның пайымдауынша, «Адам билігі болашақта игілікке жетудің қолда бар құралы».

Билікті сараптау тарихында М. Вебер (1864-1920 жж.) тұжырымдамасының орны ерекше. Ойшыл анықтамасы бойынша биліктің негізгі белгілері мыналар: билік индивидтердің бұйымы емес, бұл олардың арасындағы қатынастар; билік ықтималдық, мүмкіндік терминдері арқылы анықталады; биліктің негізін кез келген заттар, ерекшеліктер мен қатынастар құруы мүмкін; билік әрдайым қарсы, адамдар мұддесіне қарамастан қимылдар мен қақтығыстар жүргізеді.

Откен ғасырдың 50-60 жылдары Г. Лассуэлл (1902-1978 жж.), Р. Даль (1915-2014 жж.), Дж. Марч (1928 жылы туылған) билік мәселесіне қатысты заманауи пікірталастар туғызды. Билік ұғымын сараптау жан-жақты және жүйелі түрде жүргізіліп, билік қатынастарын зерттеу барлық салаларда қамтылған. Мәселен, кейбір ғалымдар ұғымды топтық тұжырымдама немесе реализм дәстүрлері

ретінде қарастырады. Мұнда билік индивидтер арасындағы өзекті немесе әлеуетті қақтығыстарды біріктіретін үйлесімсіз қатынастар ретінде айқындалады.

Ғалымдардың келесі бір тобы биліктің жалпы табысқа сүйенген тұжырымдамасы ретінде таниды. Бұл түсінікте билік қоғамдық иғілікке жетуді көздеген ұжымдық ресурс ретінде қарастырылады. Биліктің легитимділік сипаттамасы, оның жеке индивидтер немесе топтар қарағанда, адамдар ұжымы немесе қоғамға қатыстылығы дәйектеледі.

1950 жылы Г. Лассуэлл және Э. Кэплэннің жарық көрген «Билік және қоғам» [1] атты еңбектерінде билік: «бұл өзге адамдардың қызметіне бағынбаған жағдайда қatal шараларды (немесе қолдану қатері) қолдану арқылы ықпал жасау үдерісі». Еңбекте биліктің ықпал жасау түрлері шешім қабылдау терминдерінде көрініс табады. Авторлардың айтудынша, санкцияны қолдану қатері биліктің қарапайым ықпалдан ажыратады.

60 жылдардың аяғында Р. Даль өз еңбегінде биліктің интуициялық идеясын ұсынуы арқылы [2] биліктің көптеген тұжырымдамаларының негізіне айналды. Р. Даль да өзге да ғалымдар секілді билікті мінез-құлықты бақылау ретінде қарастырады.

1974 жылы жарық көрген С. Льюкстың «Билік: Радикалды көзқарас» [3] атты еңбегінде билік ұғымынан «артықшылықтар қақтығысы» түсінігін алғып тастауды ұсынады. Бұл ұғымның орнына автор «мұдделер қақтығысы» түсінігін қолдану арқылы субъективті артықшыларды анықтауға болатындығын дәлелдейді.

Жалпы билік туралы көптеген анықтамалар арасынан М. Вебердің мына ойы заманауи түсініктерге келетіндей: «билік - бұл адамды әрекетке немесе еркінен тыс әрекетсіздікке мәжбүрлеу». Ал, Б. Рассель анықтамасы бойынша, ғалым билікті «болжамды нәтижені құру» ретінде таниды.

Түсінікке байланысты өзге де анықтамаларға назар аударсак.

Билік туралы пайымдаудың абсолютті жалпы өзегі немесе қарапайым идеялары А қандай жолмен Б-ға ықпал жасайды деген пікірге келеді (С. Льюкс).

Билік - көңілді төңілдіретін түсінік (Дж. Марч).

Біз билікке қатысты түсініктерді макұлдау немесе айыптамас бұрын қоғамдағы биліктің бар болуы және оның үлестірілуін анықтауымыз қажет (П. Моррис).

Билік - адамның өзгермелі қабілеттілігі, яғни, оқиғаның мақсатына араласу арқылы оны өзгерту қабілеттілігі (Э. Гидденс).

Билік адамзат қимылдары мен оқиғаларын моральды бағалауда маңызды рөл атқарады (Дж. Исаак).

Байқағанымыздай, билік саяси ғылымдардың санаты ретінде түрлі көзқарастар бойынша қарастырылады. Биліктің табиғатын

анықтауға байланысты төмендегідей негізгі тұжырымдамалар мен тәсілдер қалыптасқан:

Теологиялық тұжырымдама (А. Августин сынды діни ұстанымдағы ғалымдар). Билік - бұл Құдайдың белгілеп бергені, оның қажеттілігі адамның «жаратылыстық күнаарлығы» арқылы белгіленеді.

Биологиялық тұжырымдама (Ф. Ницше, А. Гитлер). Билік - бұл адамның биологиялық басқыншылығының тежеулі тетігі.

Бихевиористік тұжырымдама (Ч. Мерриам, Г. Лассуэлл). Адам әрекеттерінің негізі билікке ұмтылысында жатыр, бұл саяси белсенділіктің ұstemдік белгісі.

Психоаналитикалық тұжырымдама (З. Фрейд, К. Хорни). Билік - бұл ессіздіктің адамзат санасын ұstemдік ету тәсілі.

Құрылымдық-қызметтік тұжырымдама (Т. Парсонс). Билік - бұл мінез-құлқы рөлмен анықталған өзара тең емес субъектілердің қатынасы.

Әлеуетті-еріктік тұжырымдама (К. Маркс). Билік - бұл ұstemдік пен бағыныштылық, саяси субъекттің өз еркін жүзеге асырту мүмкіндігі.

Дуалистік тұжырымдама (М. Дюверже). Билік екіжүзді: ұstemдік құралы; бірігу құралы.

Мінез-құлқытық тәсіл. Билік табиғаты адамның биологиялық және психикалық ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Әлеуметтанулық тәсіл. Билік табиғаты әлеуметтік өзара байланыстар жүйесі арқылы түсіндіріледі.

Ғылыми әдебиеттерде билік мынадай топтарға бөлінеді: жоғарғы (мемлекеттегі жоғары, шектелмеген билік); атқарушы (Парламент заңына сәйкес мемлекетті басқаратын Үкімет пен Президент); заң шығарушы (демократиялық елдерде парламентке тиесілі билік); саяси (мемлекеттік және ұлттық міндеттерге сәйкес ұstem топтың қоғам мен азаматтардың мінез-құлқын бақылау мүмкіндігі); сот (әлеуметтік және құқықтық тәртіпті қолдайтын билік); басқару (биліктің нарықтық қатынастардағы ерекшеліктеріне қарай жүргізу); көпшілік (мемлекетті қоғамдық құрылыштан ерекшелейтін белгілердің бірі); нышандық (ұйымға ықпал жасайтын қоғамның бағалауы мен қабылдауын өзгерту қабілеті) және т.б.

Мемлекеттегі қоғамдық пікірді қалыптастырытын бұкаралық ақпарат құралдары биліктің бейресми төртінші тармағы екендігі баршамызға мәлім. Ғаламтордың кеңінен таралуы және азаматтардың көп белгінің оған қолжетімділігі биліктің жана түрі Интернет билігі қалыптасып үлгерді. Бүгінде бұқара халыққа нақты идеяларды веб-сайттар мен көптеген әлеуметтік желілер арқылы кеңінен таратуға болады.

Жалпы билік мынадай қызметтер атқарады: үйлестіру; байланыстыру; басқару және бақылау. Биліктің мынадай түрлері көрініс табады: үстемдік; басқару; ұйымдастыру, басқару және бақылау. Осыған сәйкес биліктің төмендегідей технологиялары қалыптасқан: иерархиялық; әлеуметтік иерархия; үнемшіл өндіріс; билікті бөлу.

Саяси билік ұғым құрылымында ерекше орынға ие. Саяси билік - бұл саясат пен құқықтық қағидаларда таптың, топтың, индивидтің еркі бойынша жасалатын нақты қабілеті. Ол билік жүргізушілердің әлеуметтік үстемдігімен сипатталады. Саяси билік ерекшеліктеріне мыналар жатады:

жозғарғылық, яғни, оның шешімін орындау баплық билік түріне міндетті. Саяси билік қоғамға әсер етуші кез келген ұйым ықпалын шектеуі немесе жоюы мүмкін;

жариялылық, яғни, жалпыға ортақтық және өзіндік пікірі жоқтық. Демек, саяси билік барлық азаматтарға құқық көмегімен қоғам атынан сөйлейді;

бірорталықтанған, яғни шешім қабылдаудың жалпы орталығының болуы. Экономикалық, әлеуметтік, рухани-ақпараттық билік саяси билікке қарағанда көп орталықтанған. Өйткені заманауи нарықтық демократиялық қоғамда көптеген тәуелсіз меншік иелері, БАҚ, әлеуметтік қорлар бар;

ресурстардың алуан түрлілігі. Мемлекет саяси билік жүргізуде мәжбүрлеумен қатар, экономикалық, әлеуметтік және мәдени-ақпараттық ресурстарды пайдаланады;

азаматтарға күш қолдану, мәжбүрлеудің заңдылығы.

Саяси билік қоғамдағы көптеген маңызды қызметтер атқарады:

- қоғамның дамуындағы негізгі міндеттірді анықтайды және қоғамдық даму балама жолдарын таңдайды;

- қоғамның бірлесуін, тәртіп пен тұтастықты сақтауды қамтамасыз етеді;

- қоғамда пайда болатын әлеуметтік қақтығыстарды реттейді, оны шешуге бағытталған қызметті жүзеге асырады;

- қоғамға өте қажетті ресурстарға қолжетімділік тәртібін айқындауды.

Қоғамдық-әлеуметтік ғылымдарда саяси билік екіге бөлінеді: мемлекеттік және қоғамдық. Мемлекеттік билік саяси институттармен (парламент, үкімет, сот органдары), құқық қорғау органдарымен (полиция, әскер, прокуратура) және құқықтық негіздермен қамтамасыз етіледі. Ал қоғамдық билік партиялық құрылым, қоғамдық ұйымдар, тәуелсіз бұқаралық ақпарат қуралдары, қоғамдық пікірмен қамтамасыз етіледі.

Саяси билікті жүзеге асыру тетігі күрделі құрылымға ие. Биліктің бірінші субъектісі болып билік қызметтерінің бір бөлігін

өздері атқаратын, бір бөлігін өзінің ресми өкілі мемлекетке беретін халық болып табылады. Өз кезегінде мемлекет басқару өкілеттілігін билік таратушылар арасында бөліп береді. Бұл басқару өкілеттілігін бөлу билікті таратып беру деп аталады. Билікті бөлу екі түрғыда жүзеге асады: көлденеңінен және тігінен.

Билікті көлденеңінен бөлу билік өкілеттілігін мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейіндегі субъектілер арасындағы бөліністі қарастырады. Билікті тігінен бөлу тәжірибеде заң шығаруши, атқаруши және сот сынды үш билік органдары арасындағы бөлініспен анықталады.

Саяси биліктің негізгі түрлері ретінде мемлекеттік билік, саяси ықпал және саяси сананы қалыптастыру жатады.

Жалпы саясаттануда мемлекет және мемлекеттік билік арасындағы ортақ түсініктер қалыптасқан. Мемлекет зорлық-зомбылық пен мәжбүрлеуді заңды түрде қолданатын және көпшілік саясат саласын құратын ерекше институттар жиынтығы. Бұл институттар қоғам құрган түрғындардан тұратын нақты территорияға ие және азаматтар атынан толықтай шешім қабылдауға құқылы. Мемлекет кез келген өзге қоғамдық институттардан жоғары, оның заңдары мен билігі шектелмейді. Осыған сәйкес, мемлекеттік билікті ерекшелейтін екі міндетті белгісі бар: тек мемлекеттік қызметкерлер мен мемлекеттік органдар мемлекеттік биліктің субъектілері болып табылады; ресурстар негізінде олар өз билігін мемлекет өкілі ретінде заңды түрде қолданады.

Саяси ықпал ету мемлекеттік қызметкерлер мінез-құлқы және олардың қабылдаған мемлекеттік шешімдеріне саяси субъектілердің тікелей әсері қабілеттілігін көрсетеді. Саяси ықпалдың субъектілері болып қарапайым азаматтар, ұйымдар және институттармен қатар, заңды өкілеттілікке ие мемлекеттік құрылымдар мен қызметкерлер саналады.

Саяси биліктің келесі түрі болып табылатын саяси сананы қалыптастыру манипуляциямен қатар, сендіру технологияларын пайдалануды көздейді. Негізінен саяси көзқарастар, құндылықтар мен мінез-құлқыққа ықпал жасау барысында сендіру тәсілі ұтымды дәйектеулерге сүйенеді. Саяси сананы қалыптастыру билігі көбінесе танымал саясаткер мен саясаттанушыға, қоғамдық пікір көшбасшысына, діни қайраткерге жүктеледі.

Дегенмен, мемлекеттік билік саяси биліктің ерекше түрі болып табылады. Біріншіден, мемлекеттік билікті халық бекітеді және макұлдайды. Екіншіден, көп жағдайда халық өз құқықтарын мемлекет билігіне табыстайды. Үшіншіден, қоғам заңда көзделген ережелер шеңберінде мәжбүрлеу мен күш қолдануға құқық береді.

Мемлекеттік биліктің негізгі сипаттамалық белгілеріне жатқызуымызға болады:

- мемлекеттік билік сүйенетін күш мемлекет болып болып табылады. Өзге билік түрлері ықпал жасаудыңмұндай құралына ие емес;
- мемлекеттік билікжариялылыққа сүйенеді. Жариялылықты кең мағынада қарастырсақ, кез келген биліктің қоғамдық сипаттағы белгілері қалыптасады;
- мемлекеттік билік егеменді, демек оның тәуелсіздігі мемлекет ішінде сақталады. Мемлекеттік биліктің ұstemдігі оның мемлекет билігіне бағыныштылығында деп есептейміз;
- мемлекеттік билік әмбебап қызмет атқарады. Ол өз әрекетін мемлекеттің бүкіл аумағы мен тұрғындарына таратады;
- мемлекеттің биліктің айрықша құзіреті бар, ол мінездүкүліктың жалпыға міндетті ережелері, құқықтық нормалардың алышпастырады;
- уақыт мерзіміне қарай мемлекеттік билік ұнемі және үздіксіз әрекет етеді.

Саяси билік пен мемлекеттік билік арасындағы айрымашылықтар:

- саяси билік түсінігі мемлекеттік билік ұғымына қарағанда кеңірек. Себебі, саяси билік мемлекеттік органдармен қатар, түрлі саяси қозғалыстар, партиялар, кәсіподактар шеңберінде қызмет атқарады;
- мемлекеттік билік иерархиялықты сақтаған тік байланыстар қағидасы бойынша жүргізіледі. Ал саяси билік болса, көлденен байланыстағы қағиданы ұстанады.

ӘДЕБИЕТ

1. Lasswell H., Kaplan A. Power and Society: A Framework for Political Inquiry. - New Haven: Yale University Press, 1950. - 295 p.
2. Dahl R. The Concept of Power // Political Power A Reader in Theory and Research / ed. by Roderick Bell, David V. Edwards, and R. Harrison Wagner. - New York: The Free Press; London: Collier-Macmillan, 1969. - P. 80.
3. Lukes S. Power: A Radical View. Basingstoke and London: Macmillan, 1974; Palgrave Macmillan; 2 edition - 200 p.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены понятия власти и его концепции. Показаны особенности политической власти.

SUMMARY

This article discusses the concept of power and its concept. Showing features of political power.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРИНІҢ МАЗМҰНЫ, МӘНІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Паридинова Ботагөз Жаппарқызы,
философия магистрі, «Болашақ» университеті*

Білім беру технологияларының инновациялық түрінің арасында интербелсенді оқыту ерекше орын алады. Оқу процесінде білім алушының алғашқы дерек көздерін, дәріс пен оқулықтардың мазмұны бойынша тапсырмалар орындауы секілді дәстүрлі оқыту әдістерін пайдалану өз тиімсіздігін көрсетті. Оқытушы мен студенттер арасындағы интербелсенді өзара байланыстар мәселені шешуге бағытталған тақырыпты сараптау, қасиеттері мен қарама-қайшылықтарын анықтау және бағасын беру, өзге мәселелермен қатынасын жиынтықтау арқылы мүмкін болып отыр. Тапсырмалармен жұмыс жасаудың мұндай әдістері студенттердің ойлау қабілетін ынталандырады, білімін терендетеді, пәнге қызығушылығын көтереді.

Интербелсенді әдістер оқыту жүйесіне оқу процесіндегі жаңа мақсаттар мен міндеттерді жүктейтін жаңа әдістер мен технологияларды енгізуі көздейді. Мұндай жаңа әдістер қатарына мәселелік оқытудың тәсілдері жатады. Мәселелік оқыту әдістерін жүйелі, мақсатты түрде қолдану студенттердің өзіндік танымдық қызметі тиімділігін арттырады және шығармашылық дағдыларын белсендіре түседі.

Мәселелік оқыту әдісі бойынша оқытушы студенттерге дайын ақпаратқа қарағанда, құрделі мәселелер ұсынып, оны шешуге бағытталған құралдар ізденісіне жол ашады. Әдіс үш негізгі түрде жүзеге асады: оқытушы дәріс материалдарының мәселелік тұстарына назар аударады; семинар сабактарын жүргізуде студенттердің ізденіс қызметіне оқытушы ықпал жасайды; ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудегі мәселелерді шешуде өзіндік зерттеу қимылдарын жүргізеді. Ресей ғалымы В.А. Ситаров мәселелік оқытудың бірнеше кезеңдерін атап көрсетеді: жалпы мәселелік ахуалды ұғыну; оны сараптау және айқын мәселені тұжырымдау; мәселені ұсыну, негіздеу және бақылау арқылы шешу; мәселені шешудің дұрыстығын тексеру [1].

Жоғарыда аталған тұжырымдарға сәйкес, оқытудағы мәселелік жағдайдың екі жағын атап өтуімізге болады: біріншісі, ақпараттың жетіспеушілігін туындастын қарама-қайшылықтарды айқындаушы пәндік-мазмұндық проблема; екіншісі, студенттердің жаңа білім алу шарттарындағы қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталған

ынталандырулар. Сондықтан бұл әдістің білім алушы студенттердің дүниетанымын кеңейтетіндігінде күмән жоқ.

Жалпы интербелсенді оқыту нәтижесінде студенттер кәсіби модельдеуге қатысуға және барлық алынған білімді тәжірибеде көрсетуге мол мүмкіндігі бар [2].

Инновациялық білім беру технологиялары арасында кейс әдісі (case study methods) ерекше орын алады. Бұл технология жүйелік ойлау процесінде маңызды кезең болып табылады. Кейс қарастырылып отырған кезеңдегі нақты ахуалды сипаттайтын шарттар мен міндеттер жинағы болып табылады. Көп жағдайда ахуал басқару мәселелерін қарастырып, нарық шарттары, бәсекелестер белсенділігі мен сыртқы ортаның ықпалын дәйектейді. Шет елдік алдыңғы қатарлы оқу орындарында түрлі оқу-іскерлік ахуалдармен жұмыс жасау әдістері мен тәсілдері оқу процесінде кеңінен пайдаланылады. Кейстармен жұмыс жасаудың маңызды ерекшеліктері ретінде оның пәнаралық сипаты саналады.

Кейс әдісі дидактикалық қағидалар жиынтығына сүйенеді: әрбір студентпен жеке жұмыс жасау арқылы оның қажеттіліктерін анықтап, студенттер туралы мол ақпаратты сабак басталғанға дейін алуға болады; оқытуда барынша көп еркіндік беру (оқытушыны, пәнді, оқу түрін, тапсырмалар түрі және оны орындау тәсілдерін тандау мүмкіндігі); міндеттерге қатысты көрнекі материалдармен студенттерді қамтамасыз ету (мақалалар, бейне материалдары, қызметі сарапталып жатқан компания өнімдері); теориялық материалдардың қажетті қысқаша көлемі студенттердің тек негізгі қағидаларға сүйенуіне жағдай жасайды; оқытушының студентке қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы студенттің кез келген уақытта кеңес алу мүмкіндігін туғызады; студенттердің өзін-өзі басқару, ақпаратпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру; студент дамуының мықты жақтарына назар аудару.

Сонымен бірге, шешімін табу тиіс бірнеше мәселелер бар: студенттер үшін қызықты тәжірибелік дайындық құрылымын әзірлеу мақсатында оқытудың түрлері мен әдістерін тандаудың кешенді амалдарын қолдану; қолданылатын оқыту түрлерін пәнаралық және кафедрааралық келісімі; оқыту процесінің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз ету мақсатындағы түрлі әдістемелік тәсілдерді іздеу, әзірлеу және қолдану; педагогикалық шеберлікті арттыру, оқытушылардың бапкер-нұсқаушы мінезд-құлық дағдыларын қалыптастыру [3]. Байқағанымыздай, оқу процесін ұйымдастырудың ерекше тәжірибелік тәсіл болып табылатын case study оқығаларды сараптау әдісі қатарына жатады. Пікір алмасу, тәжірибелік және өзіндік бақылауларға сүйенген оқу процесі жоғары жетістіктерге әкеледі. Әдіс арқылы танымның өзге қарапайым түрлері әдістемелік бағытта күрделі жүйеге енеді. Тәсіл көмегімен жұмыс жасауда

модельдеу, жүйелік сараптау, мәселелік әдіс, ой эксперименті, ойын әдістері қарастыруымызға болады.

Инновациялық білім беру технологияларында іскерлік ойындардың да орны ерекше. Көп жағдайда семинар сабактарында ұйымдастырылатын іскерлік ойындар дәріс барысында оқылған материалдарды тәжірибелік тұрғыдан игеруде маңыздылығы жоғары. Оку процесіндегі іскерлік ойындардың төрт қызметін бөліп көрсетуімізге болады:

Біріншіден, іскерлік ойындар білімгерлердің оку материалдарын белсенді игеруіне септігін тигізеді. Алғашында іскерлік ойынға қатысу адам қуатының аз шығынын талап етеді деп ойлауымыз мүмкін. Дегенмен, шын мәнінде адамға күш түскенін байқамай, студенттер берілген нәтижеге жету үшін өз ақыл қабілетін жұмсайды. Ал қатысуышылар арасындағы бәсекелестік өз қызметі мен бүкіл топ жұмысы арасындағы кенеттен келген үйлестірулерге әкеледі. Іскерлік ойындар өткізу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бұл әдіс студенттер арасында танымалдылығы жоғары. Бұл студенттердің әрекеттік таным сырттай бақылаудан қызықты және пайдалы екендігінің көрсеткіші деп түсінуіміз қажет.

Екіншіден, іскерлік ойындар өткізу арқылы теориялық оқытуды ынталандыруды артатындығы және оның студенттерге пайдалылығы бірінші кезеңнен байқалады. Бұл процестің тиімсіздігі студенттердің берілген тақырыпты бұрын оқығандығы байқалған кезде айқындалады. Оқытудың алғашқы кезеңдерінен бастап материалдарды тез ұмытып калуға жол ашатын, білімгерлердің уақытты босқа жіберуі және жаттауға жол бермеу үшін алынған білімнің тиімділігін бағалау арқылы нақты ахуалды анықтап алуға болады. Сонымен қатар, студенттер зерттеліп отырған процестегі кейіпкер орнында болу мүмкіндігін қарастырған жөн. Семинар сабағының міндеті теорияны тереңдетумен бірге, оның құндылығын көрсету болып табылса, іскерлік ойындар теорияны оқытуды ынталандыруды арттырудың айрықша тиімді құралы болып табылады.

Үшіншіден, іскерлік ойындар дағыландыруға жақын ойындық ахуалды үлгілеу есебінен зерттеліп отырған сала бойынша жеке тәжірибе иеленуге мүмкіндік береді. Білімгерлерде мекемені, қаржылық активті басқару және үлкен ұжыммен өзара байланыс тәжірибесі жоқ екендігі мәлім. Сондықтан студенттердің дәрістерде алатын бұл процестер бойынша білімі дерексіз сипатқа ие. Мысалы, трансұлттық корпорациялар, трансұлттық банктер немесе мемлекет деңгейіндегі макроэкономикалық процестерді басқару бойынша сөз болғанда мәселе қынадай түседі. Бұл процестерде карапайым күштер емес, нақты адамдар әрекеті жүреді. Білімгерлер бұл процесті тек сыртқы білім көзқарасында ғана емес, ішкі тәжірибесі арқылы да

білгені дұрыс. Студенттер іскерлік ойындарға қатысу арқылы процеске қызығушылын кәсіби қызметте баға жетпес дағды саналатын жеке тәжірибесі бекітіле түседі.

Төртіншіден, басты мәселені назарда арттыру материалды белсенді игеруге ұмтылған студенттер үшін маңызы зор. Егер материалдар өте «құрғақ» әрі деректіз ұсынылса, студенттердің материалдарға қызығушылығы төмендейді. Бұл олардың оқуға қабілеттілігінің аз екендігінің көрсеткіші емес. Себебі, бұл студенттердің логика мен нысандық модельдеуге сүйенген бас миының сол сынарын қолданушыларға қараганда, шығармашылық дағдыларымен байланысты бас миының оң сынары қабілетін қолданушыларға тән құбылыс болуы мүмкін. Сондықтан заманауи білім беру процесінде сол сынарға ауытқу жағдайы бар екендігін мойындауымыз қажет. Дегенмен, адамның барлық қабілеттерін үйлесімді дамыту қажет екендігі сөзсіз. Сәйкесінше, іскерлік ойындарды қолдану барысында бас миының барлық сынарларын пайдалануды талап еткенді дұрыс көреміз [4].

Оқытушылық тәжірибеде ақпаратпен жұмыс жасаудың құзіреттілігін қалыптастыруды сынни ойлау технологияларының келесі әдістері сәтті қолданылуда:

«Инсерт» әдісі. Бұл тиімді оқу және ойлау үшін жазудың интербелсенді жүйесі. Тәсіл бірнеше кезеңдерде жүзеге асады.

1. Ақпаратта ұсынылған мәліметтерді жіктеу үшін мәтінді таңбалаудың келесі жүйесі ұсынылады: «қанат белгісін кою» (↙) арқылы білімгерлерге осы уақытка дейінгі белгілі мәліметтер айқындалады; «минус» (-) белгісімен олардың пікіріне қарама-қайшы ойлар жіктеледі; «плюс» (+) белгісімен оларға қызықты және күтпеген мәліметтер анықталады; «сұрақ» белгісі (?) түсініксіз және көбірек білуге құштарлық туындаған ақпарат көрсетіледі.

2. Мәтінді оку арқылы студенттер жеке абзацтар мен сөйлемдерді сәйкесінше белгілермен таңбалайды.

3. Білімгерлерге өз белгілеріне сәйкес ескертпелерді кестеге орналастыру арқылы ақпаратты жүйелеу ұсынылады.

4. Кестенің әрбір бөлімін жүйелі талқылау. Қолданудың негізгі салалары: деректер мен мәліметтері көп ғылыми-тәнімдық мәтіндерге басымдық беріледі.

«Кластер» әдісі. Кез келген мәселені қарастыруды ойлау процесін көрнекіліктермен қамтудың графикалық ұйымдастыру тәсілі. Кластер ойлаудың сызықсыз түрінің көрінісі болып табылады. Атқарылатын қимылдар қарапайым және логикаға сәйкестендірілген:

1. Таза параптың немесе тақтандың ортасына идеяның, тақырыптың негізі болып табылатын тірек сөздер немесе сөйлемдер жазылады.

2. Айналасына берілген тақырыпты ашатын идеялар, деректер, сипаттамалар жазылады.

3. Жазылған сөздер тіке сзықтармен тірек түсініктерімен біріктіріліп, жаңа логикалық байланыстар орнатылады.

Нәтижесінде ойлауды графикалық түрфыда сипаттайтын, берілген тақырыптың ақпараттық өрісін айқындайтын құрылым пайда болады. Қолдану салалары шектелмеген, кластерлерді түрлі тақырыптарды оқытуда пайдалануға болады.

«Квант» әдісін бірнеше бағытта қолдануға көзделген: «Тірек сөздер», «Түсінік», «Тезистер», «Сызба» немесе «Кесте», «Сұрақтар».

Бірінші кезең «Квант» әдісін танысумен басталады. Білімгерлер төрт топқа бөлініп, әрқайсысы белгіленген бағыттары бойынша ақпарат жинайды. Материал негізінде барлығына бір мәтін беріледі. Барлығы мәтінмен танысып, берілген тапсырмаларды орындаиды.

Бірінші топ 10-15 тірек сөздер мен 3-4 нақтылаушы түсініктерді бөледі. Екінші топ мәтіннің жалпы мазмұнын сипаттайтын «Сызба/Кесте» құрады. Үшінші топ мәтіннің қысқаша мазмұны «Тезистерді» жазады. Төртінші топ мәтін бойынша сұрақтар дайындаиды. Бағыттар бойынша ұсынылған материалдар мәтін және оның мазмұнымен таныс емес адамдар үшін түсінікті болуы тиіс. Тапсырма 15 минут ішінде орындалып, әр топ таныстырылым өткізеді. Алынған нәтижелерді салыстырып, сәтті шыққан нұсқаларын көрсету қажет. Барлық топтар алған оқу материалдарының жалпылама мағыналық кеңістігін құру арқылы бірынғай «Квантқа» айналдырады.

Берілген сипаттамалар сыни ойлау технологияларындағы жалғыз әдістер емес екендігі анық. Бірінші кезекте ақпаратпен жұмыс жасаудың құзіреттілігін құруға көмектеседі. Тәсілдер сараптамалық ойлаудың дамытуна септігін тигізеді және материалды түсіну және оны игеруді бақылаудың құралы болып табылады [5].

Инновациялық білім беру технологиялары арасындағы жобалау әдісі студенттердің ақпараттық кеңістікте шатаспай, танымдық дағдысын дамыту арқылы өзіндік білім алушың жолдарын қарастыру, сыни ойлауды дамытумен ерекшеленеді. Бұл әдіс студенттерге жеке тапсырма беруде ғана өз тиімділігін көрсетеді.

Әдістің негізгі сипаттамалық белгілеріне жатады: тақырыптың зерттеушілік, шығармашылық негізіндегі шешім қабылдауға бағытталуы; нәтиженің тәжірибелік, теориялық, танымдық маңыздылығының жоғарылығы; студенттердің жеке қызметі; жобамен жұмыс жасау барысындағы базалық және ғылым салаларының басқа түрлерімен сабактастыры.

Зерттеушілік қасиетті талап ететін әдіс инновациялық технология ретінде жобаларды даярлаудың келесі кезеңдерінен өтеді: ұйымдастырушылық-дайындық – топтарды қалыптастыру, тақырып тандау және т.б.; жоспарлау – жоспарлар, тезистер құру;

технологиялық – топтарда гипотезаларды бекітетін немесе жоққа шығаратын деректер ізденісі; қорытындылау – нәтижелерді рәсімдеу, қоғамдық таныстыру, талқылау, жаңа мәселелер ұсыну [6].

Заманауи инновациялық білім беру технологиялары арасында оқу процесіне сайыстық сипат беретін, интеллектуалды ұжымдық қызмет пен жұрт алдында сөйлеу өнерін қалыптастыру дағдылары, әрбір қатысуышының жеке жауапкершілігін сезіндіретін турнирлер үйімдастыруды ерекше атап өте аламыз. Мұндай сайыстық сабактарды екі деңгейде өткізуге болады: топ ішінде және студенттік топтар арасында. Мәселен, жеке тәжірибеде қолданылып жүрген, пікір талас заңдарын игеру және нақты философиялық талдаулар жүргізуді көздейтін философиялық турнир өз нәтижесіне жетіп отыр. Турнир барысында білімгерлер барлық философиялық түсініктер мен категорияларды ұғынуға мүмкіндіктері бар. Айта кетуіміз қажет, берілген зерттеу жұмысында автор өзінің «Әл-Фараби» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналында жарияланған ғылыми мақаласының ғылыми нәтижелерінің кейбір бөліктерін пайдаланды.

ӘДЕБИЕТ

1. Ситаров В. Проблемное обучение как одно из направлений современных технологий обучения // Знание. Понимание. Умение. – 2009. -№1. – С. 149.
2. Kaspina R., Plotnicova L. Interactive forms of training bachelors: case study and challenges // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2014. - № 152. – Р. 281.
3. Рогова Е. Особенности организации процесса обучения на основе кейс-метода. - Современные технологии обучения в вузе (опыт НИУ ВШЭ в Санкт-Петербурге). - Санкт-Петербург, 2011. - С. 30.
4. Усанов П. Использование деловых игр в образовательном процессе. - Современные технологии обучения в вузе (опыт НИУ ВШЭ в Санкт-Петербурге). - Санкт-Петербург, 2011. - С. 46-47.
5. Лазырина О. Приемы технологии критического мышления в педагогической практике высшей школы // Теория и практика общественного развития. – 2015. - №5. - С. 156-157.
6. Баёва Ю. Метод проекта как современная педагогическая технология // Вестник Томского государственного педагогического университета. – 2012. - №2. - С. 117.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены содержание, сущность и особенности методов интерактивного обучения. Автор статьи использовала некоторые материалы результатов опубликованной в журнале социогуманитарных исследований «Аль-Фараби».

SUMMARY

The article discusses the content, nature and features of interactive learning methods. The author of the article used some materials of the results published in the journal of socio-humanitarian studies «Al-Farabi».

ЗАҢДЫ БІЛУ, ҚҰРМЕТТЕУ – ӘР АДАМНЫң МІНДЕТІ

*Сарбалаева Айгүл Шакиқызы,
«Құқықтану» пәнінің оқытушысы,
«Болашақ» университетінің колледжі*

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі – халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын құрметтейді және олардың негізгі қағидаларын іс жүзінде басшылыққа алады. Ендеше, адам құқықтары мен бостандықтарына арналған қағимдалар ережелердің ерекше жүйесі болып табылатын халықаралық құқықтық құжаттардың маңызы ерекше.

БҰҰ-ның Жарғысында «Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сөзсіз сақтау және тану әрбір мемлекеттің құрметті борышы мен міндеті болып табылады» деп жазылған. Осы Жарғыға сәйкес әрбір мемлекет өз аумағында тұратын барлық адамдардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге, адамды кемсітушілікке жол бермеуі тиіс.

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1948 жылы «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын» қабылдады. Декларация мазмұнындағы адам құқықтарын сиаптына қарай үш топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа адамдардың табиғи және адами құқықтары жатады. Екінші топқа азаматтықка байланысты құқықтары мен бостандықтары жатаджы. Үшінші топқа экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жатады.

1966 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы саяси және мәдени құқықтар туралы шарттар қабылдады. Бұл шарттар Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының ережелері негізінде қабылданып, оларды жүзеге асырудың кепілдіктерін қарастыратын адам құқықтарының сақталуын бақылап отыратын арнайы комитет құрылды.

Ал ҚР-ның қазіргі бара жатқан даму бағыты бұл – азаматтық қоғам орнату. Азаматтық қоғам дегеніміз – Президенттік басқару нысанына негізделген демократиялық принциптер сақталатын экономикалық әлеуеті жоғары қоғам. Бұндай қоғамда бәрінен де бұрын сол ел азаматтарының мақсаты, мұддесі ескеріледі. Сондай-ақ, бұл Конституциялық талаптармен өмір сүретін құқықтық орта болып табылады. Азаматтық қоғам институттары бізде кеңінен жұмыс істейді (үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер). Азаматтың басты міндеті – қоғам алдындағы өзінің азаматтық парызын түйсініп сезіне білу жауапкершілігі.

Қазіргі таңда осыған сәйкес оқушыларға құқықтық тәрбие беру – азаматтардың жеке пікірі сөз бостандығы ақпарат алу құқығына негізделеді. ҚР-ның Конституциясында кең көлемде жалпыға бірдей адам құқықтары туралы декларация тағы басқа халықаралық құқықтық Хартия ережелері терең қамтылғанына тоқтала отырып, атап өткеніміз ләзім. Бұл біздің мемлекеттің жалпы мойындалған халықаралық нормаларға көрсетілген жоғары құрметі ғана емес, сонымен қатар нормаларды мұлтіксіз етуі.

БҰҰ 1989 жылы қазанда «Бала құқығы туралы Конвенцияны» қабылдады. 1990 жылы қантар айынан бастап, БҰҰ – на мүше болып табылатын дүние жүзі елдерінің өкілетті өкілдері «Бала құқығы туралы Конвенцияға» қол қоя бастады. 1990 жылы 2 қыркүйекте өз күшіне енді. 1995 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Нью-Йорктегі ЮНИСЕФ – тің атқарушы директоры Джеймс Грантпен бірге «Бала құқығы туралы Конвенцияға» әлемнің 156-шы ел болып қол қойды. Біздің мемлекетіміз де осы шартқа қол қоя отырып, Қазақстан балаларының бақытты өмірін қамтамасыз етуге міндеттеме алды. Сондықтан, Қазақстан Республикасында өмір сүруші барлық бала осы Конвенцияда көрсетілген құқықтарды білуі шарт.

Білім беру саласында құқықтық оқыту мен тәрбие жұмыстарында аталған құжаттарды кеңінен пайдалану, 2002 жылы 8 тамызда «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды.

Заңның оқу-тәрбие ісінің мазмұнына енгізілу жолдары қандай?

Заңның негізгі мазмұны балалар мұддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары, баланың негізгі құқықтары мен міндеттері, мүгедек баланың құқықтары, бала және қоғам, баланың құқықтарын және заңмен қорғалатын мұдделерін қорғау, бала жауапкершілігінің және оның мінез-құлқына әсер етудің ерекшеліктері деп аталатын тараулардан тұрады. Заңның негізгі мазмұнын менгертудің жолдары:

- «Адам. Қоғам. Құқық», тарих, әдебиет, «Құқық негіздері» пәндерінің аясында;

- интеграциялық сабактар үйымдастырғанда;
- тәрбиелік іс-шараларды жүзеге асырғанда;
- құқыққа байланысты қосымша сабактарды жүргізгенде басшылыққа алынуы тиіс.

Құқықтар мен міндеттерінің тұтастығына балалардың көзін жеткізіп, міндеттерді орындау және жеке тұлғаның игілігіне, қоғамға қажетті екенін түсіндіру керек.

Ата-аналар да оқушыларға құқықтық білім берудің белсенді субъектісі болуы үшін олардың азаматтық құқықтық білім алудына іс-жүзінде жағдай жасауы керек.

Азаматтардың құқықтық санасын, құқықтық белсенділігін арттыру үшін «занды білген ұтылмайды» қағидасын әркімге, және олардың құнделікті тұрмыс әрекетіне орнықтыру қажет. «Занды білмеу мені жауапкершіліктен құтқарады» әдетінен арылу арқылы ғана құқықтық мемлекет орнықтыра аламыз. Құқықтық мемлекет көрінісінің ең басты белгілерінің бірі де заңның ұstemдігі, әркімнің заң алдындағы теңдігі, заңды құрметтеу, заң нормаларының мұлтіксіз орындалуы, әділ сот арқылы қорғай алу құқығы және т.б.

Конституция – мемлекеттің ең жоғары заңдық күші бар, орталық және жергілікті органдардың құрылымы мен мэртебесін, азаматтар мен мемлекеттің қарым-қатынасын айқындайтын негізгі Заңы. Сондықтан, Заңдық құжат ретіндегі Конституцияның орны зор. Мемлекеттің барлық басқа заңдары Конституция қағидаларына барынша сәйкестендіріле отырып қабылданады. Конституциялық нормалардың қандай да бір бұзылуы заң бұзушылық болып табылады. Ел Конституациясының 34-бабында әркімге Қазақстан Республикасының Конституациясын құрметтеу міндеттелген.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің үш тармағының өкілеттіктері мен бір-бірімен қатынасын таразылай алсақ, олар бір-бірінен дербес және бір-бірін тежемелі, тепе-тендік түрде әрекет етеді. Олардың ешқайсысының бірінен-бірінің артықшылық ықпал ете алатын артықшылығы жоқ. Жеке адамның билікті иемденіп кету мүмкіншілігі жоқ.

Білім беру барысында да, жеке адамның жан-жақты дамуына бағытталуы және адам құқықтары мен бостандығын сыйлауды арттыру. Мемлекетіміздің ең жоғары заңдық құжаты Ата Заңымызды халық арасында насихаттау өте кемшін. Тіпті, Конституциямызды парақтап ашып көрмегендер де жетіп артылады. Бұл жағдайдан шығудың бірден-бір жолы орта, арнайы және жоғары оку орындарында құқықтану пәнінің сағатын едәуір көбейту, емтихан тапсыруды міндеттеу, бүкіл ел көлемінде жоспарлы түрде құқықтық білім беру мен оқытудың кең жүйесін жасау, оны үнемі бақылауда ұстау және т.б. болып табылады.

Конституциямыздың осы аралықта жеткен экономикалық табыстарымызбен қатар, тұрақтылыққа, азаматтық келісімге жетуіміздің негізі жатыр деп толық сеніммен айтуға болады. Демократиялы, дамыған елдердің қайсібірінің конституцияларынан кем соқпайтын біздің Ата Заңымыз аз ғана уақыт аралығында өзінің өміршендейтін мен тиімділігін дәлелдей алды.

Сондықтан, еліміздің заңдарын құрметтеу, оның қағидаларын орындау әрбір қазақстандықтың құрметті парызы және міндеті. Кез келген қоғамда қандай жағдайда болмасын, адамдардың бәрі заң алдында тен, ешкім еш уақытта ар алдында, заң алдында қылмыстық немесе т.б. жауапкершіліктен қашып құтыла алмайды.

Жаңа дәуірдің көрнекті француз саясаттанушысы Шарль Луи Монтескье айтқан екен: «Мемлекеттік билік жұмыс істеуі үшін биліктің үш тармағы – заң шығаруши, атқаруши, сот билігі керек. Ал, Конституция толық жүзеге асуы үшін мемлекеттің қорғау кепілдігі мен азаматтардың құқықтық сауаттылық рухы қажет». Біздің әрбіріміз ар, ождан бостандығымыз құқықтарын сақтаудың құндылығын өзіміз сезінгенде ғана толыққанды демократиялық мемлекетке айналамыз.

Қазактың қас батыры Б. Момышұлы айтқан: «Тәртіпсіз ел – ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген қанатты нақылын бетке ұстап, сондай-ақ Ата Заңымызда көрсетілген гуманистік принциптермен берік тәртіптерді ту етіп өмір сүрсе мемлекетіміздің болашағы жарқын болмақ!

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1998 ж. 2007 ж. өзгерістері және толықтыруларымен.
2. ҚР Азаматтық құқық // Г.И. Тулеугалиев редакциясымен. - 2001.
3. Гражданское право. Общая и особенная части (тезисы лекции). – Алматы: Жеті Жарғы, 2009. - 264 с.
4. Қазақстан тарихы. - 2006.

РЕЗЮМЕ

Одним из важнейших признаков правового государства является верховенство закона, равенство всех перед законом, законное уважение, строгое соблюдение правовых норм, право на справедливое судебное разбирательство.

SUMMARY

One of the most important signs of the legal state is the rule of law, everyone's equality before the law, legal respect, strict compliance with legal norms, the right to a fair trial.

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖЭНЕ
ДЕФЕКТОЛОГИЯ**

**АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕГІ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҰЖЫМДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН
ҚАЛЫПТАСТАСЫРУ**

*Бақытбайқызы Айнұр,
педагогика ғылымдарының магистранты,
«Болашақ» университеті;
Зинаханова Ұлбосын Төреbekқызы,
педагогика ғылымдарының магистранты,
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ*

Арнайы мектептегі мүмкіндігі шектеулі балалардың өтпелі кезеңнен жастық шаққа өту кезінде әрбір балаларда жастық өзгерістер қалыптасады. Осындай өзгеріс әр қылыш жағдайда болып келеді. Кей жағдайда балаларда көбінесе зерделі, жаңалыққа құмар болып өз бетімен шешім қабылдаса, ол басқа жағдайда кейбіреулер жауапсыз бала болып келеді. Осындай көрсетілімдер әртүрлі жағдайға байланысты пайда болады, олардың көпшілігі немесе керісінше азы тұйықтау болып келеді, ол ұзакқа созылады немесе қысқа уақыт ішінде өтеді. Қатысуышы өз-өзіне сенімсіз, тұйық болады немесе басқа біреудің көмегіне жүреді.

Ата-ана және мектеп – тәрбиенің маңызы болып келеді. Мектептегі тәрбие басқаларға өзінің жалғасуышылығымен, әртүрлі бейнеллілігімен, мақсат қоюышылығымен болашаққа бүгіннен дайын болу және соған қатысты тоқталу қажет.. Оқушы бейнесі рухани тұғыдан бай болуы ол ата-ана мен мектепке байланысты. Сонымен қатар оқушыға өзінің дұрыс жасай алу, өзін-өзі анықтауға көмек беру[1].

Балалық немесе мектепішілік шакта – жай ғана әлеуметтік орта емес, ол арнайы әрбір балаға әсер етуі мүмкін. Өйткені бұл – әрбір жеке тұлғаның байлығы. Ұжым бірлестігі білімімен, жасай алу қабілетімен, әр ұжымдағы жеке тұлғаның іс-әрекетін білдіреді. Баланың өмірде қалыптасуы, соған орай оның ақыл-ойының бұзылуы ұжымға байланысты болып келеді.

Балалар ұжымын тәрбиелеу оның іс-әрекетін және жоспарлы түрде орындау тәрбиешімен, тәрбиеленушімен және оның отбасының қарым-қатынасына байланысты.

Ұжым бір қалыпты жағдайда да қын жағдаймен үйренеді, балалардың ойлау қабілеті тәмен, олар өз пікірін толық жеткізе алмайды. Балаларға ұжымдық іс-әрекетті үйренуді ұйымдастыру қажет, себебі оларда эмоционалды ойлау, қарым-қатынас қабілеті

қалыптасады. Сонда ғана олардың ойлау қабілеті мен іс-әрекетін түсінуге болады [2].

Арнайы мектептегі ұжымды қалыптастыру жолдары:

- әр баланың мүмкіндіктерін зерттеу;
- балалар ұжымының құрылымындағы нақты тұлғаның мінезін анықтау;

- қолжетімді ұжымдық іс-әрекетті қалыптастыру;
- тәрбиеленушіге эмоционалдық көніл-күй жасау;
- қарым-қатынас құрылымдарын зерттеу;
- ұжым талаптарын мәлімдеу қалыптастыру;
- қарым-қатынастарын қалыптастыру;
- окушылардың деңгейн бөле отырып, тапсырмалар дайындау.

МШ балалар ұжымының сипаттамасы:

- балалардың ұзақ мерзімде күнделікті бірге отыруы, араласуы;
- ұжымдық іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;
- орындалып отырған іс-әрекетімен оку, еңбек, ойын, қоғамдық қарым-қатынас процес қалыптастыру.

Арнайы мекемелерінде окушылардың құрамы клиникалық-педагогикалық көріністері мен интеллектуалдық әр деңгейлері бойынша әртурлі балалар болып табылады.

Балалар ұжымында түрлі ақыл-ой интеллектісі бұзылған балалар, деменциямен шизофренияның түрлі формаларымен ауыратындар, күрделі емес ақыл-ой кемістігі бар балалар ұжымда болуы мүмкін. Осылардың бәрі интеллектісі бұзылған окушылар ұжымын құрайды.

Ақыл-ойы бұзылған балалардың психологиялық танымдық процестер ерекшеліктері ескеріледі, бірақ олармен жұмыстың негізі ретінде ұжымның жалпы педагогикалық бірлігі құралады. Ұжымда балалардың саны 12-ден көп болмауы қажет.

Педагогикалық тәжірибеде ұжымның алғашқы белгісі болып ұйымшылдық қалыптасады. Педагогикалық ұжымды алғаш болып зерттеген Я.Л. Коломинский, В.П. Сергеева болып табылады. Ұжымның ұйымшылдық болуы үшін келесі кезеңдер қажет:

- балаларға кімнің ықпал жасайтынын белгілеу;
- топ ішіндегі қатынастардың өзін бағалау, ол өз кезегінде сенімді қарым қатынас құруға септіген тигізеді [3].

Көптеген зерттеушілер ұжымды құрастыру жолындағы қадамдарды саты ретінде қарастырды А.С. Макаренко немесе кезеңдер ретінде Степанова қарастырып зерттеді.

Арнайы мектептегі ұжымның даму кезеңі өте ұзақ, ал бір кезеңнен келесі кезеңге өту жалпы мектебіне қарағанда күрделі процес.

Арнайы мектеп балаларының ұжымының түзету – тәжірибелік мүмкіндіктері зор, олар берілген ұжым мүшелерінің тұлғалық

қасиеттерімен шартталған. Осы мәселені ұстаздарменмен жұмыс жасаған кезде ескеру керек. Баланың бойына еңбек және ойын іскерлігі әрекеттік балаға әсер етеді. Ойын мен еңбек әрекетінде ақыл-ойы бұзылған балаларда жолдастық, өзара көмек көрсете білу сезімдерінің қалыптасуына жағдай жасалады, ұжымдық қарым-қатынас мүмкіндіктері жақсарады.

Арнайы мектептің окушылар ұжымының құрылымы өте күрделі.Олар:

- сыныптық ұжымдағы әртүрлі жастағы балалар құрамы;
- кемістіктерінің бірдей емес күрделілігімен ерекшеленеді.

Арнайы мектептегі окушылар ұжымының негізгі болып оку немесе тәрбиелік топ – балалардың аз көлеміндегі топтар болып табылады.

Ақыл – ой аздығы бар балалар арасында микротоптар азырақ кездеседі, негізінде жоғары сыныптарда, тұрмыстық, әлеуметтік бірлесу негізінде ұжымдастыру қажет. Коррекциондық мектеп жағдайларындағы микротоптардың пайда болуының ешқандай маңызды болмайды. Микротоптың әрекеттері сыныптық – топтық ұжымның араласуына ылғи сәйкес келмейді.

Қорыта келе арнайы білім беру жағдайларында белгілі бір себептерге байланысты кейбір балалар (бала – жалғызбас) ұжымында мүше бола алмайды. Негізінде бұлар күрделі құрылымды кемістіктері бар, мінездерінің, эмоционалдық – ерік сфераларының өткір бұзылыстарымен ерекшеленетін балалар болып табылады. Бірақ бұл балалар ұжымының мүшесі бола алмайды деген сөзге тірелмейді. Тәрбиеші балалар үшін ұжым ішінде бала өзіне, тәрбиешіге сенімді, өзін жайлы сезінуі үшін, құрдастарымен ұжыммен қарым – қатынас жасай алуы үшін, өзінің және достарының жетістіктеріне қуана алуына жағдай жасауы қажет [4].

ӘДЕБІЕТ

1. Специальная педагогика. Н.М. Назаровой. - М., 2001.
2. Кульневич С.В. Воспитательная работа в современной школе. - М., 2000.
3. Шаппова Л.В. Средства адаптивной физической культуры. - М., 2001; Малер Г.В. Цикото. Воспитание и обучение детей с тяжелой интеллектуальной недостаточностью. - М., 2006.
4. Измайлова Ж.Т., Туралина Г.Б., Абилева С.А. Олигофренипедагогика негіздері. - Павлодар, 2012.

РЕЗЮМЕ

Детей с незначительной степенью умственной осталости нуждаются в специальных методах, приемах, приемах и средствах обучения, учитывают особенности их психического развития.

Возможно включение двух-трех детей с незначительной степенью умственной отсталости в коллектив normally развивающихся сверстников.

SUMMARY

Children with an insignificant degree of mental rest need special medodah, receptions, receptions and means of training, take into account the peculiarities of their mental development. Perhaps the inclusion of two or three children with a slight degree of mental retardation in the team normally developing peers.

ОРТА БУЫНДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ФАРМАКОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Ербошаев Сәндібек,
фармакология пәнінің оқытушысы,
«Болашақ» медицина колледжі*

«Болашақ» медициналық колледжі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінің 2013 жылғы 29 тамызда берген №13013629 мемлекеттік лицензиясы негізінде «Емдеу ісі», «Мейірбикелік іс», «Стоматология», «Фармакология», «Лабораториялық диагностика», «Гигиена және эпидемиология» мамандықтары бойынша орта буын медицина мамандарын дайындайды.

«Болашақ» медициналық колледжінде 1500-ден аса студенттер оқиды. Ұжымда фармакология пәнінен бірінші санатты дәрігерлер мен фармацевт провизорлар жұмыс жасайды. «Фармакология негіздері» пәнін оқыту үшін барлық жағдайлар жасалған. Симуляциялық орталық пен пәнге негізделген дәрісханалар заманауи талаптарға сәйкес жабдықталған.

Студенттерге «Фармакология негіздері» пәнінің мақсаты және міндеттері толық түсіндіріледі. Яғни медицина қызметкерлері маманының құзіреттілігі негіздерін қалайды. Студенттерде дәрілік заттар әсерінің жалпы занылыштырылған туралы, олардың фармакодинамика мен фармакогнозия құзіретке алып шеберлікті қалыптастыру, түрлі ауруларда пайдаланылатын дәрілермен тиімді тандауды қамтамасыз ету, жағымсыз әсерлері байқалғанда қажетті көмек көрсету түсіндіріледі.

Рецептерді рәсімдеу мен рецептерді жазу үлгісін құрудың жалпы принциптері мен латын тілі оқып үйретіледі. Заман талабына сай латын әліпбіне көшу процесінде кеңінен танымалдықпен жүзеге асырылатын, медицина мамандары міндетті турде игеретін «Латын тілі» пәнімен сабактар үйлесімділікпен жүзеге асырылады. Дәрі – дәрмектер түрлері және оларға рецептер жазу тәсілдері латын тілі арқылы жазылып, машиқтану жұмыстарынан жетістіктері көрініс табады.

Тиімді дәрі түрін тандауды оқып үйрету, рецептерді түрлі дәрі дәрмектер тізімінен, олардың қолданып жүрген алдыңғы артықшылығынан, езара алмастыра алатындығын және анағұрылым жиі қолданылатын препараттарынан хабардар болуға

қалыптастырады. Студенттер арасында дәрі-дәрмектердің негізгі топтарының фармакологиялық қасиеттері, қолданылу көрсеткіштері мен кері көрсеткіштерін нұсқауда, дәрі дәрмектерді енгізу жолдары мен тәсілдеріне, дәрі-дәрмектердің жағымсыз әсерлерін түсіндіру мақсатында әдістемелік нұсқаулықтар мен дәрілердің топтарына көрnekіліктер жасалынды.

Дәрі-дәрмектердің нұсқаулықтары, рецептің түрлері студенттерге беріліп, арнайы тақырыпқа сәйкес әрбір студент берілген дәрі – дәрмектерге рецептерді жазып үйренеді және дәріханада жұмыс барысында көрсетіп тәжірибе алмасады. Дәрілік түрлерге сәйкесарнайы рецепт бойынша студенттердің өзіндік жұмыстары дайындалады.

Қорыта келгенде, қазіргі нарықтағы дәрі – дәрмектер дәрігерлерге, тұтынушы адамдарға тиімді блуы үшін жас фармацевтерге және орта буын медицина мамандарына фармакологиялық ойды жетілдіру басты міндет болып табылады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье указывается огромное значение преподавания дисциплины «Основы фармакологии» при подготовке медицинских работников среднего звена общей лечебной сети.

Дает объяснение целей и обязанностей дисциплины, информирует о номенклатуре лекарственных средств, показания и противопоказания лекарства для назначения больным. В случае побочных явленийказать доврачебную медицинскую помощь, больным, своевременно вызвать врача в экстренных случаях.

SUMMARY

This article points out the great importance of teaching the discipline «Fundamentals of Pharmacology» in the training of mid-level medical personnel.

Gives an explanation of the goals and responsibilities of the discipline, informs about the nomenclature of drugs, indications and contraindications of drugs for the appointment of patients. In case of side effects, provide first-aid medical care to the sick, promptly call a doctor in case of emergency.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗЫМ ТУРАЛЫ ҚОЛЖАЗБА

*Тәжімбетов Жақсыбай,
арнайы пән оқытушысы,
«Болашақ» медициналық колледжи*

Бұл өмірде жұмыр басты пенденің бәрі қонақ екен. Бұл туралы көп ойланып бір басында темір ұстасы, ағаш ұстасы, қол өнер шебері Тәжімбетұлы Смағұл әкем тұрса, екінші жағында дәрігерлік тәжірибемді дамытуға көп көмегін аямаған ұстазым Жолданбаев Толқынбай ағай болды.

Алматы медициналық институтын жаңа бітіріп келгенде жас дәрігерге тәлім берген, Толқынбай Жолданбаев ағамыз туралы естелік ретінде, алғашқы ұстазым деп танығаным, дәрігерлік кеңесін аямаған аbzal жан, ақар тау азamatты айтамын.

Жолданбаев Толқынбай Жолданбайұлы 1942 жылы 1-ші желтоқсанда Қарақалпақ АССР-і Ушсай портында кедей шаруа, теңізші жанұясында дүниеге келген. Әкесі балықшы күн көріс үшін ауыр тірлікпен өмір сүріп, ауырып дүние салған. Анасы баласын мен қызын алып Арап қаласы, Сольтрест қыстағына көшіп келеді, жеті жасында баласын мектепке беріп, 1959 жылы онжылдық мектепті бітіреді. Арап қаласындағы «Автобаза» мекемесінде З жылдай көлік жүргізуші болып жұмыс жасайды. Анасымен ақылдасып Алматы медицина институтына түсіп, дәрігер болуды армандаған жас жігіт 1962 жылы Алматы Медицина институтының емдеу ісі бойынша оқуға қабылданады, оны 1968 жылы терапевт дәрігер мамандығын алып шығады. Еңбек жолын Қызылорда облыстық ауруханасында дәрігер-терапевт болып бастайды. Содан кейін Қызылорда облыстық ауруханасында патологиялық-анатомиялық бөлімшесінде бөлім менгеруші қызметтерін абыраймен атқарады. 2000 жылы Қызылорда облыстық патология бюро бастығы болып тағайындалады.

1968-2002 жылдар аралығында бұл дәрігерден қанша жас мамандар, лаборанттар дәріс алды облыс, аудан, ауылдық емханаларда қызмет атқаруда. Сонымен қатар, Қызылорда медицина колледжінде патологиялық анатомия пәнінен сабак беріп, неше түрлі аурулардың алдын алу мақсатында республикаға, ТМД елдерінде дәріс оқып, білімін жетілдіріп, Қызылорда облысының медицина саласының өркендеуіне өз үлесін қости.

Адал еңбегінің нәтижесінде «Емдеу ісі үздігі» медалымен, Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Талмай еңбектенудің арқасында Толқынбай Жолданбайұлы біраз табыстарға қол жеткізді. Атап айтсақ, облыс көлемінде біріккен прозектура ашты. Оның нәтижесі 61%-91% жетті, клиникалық, патология-анатомиялық диагностикасының арасында айырмашылық анықталды. Бұл көрсеткіш одақ көлемінде 12% жетті. Жыл сайын операциялық және секциялық саны көбейді. Ғылым мен тәжірибедегі гистиологиялқ кесінді қолданудың саны артты. Толағай табысты жұмыстар атқарған абзal дәрігердің еңбегін мақтан тұтамын.

Т. Жолданбаевтың тікелей қатысуымен және белсенді араласуымен жыл сайын облыстық, қалалық, аудандық емдеу мекемелерінде осы сала бойынша клиникалық анатомиялық конференциялар үйымдастырылып, онда дер кезінде білмеу, емдеудегі кемшіліктер т.б. мәселелер туралы сөз қозғалып тың ұсыныстар, пікірлер айтылып, жинақталып отырады.

Т. Жолданбаев онкология және радиология институтының сырттай аспиранты болып тұрғындарының өнеш, тамақ жолындағы морфологиялық ерекшелігін жан-жақты және терең зерттеумен айналысты. Жыл сайын операциялық және секциялық биоптаттар яғни, биопсия саны көбейді. Ғылым мен тәжірибедегі гистологиялық кесінді (рез) қолданудың сапасы артты. Ол осы саладағы бірнеше құнды мақалалардың авторы болды. Өзінің қызметінде ұдайы теориялық және тәжірибелік білімін жетілдірумен болды. Ленинград қаласында білімін жетілдіріп, республикалық онкология және радиология ғылыми зерттеу институтында, Алматы мемлекеттік медицина институтында және басқа да мамандандырылған қалаларда яғни, Ташкентте, Харьковте бірнеше халықаралық семинарлар мен конференцияларда баяндама жасады. Одақтық патология-анатомия проблемаларына арналған кеңесте бірнеше рет қатысып, ел медицинасының дамуына үлес қости.

Т. Жолданбаевтың тікелей қатысуымен және белсенді араласуымен жыл сайын облыстық, қалалық, аудандық емдеу мекемелерінде осы сала бойынша клиникалық-анатомиялық конференциялар үйымдастырылып, онда дер кезінде білмеу, емдеудегі кемшіліктер, алдын алу жұмыстары сияқты мәселелер туралы сөз қозғалып, тың ұсыныстар, пікірлер айтылып жинақталып отырды.

Ақ халатты антына адал азаматтың, жазушылар тілімен айтқанда, Тау-тұлғаның шәкірті болғаныма ризамын. Өзімде жас буын медицина саласында оқытып, тәрбиелеп жатқан шәкірттерімнің адад дәрігер боларына үмітпен қараймын.

РЕЗЮМЕ

В этой статье автор рассказал о медицинских трудах по обучению молодых специалистов обо всех заслугах первого

патологоанатома Кызылординской области врача Жолдынбаева Толкынбая Жолданбайулы своего первого педагога.

SUMMARY

In this article told about medical works on training young specialists about all the merits of the first pathologist of the Kyzylorda region doctor Zholdanbaev Tolkynbay Zholdanbayuly of his first teacher.

ФИЛОЛОГИЯ

**ЖАҚСЫЛЫҚ РАХМАТУЛЛАНЫҢ «АЛТЫН КҮРЕК»
ХИКАЯТЫНА ӨЗЕК БОЛҒАН ӨМІР ШЫНДЫҒЫ**

*Тайманова Сара Тамшыбайқызы,
филология гылымдарының кандидаты,
доцент, «Болашақ» университеті;
Сәдуахасова Гаухар Женісқызы,
«Бастауышта оқыту, өнер және спорт» кафедрасының
доценті,
«Болашақ» университеті*

«Тәуелсіздік жылдары» деп аталатын кезеңнен басталған жаңашыл пайымдаулар рухани түрлеудің жана бір кезеңі болды да қазақ әдебиетіне көркем ойлаудағы жаңа ұстанымдарды алып келді. Қазақ елінде болып жатқан түбекейлі өзгерістер әлеуметтік рухани, мәдени өмірімізді жаңа белеске шығарды. Ол көбіне әңгіме жанрында жиі көрінді.

Қазақ әдебиетінде әңгіме жанры XX ғасырдың бас кезінде-ақ күрт дамыды. Оның басында Ж.Аймауытов, Б.Майлин. М.Әуезов, Ф.Мұсірепов тағы басқалар тұрды. Осы қаламгерлердің қайсыбір әңгімесіне үңіліп, талдай бастасаңыз қоғамдағы өзгерістерді танисыз. Алдыңғы толқын қаламгерлерде кездесетін осы үрдісті Жақсылық та өз шығармаларында шебер пайдалана білген. Шағын әңгіме арқылы ұрпақ санасына қазақ ұлтының ғасырдан келе жатқан арманы бостандықты, тәуелсіздіктің қадірін түсіндіруге ұмтылады. Әңгімені үстірт оқымай, оның астарына үңілсек осыны аңғарамыз.

Жазушы әрбір кейіпкерін, яғни қоғамның әрбір мүшесін өз бітім- болмысымен сомдады. Әрқайсысы өзінше бір әлем, олар жинақтала келе өз уақытының картинасын, қоғамның шағын моделін жасады.

Руханилықтың негізгі келбеті – адамның өз бойындағы барлық жақсы қасиеттерін әлемге паш етуге дайындығы, яғни ақылын, дарынын, қабілетін, шеберлігін, ішкі нұрын, жүрек жылуын адамдарға, табиғатқа, ғаламға беруге ұмтылысы. Осындай ұстанымдар басымдық танытқанда ғана адам рухани дамудың жолына түсті деуге болады.

Руханилыққа негіз болатын салаларға төмендегілер жатқызылады: білім, имандылық, мораль, эстетика, философия, еркіндік, шынайылық, өнер, шығармашылық т.б. Қазіргі таңдағы бүкіл ұлттық идея, әрине, білім болуы қажет. Шынайы білім. Бұл – мемлекеттің және әрбір ата-ана, отбасының жұмысы. Білім – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Қаламгер Жақсылық «Алтын күреқ»

хиякайтында еңбек пен зейнетті, әке мен бала арасындағы өнегелі тәрбие мен терең білімді, парасаттылық пен ізгілікті, адалдық пен жылпостықты, жағымпаздықты салыстырады. Қоғамдағы жылпостар жағымсыз іс-әрекетке жақын адамдар - білімі мен түйсігі, танымы төмен, пайымы жоқ адамдар. Олардың бойында тектілердің, өнегелі ел ағаларының ғибраты жоқ. Бұл қоғам үшін өте қауіпті. Қаламгер әңгімесі арқылы жастарды қоғамға жат міnez-құлықтардан, мақсатсыз іс-әрекеттерден сактандырады.

Жазушы ұғымында – адам бойындағы жағымсыз қасиеттер туа бітпеген. Оның бәрін адам тағдыр тәлкегіне түскенде жамап алады. Бірақ қанша дегенмен де адамның аты – адам. Жүргегінде ізгіліктің, жақсылықтың, адамгершіліктің сәулесі бар. Соны таба білу керек. Оята білу керек. Сондықтан да суреткер кейіпкерлерінің де, замандастарының да бойынан осындай қасиеттердің ұшқынын іздейді. «Ел азса – ер тозады, жер азса – ел тозады».

Жазушы әңгімесіне өзек болған жайт өткен ғасырдың 90 – жылдар мен жаңа мыңжылдықтың басындағы елдің жүдеу тыныс-тіршілігі. Оны публицист жазушы жыл мезгілімен үйлестіре суреттейді. Мұндай суреттеу тәсілі ауыз әдебиетінен бастау алады. Қазақ әдебиетіндегі психологиялық параллелизмнің, табиғат суреттерінің озық ұлгісі – Абай поэзиясы. Абай бейнелеген, адам жанымен қабысқан табиғат көріністері кейінгі қаламгерлерге де ұлғі болды. Табиғат суретінің өрілуі әр қаламгердің өскен ортасы, қоршаған табиғатына және сол табиғатты қабылдауына, жаратылысына, міnezіне байланысты. Жақсылықтың да «Алтын күрек» хикаятында да табиғатқа табыну сенімдері мен көзқарастары көрінеді. Мысалы: «Ауа салқын тартып, аспанды сұрғылт бұлт басқан қыстың басы. Тасбөгеттің көшелерінде өткен-кеткен адамдардың қарасы сирек. Бұрын осындағы ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметінде жүргенінде кенседе де, сыртта да абыр-дабыр тіршіліктің көрігі қызып, оны-мұны құйттеген кәрі-жастың қатары қалың тәрізді еді, енді соның бәрі жым-жылас жоғалып, беймаза өмір ағысы бір ауық сабасына түскен дариядай бұйығы міnez тапқан сыңайлы. Әлде мұның көнілі солай ма? Не дегенде де аудан орталығына оқта-текте бір келетін бұл үшін мұндағы тірліктің қызуы басылып, қызығы сарқылып қалғандай кейіп береді.

... Өзбекбай аудан орталығынан қоныс аударған бір жылдың жүзінде кәдуілгі ду-ду сапырылысқан құба мезгілдің міnezі қасаң тартып, құны түскен жоқ шығар, қайта сол жауқашты уақыт бұл білмейтін сыр-сымбат, құпия тылсымымен терең тамырлап, өзгеше құбыла бастаған болар. Әлбетте солай. Аудандық әкімшілік үйінің алдындағы алаңқайды қашан көрсөн де әр түрлі машинелер қаздай тізіліп тұратын, жалауы желбіреген ақ үйдің есігінен кіріп шығып жатқан адамдардан көз сүрінетін. Тіпті, көптен хабарсыз кеткен

таныстарынды да осында үшіратьп, қауқылдаса қауышып қалатынсың. Эр құлы жиналыс, бас қосу мен кездесулер бірінен кейін бірі өтіп, уақытыңың қалай зырлағанын да байқамайтын сэттер-ай, шіркін...» [1, 70 б.].

Немесе, машинада келе жатқан Оңалбек артқа қарап:

– Біздің Жәкең ырым-жырымды көп айтатын тақуа болған...

Партияның уағында жазатайым құдайды аузына алғандарды қызыл билетінен айырды, бата-тілек айтып бетін сипағанды маңынан қуды, ал, қазір өзі ораза тұтады, қайыр-садақаға да қолы ашық деп естімін. Бұл да болса екінің бірінің қолы жете бермейтін биіктік. Неге десеніз. Ол қолдау күткендей Өзбекбайға жүзін аудара сөйлемді. – Біраз кадрлар суатқа бір ізben барып, бір ізben кері қайтатын үркек киіктердей дағдылы жолынан ауытқудан қорқа соғып, бүгінгі нарықтың қым-куат тірлігіне араласпай, ошарылып қалды. Ал, Жәкең сан шытырман соқпақтан өткен айлалы арлан тәрізді, әр кезде мылтықтың ұнғысы кезелген тұсты бұрын бағамдал, одан айналып өтеді де, діттеген жеріне жетпей тынбайды.

– Иә, «заманына қарай адамы» деген. Сұлы жерден аттап өтетін Жәкеңдерді де мың құбылтып қойған уақыттың әлегі ғой. Әтпесе біз құсап, қазы-карта, жал-жая жеп саяжайда жатпас па? Бірақ, кезінде құдайшылардың соңына құрық алып түсіп, енді қолына тәспі ұстағанын тәнірім қабылдаса жарап...

– Эй, Өзбекбай, Оңекенің жол қысқарсын деп айтқан қалжының пайымдасаң нетті. Анау, құрдасың Әбсәми екеуің қоғамның жұмысын ысырып қойып, қымыз-қымыран ішіп, домбыра шертіп жата беріндер. Мен оған жатпын, бойда қуатым сарқылмаса, қызығым да, шұжығым да – халыққа қызмет.

«Партияның ішіндегі алауыздық барған сайын тереңдеп, Мәскеу билігі әлсірей берген-ді. Аудандағы комсомол ұйымына ие болмақ былай тұрсын, «құдіретті» Орталық Комитеті өзінің коммунистеріне пәрменін жүргізуден біржола айырылды. Мың күн сынбаған шөлмек осылайша бір күнде быт-шыты шықты. Қазақ халқы аңсаулы тәуелсіздігіне жетті, ақ түйенің қарны жарылды» [1, 115 б.].

Міне, осы диалогтағы және авторлық баяндағы өмір шындығы әдеби туындының бастау көздері болып табылады. Әлеуметтік өмір, саясат, халық тұрмысы – бәрі де өмір шындығын танытатын жағдайлар. Ешбір жазушы өмір шындығынан, оның нақты болмысынан алшақ кетпейді. Ал осында өмір шындығын беруде Жақсылық тұра көшірмелерге не болмаса жасанды тіршілікке ұрынбай жазды.

Шығарма оқырман үшін тартымды, рухани ләззатка бөлейтін, тәрбиелік-танымдық қасиеті мол адамның дүниеге көзкарасын қалыптастыратын, өмір сырларын ашатын өнер туындысы болуы қажет. Сонда қаламгердің қоғамдық позициясы, идеясы анықталады.

Осыдан келіп, өмір шындығын жазушы, суреткер, ақын шеберлікпен игеріп, оны көркем шындыққа айналдырады. Көркем шындық – өмірді образды түрде бейнелеп, оны озық көзқараспен, жоғары эстетикалық мақсат тұрғысынан терең ашу. Адам үшін маңызды деген жайларды типтік дәрежеге көтеріп, бейнелеу десек, хикаяттағы Жақсылық, Өзбекбай да, Оңалбек те типтік дәрежеге көтерілген бейнелер.

Жақсылық – кеңес заманында халықтық бақылаудың жалаңтөс сардары болған, партияның талабын мұлтіксіз орындайтын кадр. Жылпостиғы да жоқ емес. Бірде аупарткомның бірінші хатшысы Жақсылық пен Өзбекбайдың есік алдында әлдені әңгімелеп мәз болып тұрғанын көреді, бірақ олар өздерін хатшының көргенін аңғармай қалса керек. Кейін оңашада басшы халықтық бақылау комитетінің тәрағасына «бюородағы айқайың құр қөзалдау екен, есіктен шыға деректірлермен әмпей-жәмпей құшақтасып кететінің бар, арамтер болып несіне сынайсың?» деп қатты кейіпті. Жақсылбай не десін, «сыналғаның бәрімен қайта сыйласпасам, шошайып жалғаз қалмаймын ба?» десе, әміршісінің ықыласын сұбытып алудан қаймығып «менікі саясат қой, Нәке-ау, іші-бауырына кіріп пиғылын білсек, кейін тоқпақтауға жақсы болмай ма...» деп уәж тауыпты. Осы бір детальдің өзінен Жәкеңнің қандай адам екенінің бет-пердесі ашылады. Қандай бір қоғам болмасын Жәкендер аз болмаған. Автордың тақырып аясы кең, тек тұрмыстағы ғана емес, қызмет бабы жағдайындағы жарамсыз жайлар да орынды сыналады.

Әңгімеде жазушының негізгі ой жүйесін анықтайтын кейіпкерлерінің бір парасы – «адамның басы – Алланың добына» айналғанда адам табиғатының қалай қырық құбыларын, өзгерерін, жалпы адам баласының жабы, жәутік болуындағы қоғамдық-әлеуметтік атмосфера- жағдайдың рөл үлесі, адам мінезіндегі олқылықтың тұп-тамыры қайdan туындағынын аңғарасын. Жәкендер арқылы қоғамның тынысын аңғарасын. Кейіпкер еш боямасыз, қарапайым қимыл-әрекетімен есте қалады.

Шығармада адамдық-азаматтық сана – зерде, сезім-қүйдің әр деңгейінде кеіпкерлер арқылы көрініс береді. Соның бірі – Өзбекбай. Өзі малшының баласы. Ауыл шаруашылық техникумын бітірді. Ол орда бұзар отыздың ортасында Киров атындағы колхозға тәраға болып сайланған. Одан бұрын үш жылдай шаруашылықта агроном болды. 17 жыл үздіксіз колхоз басқарды. Өзбекбай осы жылдар ішінде осы жердің бұйырған дәмін татты, сұын ішті, елдің жақсылығына бірге қуанды, қайғысына бірге күйзелді, өмірдің алға тартқан сыбагасын әрдайым тең бөлісуге тырысты. Осы қызметке аупарткомның бірінші хатшысы Қонысбек жібергенде оған іштей ренжіген. Өзагаңның өкпесі тарады. Киров колхозының халқы да оны жатсынбады. Іскер маман басқарған колхоз шаруашылығының бағы жанып, абыройы асты. Өзін тәрбиелеген ағалардың мәртебесі биіктей

түсті. Өзбекбай өмір жолында құдіреті күшті тәнірдің өзіне тумысы бөлек тектілерді кездестіргеніне ғұмыр бойы риза. Олардың әрбірі бұл үшін сәулесі алысқа тараған шырағдан, тарихтың тұнып тұрған шежіресі, көшелі кісіліктің бекзаты. Елге ненді сініріпсің? Еңбегің не? Қалай айтсан да еңбек – ниет пен қолдың қаруы, құректің атауымен өлшенетін азап пен тер емес пе? – дегенде Өзбекбай туралы жауап береді.

Өзбекбайдың әкесі Қали Ленин орденді малшы болатын. Жеті ұлдың әкесі, үш ұлы соғыстан оралмады, екеуі ерте кетті. Ендігі қалған екі баласы Өзбекбай мен Әбутәліп абырайлы, еңбекпен ерте жетілді.

Өзбекбай қатардағы агрономнан, беделді аудан басшысының біріне көтерілді, қоғамдық жұмыс төркінінде жұмысшылар комитетін басқарды, алдымен ауылдық, сосын аудандық кеңеске депутат, аупарткомның пленум мүшелігіне сайланды. Осы абырай мен беделді ол өз-өзінен тапқан жоқ, оған ісіне мығымдығы, ортасына жайлы қарым-қатынасы, мінезінің жағымдылығы арқасында жетті. Жігерлі, тындырымды, ретті жерінде сөз кезегін жібермейтін, өз ойын батыл айтатын басшы. 12 жылдан кейін ауылға қайта басшы болды.

Хикаяттың негізгі идеясы ауылдың жиналышында сөйлеген Баттал сөзі арқылы беріледі.

– Мың қосшыға – бір басшы деген бар.

Батталдың даусы сенімді, қуатты шықты.

– Домократияны анархияға айналдырып, бас-басымызға би болдық. Жекешелендіруді халықтың мұддесінен алшақтатып, өз пайдамызға қарай икемдедік. Кішкене ауыл жеті кәсіпорынға бөлінді. Ақыр соңында мектеп пен балабақшаға, емхана мен мәдениет үйіне иелік етер қамқоршы, кәрі-құртанаң, кемпір-шалдың отын-сусы мен асқатығына жәрдемдесетін, көңіл-күйін сұрайтын, жақсылы-жаманды әр қылы бас қосуда ағалық жасар қайырымды жетекші таппай жаутаңдал қалдық. Кәсіпорын басшылары бірін-бірі тыңдай бермейді, дүниемүлікті бөліп-бөліп алды да бет-бетімен тірлікке көшті, тапқан пайдасы қандай, онан ауылдың әлеуметтік жағдайын көтеруге не берді, бұжырынан қарындастық немесе серікtestіk күрсак, оған тәжірибесі мол, көргені көп, осы ортаның арғы-бергі сырына қанық естияр жанды басшы етсек, әне, сонда ғана көзіміз ашылады. Біреудің өзі жақсы, біреудің сөзі жақсы, айналып келгенде ағайын-туыстың бәрі алтын, бәрі күміс деп бес-алты жылда біраз азаматты хан көтеріп, таққа мінгіздік. Анығын айтайық, солардың бірде-бірі қызметін ондыра алмады, машине мінгеніне бөркі қазандай болып, әбден дандайсып кетті. Деректірлік лауазым саудаға салар зат емес, енді ырың-дырың әостекі сөзді қояйық, Мені тындасаныздар, бұл жұмыс бір ғана кісінің қолынан келеді, ол – анау Өзбекбай. Бір уақта ауылды

жер кепеден шығарып, тәуір үйге кіргізген, дәл осы клубқа дейін тұрғызып, ортамызға мәдениеттің пілтесін тұтатқан, шаруашылық атын республикаға дейін танытқаны үшін орден алған Досмағамбетовты бәріміз де сыйлаймыз. Басымен алысқан баладан, жөн білетін аға артық. Өзбекбай көптің тілегінен аттап кетпес, келісер [1, 124 б.].

Кейіпкерді даралау, мінездеу барысында эпикалық баяндаулар мен ішкі монологтар кезектесе қолданылады. Авторлық баяндау мен кейіпкер жан әлемі толғаныстарының қосыла өрілген болмысынан шындық пен қиял тоғысуы сарыны аңғарылады.

Ж.Рахматулланы толғантқан кесек проблемалардың бірі – ұрпақ тәрбиесі. Ұлт болашағы – жас ұрпақ. Олар ана тілінен сузындарды, ана сүті мен әке тәрбиесі арқылы бойына ұлттық рух сініреді. Тіпті елдің, жердің, ата-ананың алдындағы борышты жоғары сезінген жазушы кейінгі толқын жастар тәрбиесін де ұмытпайды. Оны Өзбекбайдың баласы Марат образы арқылы береді. Марат бейнесі арқылы тек әкенің ғана болашағы емес, қоғамның келешегі осылардың қолында дегенді аңғартса керек.

Кенес дәүірінде бар билік компартия басшыларының қолында болды. Сондықтан әкімшілік- әміршілік жүйенің белен алған шағында да Марат әке абыройына нұқсан келтірген жоқ. Хикаяттағы Марат бейнесі де шынайы шыққан образ.

– Мәшине сынаушылар түгел қолдап жатса қарсылығым жоқ,-
деді ол. – Алайда менің сізден өтінерім бар. «Самалды» өзінізге тапсырамын, «аудандық ауыл шаруашылығы басқармасын билеп отырған әкесіне арқа сүйейді» деген өсек-аяңға ілікпеймін.

– Сен ел басқаруға жарап жатсан, мен үшін қуаныштың қекесі сол... Экологиялық жеңілдікпен зейнеткерлікке шығып, шаруамен айналысамын. Саған салмағым түспейді, ісіне араласпаймын, не көрсөң тағдырыңнан көресің [1, 122 б.]. Марат директорлықта көпшілік дауыспен жеңіске жетті. Өзбекбай дербес зейнеткер қатарына қосылды.

Хикаяттағы авторлық ой қорытынды:

«Дария ғұмыр ағысы толқындай тулап, жөнкіле жосып тым алыс, тым жақын тылсым дүние мұхитына қарай тынымсыз зымырайды. Өзбекбай ұлы Маратпен бірге болмыстың бар бейнетін иыққа артып, қызуы шоқтай маздаған үмітті тіршіліктің ырқымен, қайың қайық тағдырының ескегін қолынан сузытып алмай, аңсаулы жағалауына жетуге асығулы. Үзілмеген армандар әкеден балаға, баладан кейінгі ұрпаққа жалғанса дүние жалғанды тәрк етер-ау» [1, 127 б.], - деп баяндалады.

Жақсылық Рахматулла – қысқа жазудың шебері. Ол не жазса да осы қағидамен тыныстайды. Жазғаны қарапайым, қарабайыр болып көрінгенмен, жасанып шығады. Оның сырын түсіну қын емес. Ол

оның – халықшылдығында, ұлтжандылығында. Қысқа жазу дегенде туындының көлемі емес, әр сөз бен сөйлемнің әрі қысқа, әрі нұсқа шығатындығын айтып отырмыз. Ол бір сөйлемді бастап соңына шыға алмай жататын, терендеймін деп саяздал қалатын кейбір қаламгерлер қатарынан емес. Ой көбіне жай сөйлем арқылы беріледі. Автор жай сөйлемге құрделі ой тастауға шебер. Бұл ойымызға оның «Алтын қүрек» хикаяты дәлел. Алтын қүрек – адаптация символы.

Ж.Рахматулла қоғамда болып жатқан әлеуметтік жаңалықтарды жіті қадағалап отырды. Қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихындағы елеулі құбылыстар мен кемшіліктерге дер кезінде өз пікірін білдіріп отырған. Соның бір айғағы— Оңалбек бейнесі арқылы беріліп отырады. Әкім Оңалбектің ой-пікірлері қоғамның өзекті проблемалары мен ұлттық сипаттағы рухани даму фактілеріне толы келеді. Күнделікті өмірде болып жатқан шаруашылықтың даму бағыттары идеялық- эстетикалық, жетістіктер- кемшіліктермен қоса қамтылып, сол кезеңнің күн тәртібіндегі зәру мәселелерді көтеріп отырады.

Әкімнің және Өзбекбайдың өмірден көрген-білген, көңілге түйген құнарлы ойлар легі олардың бар болмыс бітімін, бет-бейнесін айқын көрсетеді. Ол ойлар жазушының жүрекжарды рухани мұрасы болып тұрады. Онда автордың ыстығы мен суығы қатар жүрер әдебиет майданындағы қызығы мен куанышы, табыс мен тынысы бар. Келелі пікірлер қорытындысы жалаң берілмей халық қазынасындағы афоризмдер мен мақал-мәтел арқылы да өріліп отырады. Мысалы: Құласаң таудан құла, білікті бірді, білімді мыңды жығады, бітер істің басына, жақсы келер қасына, итке сүйек бір қарыз, қой көрмеген қуалап өлтіреді, дүние бірде алдын, бірде артын берер опасыз, кемеге мінгеннің жаны бір, адамның күні адаммен, жақсылық та, жамандық та өзіңнен, көп айтса, көл, жұрт айтса сен, мың қосшыға— бір басшы, ізетке найза бойламайды, бекіре балықтың басы тасқа тимей қайтпайды, мың асқанға бір тосқан, ағаға қарап іні өсер, жылтыр сөзбен коммунизмге бара алмайсың, аш құлақтан тыныш құлақ, суға салса батпайтын, отқа салса қүймейтін, көп қорқытады, терен батырады, жалғыз ағаш орман емес, қалауын тапса, қар жанаң, жау кеткенде қылышынды боққа шаппа, жібекті түте білмеген жүн етеді, ақыл - жастаң, жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты т.б. Мысалы, «ізетке найза бойламайды» дегені маған инабатың мен ілтипатың бәрінен де қымбат дегенді білдірсе керек. Қысқа, тұжырымды өнегелі сөздер жазушының тіл ерекшелігін барынша аша түседі. Ықшам да дәл, көркем де ойлы сөз оралымдары – автордың ой қазығы, өмір эскизи. Суреткер қаламынан туған қарапайым да сырлы сөздер сырын түгел анғартады, жазушының дара касиетін, өзіндік ерекшелігін айқындаиды.

Хикаят оқиғасына қатысты басты кейіпкерлер бүгінгі абыройына еңбекпен жеткендер. Еңбек адамның образын жазушы Өзбекбайдың өмірдегі білікті ұстаз мамандарының образын беру арқылы да шебер суреттейді. Мысалы, Наги Совет Одағының Батыры, еңбек майданында да білікті басшы, намысты ер. Республикадан елге өкіл болып келген Юсуповтың тірлігіне қарсы батыл ойын айта білді. Автор Нагидың жан дүниесін табиғи етіп ашып беруге ұмтылған. Кейіпкер характерінің әр белесіне сәйкес әр түрлі эпизод, сәтті штрих, детальдарды орнымен ұтымды пайдалана білген. Және оларды бір-бірімен қиуластыра, жымдастыра тұтас ұлттық характер жасаған. Наги шын мәніндегі қазақ батырының бейнесі болып тұлғаланған. Автордың өз пайымдауынша, намыс – адамның жансерігі. Көзге көрінбейді. Жеке жүрмейді. Тым болмаса, көзге көрінетін көлеңке де сияқты емес. Бірақ серік. Мықты серік. Эрине, серігі жок адам қасиетсіз. Бұл пайым ол Нагидың намысты серік еткен, әр уақытта алға жетелеген осы намыс екенін көрсетеді. Оның өнегесі Өзбекбай сияқты жас кадрларға үлгі болды.

Жазушы шығармада өмірдің көлеңкелі жақтарын ашып айтты. Сырттай қарағанда тартыс жоқ тәрізді болғанымен, ішіне үңілсеніз әлеуметтік тартысты, қасиет пен қасіреттің қан жылағанын аңғарасыз. Шығармада жақсылық, ізгілік атаулы көбіне өркеуделік зорлық-зомбылықтан жеңіліс тауып жатады. Бірақ жазушы үшін табан асты жеңістен гөрі адам баласының рухани жеңісі қымбат. Ол рух мықтылығын дәріптейді. Сонымен қатар ақымақты жеңіп, адамзатты парасат пайымымен таң қалдыратын еңбек адамын жоғары қояды.

Сөз құдіретін, ой мен тіл қызметін жете түсінген публицист жазушы дүние жүзі ақыл-ой алыптарының айтқандарындай, шымыр ойлы, сөз байламдары мен салмақты сөз тіркестерін көркем қиуластырып отырған. Ой көркін сөз парқын саралай білетін суреткөр талғамы өте биік.

Жазушы романдағы еңбек адамының бейнесін әдеби дәстүрмен жалғастық аясында бере білген. Оған Өзбекбайды Қонысбек сияқты текті ағалардан алған өнегесі мен тәрбиесі дәлел.

Көркем шығарманың қымбат қасиеті өмір шындығын шебер суреттеумен байланысты. Ж.Рахматулла хикаятында бейнелі тілмен сенімді баяндалған замана шындығы мол. Әдетте, белгілі бір дәуір, халық түрмисы туралы айтылған жалаң тұжырым оқырманды иландыра қоймайды, рухани дүниесін байыптайды. Шығарма құдіреті – өмір құбылысын көркем бейнемен көрсетуінде. Суретпен берілген шындық қана оқырманның көкейіне қонады. Тіршілік сырларын жаңаша танытады. Көркем әдебиеттің өзгеше сиқырлы нәзік сипаты да осында.

Әкім Оңалбектің сөз қадірін пір тұтып, салауатты кеңесті қалайтын мәдениетті, шыдамдылықтың шылбырын қызып жібергендей

сэттердегі парасатты мінезі, күтпеген жерден түйдек-түйдек ой салатын терендігі Жақсыбайлардай көнігі «большевиктердің» іш пыстанын ішінде бұлк-бұлк қайнатқан әңгімесін сыртқа шығармай тұншықтырып жататын. Мәскеуде академияны бітірген, Одақтық комсомол комитетінде жауапты қызмет істеген, кейін обкомның шақыруымен туған жерге келіп, облыстық жастар одағына жетекшілік еткен, облыстық партия комитетінің хатшысы, аудандық кеңестің төрағасы, аупарткомның бірінші хатшысы қызметтерін атқарған. Кіслік келбеті республикадағы зиялы азаматтарға көптен таныс. Автор Оңалбек пен Оразбай қарым-қатынастарының барысында білікті басшының тұлғасын көрсете білді.

Шығарманың идеялық композициялық желісінде арқау болатын ұлттық-отаншылдық, азаматтық, адамгершілік, имандылық қасиеттер хақындағы ойлардың сабактасуы, түйінделуі сондай-ақ жазушының ресми мәдениеттегі қызығынан киіктегі, қаздай тізіліп, айлалы арлан, сұрғылт бұлт т.б. көркемдегіш сөздермен де ойды көркем баяндауы арқылы да тиянақтала өріліп отырады. Қаламгер осылайша өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыра білген.

ӘДЕБІЕТ

1. Рахматулла Жақсылық. Сағым жылдар. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 264 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.
3. Нұрмұратов С. Ұлттық болмыс пен ұлттық сана. - Алматы: Жазушы, 1996. - 185 б.
4. Асылбекұлы С. Қазіргі қазақ повесіндегі заман шындығы 1970-1989. Автореферат. – Алматы, 1997. – 25 б.

РЕЗЮМЕ

В статье авторы акцентируют внимание на мастерстве писателя-публициста земли Сыра Жаксылыка Рахматуллы, способного превратить жизнь в художественную реальность. В центре рассказов писателя - события из жизни страны и народа конца 90-х годов прошлого века и начало нового тысячелетия. Его герои живут и в реальной жизни. Авторы статьи считают, что национально-патриотические, гражданские, нравственные качества, которыми наделены герои рассказов писателя, - хороший пример для подрастающего поколения.

SUMMARY

In the article, the authors focus on the skill of the writer-publicist of the Land of cheese Zhaksylyk Rakhmatulla, who is able to turn life into an artistic reality. In the center of the writer's stories-events from the life of the

country and the people of the late 90-ies of the last century and the beginning of the new Millennium. His characters live in real life. The authors believe that the national-Patriotic, civil, moral qualities that are endowed with the characters of the writer's stories are a good example for the younger generation.

**ЖАҚСЫЛЫҚ РАХМАТУЛЛАНЫҢ «ҚОҒАЛЫ»
ХИКАЯТЫНДАҒЫ ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІ**

Тайманова Сара,

*филология гылымдарының кандидаты, доцент,
«Болашақ» университеті;*

Досманбетова Шолпан Базарбайқызы,

*ага оқытушы,
«Болашақ» университеті*

XX ғасырдың 80-90 жылдары мен XXI ғасырдың бас кезіндегі көркем шығармаларда Қазақстанның жаңаша даму жолындағы өзгерістер тақырып нысанына айналды. Кеңес Одағын құрайтын мемлекеттердің тарихына түбекейлі өзгерістер енді. Олар өздерінің тарихындағы өзіндік өркениет дәстүрлерінің рухани құндылықтарының еткені мен қазіргісі, болашағы туралы мол жазды. Соның бірі – Ж. Рахматулла.

Ж.Рахматулла – публицистика мен әдебиет әлемін қатар алғып келеді. Сыр өнірінің әдебиеті мен өнерінің ыстығына қүйіп, сұығына тоңып, қызығы мен қуанышын да бір адамдай көрген жазушының көнілге түйгені көп. Көрікті сөз бен көркем ойдың, кемел өнер мен киелі дарын иесі өмірден көрген – білгенін өрелі де өміршең ойларға бөлеп, оқырман алдына жайып салады. Аз сөзге көп мағына беріп, қысқа да нұсқа құрылған сөйлемдерден жазушының өмір жайлары, еңбек адамы жайлары жүрекжарды пікірлерінен рухани тазалықты, ой тереңдігін аңғарамыз.

Публицист жазушының «Қоғалы» хикаяты да бұрынғы «Қоғалы көл» ауылы, кейін «Жамбыл» совхозы аталған ауылдың жас директоры Ибраһим Әбібуллаев пен хатшы Талғат Жұнісов және еңбек адамдары Жаңбыrbай Қожауов пен механизатор Гүлнар жайындағы автордың толғанысы десек болады. Шығармаға өзек болған кейіпкерлердің үздіксіз еңбегін, жеткен биігін автор халыққа паш етеді. Олардың іс-тәжірибесін, диқаншылық кәсібін терең зерттеп, бағалайды. Бір ерекшелігі кейіпкерлердің харakterі, портреті жол-жөнекей ашылмай, шығарманың өн бойында біртіндеп өсіп, толысып жетіледі. Автор кейіпкерлерін «былай еді» деп таныстырмайды, оны оқиға қатысына, іс-әрекетіне қарай оқушының өзі танып, бағалайды.

Автордың көтерген өзекті мәселесі:

1. Егіншінің еңбегінің нәтижесінде алынған өнім оның сінірген еңбегін өтей алмайды. Оның себебі – егісті алқапқа қамқорлық жоқ. Топырақ құнарлығын арттыратын ауыспалы егістің көлемі аз.

2. Қайда барсан да көзбояушылық. Құріш егістігінің көлемі ақпарда кем жазылған. Содан шілдеде су тапшылығы туады. Ауыл экономикасын көтерудегі кедергінің бірі – көзбояушылық.

3. Еңбек бөлісінде әділетсіздер көп, олар адамды ақиқат жолынан адастырады. Гектар көлемін көрсетпей аз жерден «рекордты» өнім жинағандар бір жылда қалтасы қалындал, түрмисы түзелді, ал мандай терін сыпрып, адал еңбек еткендердің айлығы айлығына жетпей жоқшылықтың зардабын шекті. Егіннен көз көріп, құлақ естімеген өнім жинау бәсекесі жердің бағын тайдырды.

4. Мамандардың қолында билік жоқ. Агротехника занылышының сақтаудың орнына олар оқтын-оқтын өзгеріп жататын жоспарларды қалай да орындаудың талабымен жалған әдістерге барды. Топырақ, су уланды, одан өскен дән де тәтті дәмін жойды.

5. Агрооқудың сапасын жақсарту керек. Фылым мен озат тәжірибеле ықылас қоятын кез келді т.б.

Жұнісов Талғат – ұстаз, комсомол басшыларының бірі, жас хатшы, ақиқат жолы оны талай от пен судан алғып шықты. Мінезі ашық, принципшіл.

Ибрагим – жас директор, ауыл шаруашылық институтын бітірген жас маман. Ауылға келе екі өзекті мәселені қолға алды. Бірі – Жаңарық каналының құрылышын одан әрі жүргізуңдің көзін табуы еді, екіншісі – ауыл қарттарының басын қосып, совхоздың экономикасын, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін ақыл-кенес сұрауы еді. Оның бұл ісі көптің көкейінен шықты. Бұлар – ауылға жана леп, жана карқын алғып келген басшылар.

Жаңбырбай – егіс бригадирі, зор тұлғалы, қалың қабакты жігіт. Қындыққа қармастан күріштен мол өнім жинады. Еңбек үйімдастырудың мердігерлік әдісіне көшкен бригада жетекшісі. Оның харakterін сөйлеген сөздерінен ой-толғамдарынан анғаруға болады. Мысалы:

– Соңғы жеті-сегіз жылда коммунистің адалдығы жайында бүгінгідей аталы сөзді естіген емеспін. Жиналыш өтіп, қаулы қабылданып жатады, оған өкпеміз жоқ, бірақ әңгіменің бәрі жұмыс жайында болады, ал сол жұмысты орындайтын адамдардың жағдайы қалай, көйлегі көк пе, тамағы тоқ па, отбасы аман ба, көніл қуйі дұрыс па, оны біліп жаткан тірі пенде жоқ. «Үндемеген үйдегі пәледен құтылады» деп, былық-шылыққа төзе береміз. Соның бірі өзіммін. Бұл – менің осалдығым. Ендігі тұста олай болмайды, Қоғалының тағдыры бәрімізге ортақ. Адал еңбекті ауылдың дәулетін көтеруге, бала-шаганың тоқшылықта болуына жұмсайық. Бірлік бар жерде береке бар... [1, 139 б.]

– Мың жарым гектар тегістелген жерді тиімді пайдалансақ, мемлекетке ең кемінде жұз мың центнер өнім өткізе аламыз. Біздің бригада ұжымы гектар түсімділігін алпыс центнерге молайтуға уәде

беріп отыр. Даңғайыр диқан Жақаев айтпақшы: «Егінші – мәрт, жер – жомарт». Екіншіден, экологиялық жағдайды жақсартуды ойласқан жөн. Гүлнар дұрыс айтады. Өнімді көп береміз деп, улы тыңайтқышты есепсіз көп пайдаланатын болдық. Оның есесіне, астықтың сапасын жойдық, қоршаған ортаны зақымдадық... [1, 146 б.].

– Ауданнан, не болмаса совхоз директоры мен парткомнан жарлық күтіп жалтақтамай, өз ұжымымыздың міндетін өзіміз шешейік. Бұл олардың билігін төмендету емес, қайта беделін көтеру, адамдардың еркін қимылдауына мүмкіндік беру. Экологиялық қындықтарды жеңуге ұмтылайық. Шындықтың көзіне тұра қарамай іс бітпейді. Құлық-сұмдық, өсек-етірікпен арымды былғағым келмейді. Мен бұрын қандай бағыт ұстасам, сол бетімнен қайтпаймын,- деді Жаңбырбай [1, 160 б.].

Қоғам өмірін демократияландыру, сын және өзара сынды қүшету, жариялыштыққа есігін жауып алған әкімшілік басқару аппараттарын жаңарту, адам факторын жаңдандыру талаптары күнделікті тіршілікке осындай соңғы жаңалықтар әкелді.

Кеңес заманында күріштен мол өнім алу жолында өмірлік, диқаншылық тәжірибесі мол Ыбырай ақсақалдың өмірден түйгені көп, сондықтан да оның еңбек ету үлгісі, адамгершілік қасиеті өзгелерге, соның бірі қоғалықтандырғандағы өнеге болатын. Диқан көп сөзге жоқ, істін адамы. Диқанның осылай мақсатқа жету жолындағы құштарлығы күн сайын маздалап, сөнбес өртке айналды. Міне, кейіпкердің осындай алға қойған мақсаты мен өзінің кәсібіне шын берілген психологиясын автор Жаңбырбай сияқты ұрпаққа ұлғі-өнеге етеді. «Жалғыз ағаш орман болмас» дегендегі үлкен еңбек жолында Ыбекен де жалғыз емес. Оның жан-жағында өзімен қатар келе жатқан тәжірибелі еңбектес диқаншылар, жастар бар. Соның бірі – Жаңбырбай.

Ойлы да сырлы шығармаларымен қатар мерзімді баспасөзде күнделікті замана проблемаларына үн қосып, өзіндік дара тұлғасын, қолтаңбасын қалдырға Ж. Рахматулланың публицистикалық мұрасы да жеткілікті. «Газет мен үшін академия» деп, ғалым Т. Амандосов айтқандай, бүкіл шығармашылық ғұмыры газет-журнал тіршілігімен тікелей байланыста болған Жақсылық өз кезеңнің көкейкесті тақырыбын орынды көтеріп, оны жүргізумен қарастырып, ол өнгімесінде көтерген мәселесін оқырманға ой салатындей болу керектігіне көп көңіл бөлген. Ең алдымен хикаят тақырыбының қалың жүргізумен үшін маңызды болу жағын қарастырған. Сондықтан да болу керек журналист әрі нақты, әрі маңызды тақырыптарға қалам тартқан. Шанайы өмірден алынған хикаялары оқырманға жақын әрі өткір, тілі жатық болып келеді.

Журналист жазушы әлеуметтік қоғамдық проблема көтеру жолында өмір фактілерін таксеру-зерттеу үстінде сан алуан жайларға кездесетіні мәлім. Міне, осындай зерттеу барысында өмірдің өзі журналисті еріксіз апарып, жалпыға ортақ қоғамдық проблемаға кездестіру мүмкін

«Сағым жылдар» кітабына енген хикаяттар оқырмандарға өмірдің шындығын жеткізеді, халықтың өмірлік курес тәжірибелерін байытып, оны насихаттайды десек, Публицист жазушы – баспасөз арқылы қоғамдағы көкейтесті мәселелерді қозғап, оқырманның ойына ой қосып, көңілін шайдай ашатын ашық, уытты, көркем сөздің иесі. Ахмет Байтұрыснов публи-ситиканы «көсемсөз» деп аударып оның әлеуметтік істерге мұрындық болатынын айтқан еді. Автордың көптеген публистикалық мақалалары ел ішіндегі әлеуметтік – тұрмыстық мәселелерге дер кезінде көңіл бөлгендігін аңғартады. Оның шығармаларынан өмірге етене жақындығы, таным – білімінің жоғары екендігін аңғару қыын емес. Ж. Рахматулла да өмірдегі он өзгерістер мен кемшіліктерге елең етіп, жаңалықтарға құлақ түре жүреді. Оны өз пайым – бағдарымен жүргегінен шыққан сөздерді баспасөз арқылы халыққа жеткізе білді, теренен толғап, көңілге қонымды тұжырым жасай білді.

Еңбек адамын қадірлеу, адам жанын аялау – журналистер үшін үлкен парыз. Көзі қырағы, қаламы жүйрік журналист Ж.Рахматулла қайнаған өмірдің қақ ортасында жүріп еңбек адамдарының көкейтесті мәселелерін шығармаларының арқауы ете білген. Оларды адамгершілік ізгілік рухта тәрбиелеуге лайықты үлес қосып отырды. Ол сөз етіп отырған өмір оқиғаларын әрі суреттеп, әрі көзге елестетіп көрсетеді және публистикалық пафоспен баяндап, авторлық толғаныс, тебіреністермен ашады. Тақырыпты талдау үстінде көркем әдебиетті, сатира, юморлық және публистикалық құралдарды қатар тоғыстыра қолданады. Көркемдік элементтерге жиі жүгінеді. Қаламгердің әрдайым егіс даласындағы еңбек адамдарының тұрмыс-тіршілігін көзben көргендігін, қарапайым халықтың игі істерін оқырманға таныта білгендігін әр жылдар жазған шығармаларынан көреміз. Олзаман ағымына ілесіп, өмір тынысымен бірге соғатын, елімізде болып жатқан сан қылы оқиғаларды, жаңалықтарды ізін суытпай жедел таныстыратын журналист. Шығармаларында еңбек етіп жатқан замандастарымыздың шынайы бейнесін сомдады. Мысалы, жілгарыдағы шығармаға өзек болған кейіпкер – Ыбырай Жақаев. Автор Ыбырайдың үздіксіз еңбегі арқылы жеткен биігін халыққа паш етеді. Оның іс – тәжірибесін атадан балаға мұра болған диканшылық кәсібін терен зерттеп, бағалайды. Автор бірнеше шегіністер жасап өткен күн мен қазіргі күнді салыстыры көрсетеді. Бір ерекшелігі кейіпкерлердің характеристі, портреті жол-жөнекей ашылмай, шығарманың өн бойында біртіндеп өсіп, толысып жетіледі.

Тәжірибесі мол Ыбырай ақсақалдың өмірден түйгені көп, сондықтан да оның енбек ету үлгісі, адамгершілік қасиеті өзгелерге өнеге болатын. Диқан көп сөзге жоқ, істің адамы. Осындай енбек адамының бірі – Гұлнэр.

Гұлнэр – Еңбекте үздік шыққаны үшін медалінің иегері Механизатор әйелдер арасындағы республикалық жарысқа қатысып, Кәмшат Дөнентаева атындағы жүлдені иемденді. Қоғалықөлдің құндызы Гұлнар енбек ететін бригада әр гектар күріштен алпыс бес центнерден таза өнім жинап, облыс жеңімпазы атанды, облыстық советтің депутаты, Бүкілодақтық он тоғызынышы партия конференциясының делегаты.

Қоғамдағы өзгерістер «қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипатына әсер етіп, оларға заманға сай ерекшеліктер алып келді. Өткен ғасырдың 60-90 жылдары әйел мен ерлерді теңестірудің бір жолы ретінде әйелдерді трактордың руліне отырғызып, ерлермен теңестірді. Ерлерден қалыспаған қайратты әйелдер дәріптелді. «Темір тұлпарды ұршықша үйірген» әйелдер көкке көтеріліп, дәрежесі өсті, атақ алып, депутат болып сайланды, саяси билікке қол жеткізді. Темірге жақындағы, әйелдің нәзік болмысын қатқылдатуды мақсат тұтқан солақай саясат көздеңеніне жетпеді деуге болады.

Сыр бойы – әдеби қымбат қазыналарға бай өлке. Сыр бойы – қазақтың рухани тарихы. Тума таланттары бай, дастарханынан нан үзілмеген берекелі жұмақ өлке деген ұғым бар. Елдің дәулетті, халқының өнерге бай болуы рухы мықты аналарға, ару қыздарға да байланысты.

Академик - жазушы М.Әуезов: «Адамның ғұмыр кешірмек кәсібінің терең түбіне қарасақ, хайуанша құндік қоректі таспен атып, ағашпен ұрып, аң аулап жеп немесе жеміс теріп жеп, қарны тойса, аңша бір жерге жата кетіп жүрген. Ер жағы қара басынан басқаға қарамай жүргенде, балаларын баулып, асырап, үйлік ұйымның басын құраган - әйел» [3, 46 б.] - деп жазады. Қазақ халқының ұлт болып ұйысуына, халық боп қалыптасуына әйел-ананың сіңірген еңбегі бір төбе. Сондықтан да ұлы суреткер өшпес әңгімелеріне дейін-ақ, авторлық ұстанымын нықтап, «Адамдық негізі -әйел» деп, ой толғады. Адамның адамдығы, адамгершілік қасиеті әйел-анаға деген қарым-қатынасымен, көзқарасымен айқындалатынына мән берді.

Қазақ әйелі нендей ауыртпалықты болса да халқымен бірге көтеріп, жаугершілікте ерлермен бірге атқа қонып, қолына қару алса, бейбіт кезенде бесік тербетіп, ұл-қызын дала даналығына баулыды. Оған дәлел көп. Мысалы, Социалистік Еңбек Ері, механизатор Жадыра Таспамбетова. Жадыра ерлігі Сыр еліне анызға айналған ерлік. Ол Жақаевтай ері бар, Заңирадай қызы бар Шиелі өнірінен. Ол тағдырмен айқасып қындықты женді. Рульді батыл ұстады. Күннің

аптап ыстығына қарамай, егістік алқапта жүрді. Гұлнэр да Сыр елінен шыққан осындай механизатор қыз.

Гұлнэр да, Жаңбырбай да еңбектен бақытын тапқандар.

Хикаяттың тақырыбы мен негізгі сюжеті кеңес өкіметінің соңғы жылдары бір орталықтан басқару жүйесі ыдырып, колхоздар мен совхоздар тарап, қазақ ауылдарының бөлініп-бөлініп, шаруашылығы күйрей бастаған кезең оқиғасына құрылады. Ауыл-ауыл болып жіктеліп, оңашаланған қазақ ортасында ағайындық, рушылдық белен алды. Жастар жұмыс таппай қалаға кетеді. Бөлімшелер мен бригадаларда, мал фермаларында қалғандар бұрынғы жұмыс орындары жабылып, еңбексіз қалады. Әлі келгендері колхоз, совхоздарға орталық болған үлкен ауылдарға, басқа жаққа қоныс аударады. Жазушы қазақ ауылы үшін үлкен апат кезеңі болған осы шындықтың сырьы мен шынын суреткерлікпен ашып берген.

Хикаят оқиғаларын, адамдар тіршілігі мен іс-әрекеті жайлы әңгімелерді Жақсылық көркем тілмен, негізінен, баяндан жеткізеді. Үлкен психологиялық суреттер жоққа тән. Жеке кейіпкерлерді біртіндеп еске алып, оның тағдыры жайында әңгімелегендегі хикаятта психологиялық суреттің аздығын байқамай да қаласың. Оның көркемдік күші бүгінгі қазақ ауылы түрмис-тіршілігінің дәл түсірілген суреті мен жеке адамдардың бір-біріне ұқсамайтын алуан түрлі тағдырында. Жазушы детальды ойната біледі. Типтік бейнелер типтік ортада ашылады. Осылардың барлығы ауыл шындығын мұлтіксіз жеткізуге көмектескен. Орақбай бейнесінен осыны анғаруға болады. Ол – ауылдың бас көтерер адамы.

Ел ыдыrap, жұмыс орындары жабылған кезде ескі жүртта қалғандардың көбі жасы ұлғайған адамдар болғанын хикаятта анық көрінеді.

Жақсылық ауылдың тарихы мен адамдары жайлы әңгімелеп, негізгі назарын бүгінгі күннің шындығына аударады. Сол арқылы ауылдағы өзгерістерді, оның адам тағдыры мен психологиясының әсерін, орта мен адам әрекетіндегі қайшылықтарды дәл танып суреттейді.

Еңбек адамын қадірлеу, адам жанын аялау – журналистер үшін үлкен парыз. Көзі қырағы, қаламы жүйрік журналист Ж.Рахматулла шығармалары арқылы оларды адамгершілік ізгілік рухта тәрбиелеуге лайықты үлес қосып отырды.

ӘДЕБІЕТ

1. Жақсылық Рахматулла. Сағым жылдар. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 264 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.

3. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. - Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1962.

4. Әбдезұлы Қ. Ел мен жер тағдыры: Зерттеулер, әдеби-сын мақалалар. – Алматы: Қазақпарат, 2000. – 240 б.

РЕЗЮМЕ

Для журналистов большая обязанность – уважать человека труда, заботиться о людях. Журналист Жаксылык Рахматулла, находясь в центре кипящей жизни села, в своем рассказе «Қоғалы», сумел раскрыть актуальные проблемы людей труда. Он изображает жизненные истории и рисует образ людей труда, с которыми он встречался, беседовал, с публицистическим пафосом, с волнением, с авторскими размышлениями.

SUMMARY

For journalists, a big duty is to respect the working man, to take care of people. Journalist Zhaksylyk Rahmatulla, being in the center of the boiling life of the village, in his story «Kogalu», managed to uncover the actual problems of the working people. He depicts life stories and draws the image of working people with whom he met, talked, with journalistic pathos, with anxiety, thinking authorially.

БЕГІМБАЙ ҰЗАҚБАЕВТЫҢ «ҚАРАБУРА» РОМАНЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

*Қалдан Ислам,
КЯ-16 оқу тобының студенті, «Болашақ» университеті;
Тайманова Сара Тамшыбайқызы,
филология гылымдарының кандидаты, доцент,
«Болашақ» университеті*

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Бегімбай Ұзақбаевтың есімі Қызылорда өніріне жақсы таныс. Оның қаламынан «Жалаңтөс Баңадұр», «Қарабура», «Марал баба», «Софы Әзиз пір» сияқты тарихи романдар туды. Бұл романдар жұртшылықтың қызығушылығы мен ықыласын өзіне аударды. Қаламгердің тарихи тақырыпқа жазылған «Қарабура» романы Қарахан мемлекетінің қалыптасып, нығаюына қажыр-кайратын жұмсаған Қожа Ахмет Йассауи негізін қалаған сопылық мектепті дамытушылардың бірі, тарихта Қара Богра хан, Тамғаш Богра хан, Богра хан, Бурахан, Ибраһим Тамғаш, Бурахан, Әз Фурхан, Хасан Хан, Бұғыра, Бөрге деп аталған, келе-келе ел ішінде Қарабура әулие есімімен танылған тарихи тұлға жайлы жазылған шығарма. Автор романда мемлекет қайраткері, түркітекtes халықтардың текті тұлғасы, абыз-әулие Қарабураның батырлық ерлік істері мен ел билеудегі парасатты ой-толғамдарын көркем оймен өрбітеді.

Әскер басшысы болған Қарабура – Қарахан мемлекетінің батыры. Аруақты батыр. Ел жауға қарсы шапқанда «Қарабуралап» аттанатын болған. Тәнірі жарылқап «Қарабуралаған» қалың қолдың бағы жанап женіске жеткен. Оның негізгі себебін автор «Қарабураның Қандығашы» деген аңыздан өрбітеді.

Сөйлейін, сөйле десен ұлы дауда-ай,
Кем ақыл бұрынғы өткен сөзді қумай.
Сен сұрап ұранымнан мін таппайсың,
Ұраным жауға шапқан Қарабура-ай! [1, 98 б.]
Қарабура ел бірлігін, тыныштығын ойлаған ақылгөй, сөуегей.

Мысалы:

– Тұтқылдан тиісейік. Біздің келе жатқанымызды жақтастарымыз да, жергілікті тұрғындар да есітпесін. Сосынғы бір айтарым, қытай бір-бірімен байланысын үзу үшін, олар хабар алысып тұратын жолдарға тосқауылдар қойылсын. Ары-бері жергілікті халықтың қатынасын да шабуылымыз кезінде үзуді қарастырайық, - деген [1, 90 б.] Қарабураның ұсынысынан оның парасатты ойын, ұрыс тәсілін терең менгерген әскер басшысы болғанын анғаруға болады.

Жазушы Б. Ұзақбаевтың бір ерекшелігі азыз кейіпкері, әулие Қарабураның қаңармандық ерлік істерін романға арқау етуі. Қарахан мемлекетіннің негізін қалауда чигил мен ягма тайпасының көсемдерінің бірі болған Богра хан (ягма тайпасын басқарған) деген. Сатұқ Богра хан басқарған кезде халқы ислам дінін қабылдайды. Жоғарыда Қарабураны Йассауи ілімін жалғастырушы болған деуіміздің мәнісі де осы. Бұл тұста автор Шәкәрім өлеңін де тілге тиек етеді. Қарахан мемлекетінде ислам дінін уағыздалап, елдің санасын оятқан Қарабура Ахметтің он қолы болған.

Қарабураның кіршіксіз таза пейілі мен ізгі жүргегіне дарыған сопылық фәлсафа Ахмет Йасауиден бастау алады. Ол ислам дінінің өміршеңдігіне көзі жетті. Романда оны төмендегі диалогтан көруге болады.

– Мен исламды жан жүрегіммен қабылдадым. Осы жолда адалдық танытамын. Пенделікке салынып, қыын-қыстау кезде одан ауытқымаймын. Ахмет, мені қасында болмасам да өзіңмен біргемін деп есепте, – деді Отырардағы бір кездесуде.

– Дін иманы жоқ адамның жолдасы емес. Қызмет таңы мәңгі атып, бір орнында тұра бермес, Өмірлік мақсаттан биік ештеңе жоқ. Соның кілті, сол исламда тұр. Өзінде мұны жақсы білесің, - деген сонда Қожа Ахмет.

– Иә, жер астына кірсөң де Алланың сөзі өлмес. Екі дүниенің де шырағы ислам. Білгендерге шапағатты нұр жаудырады.

– Айтқаныңа қосыламын. Қаратаудың арғы басында жүріп Алланың ақ жолының шырағын жағып, нағыз отына халқынды жылжытып жатқаныңа жалғыз мен емес, бүкіл мұсылман әлемі тік тұрып қуанады. Сертке берік болдың, Қарабура досым. Сен менің өмірлік серігімсің. О, дүниеде де Құдайым жолықтырса, сенімен бірге жұмақта жүрсек, сонда осы сөзімді тағы да бір еске түсірермін, - деп имандай шын көңілін Ахмет жайып салды [1, 127 б.].

Диалог арқылы қаламгер ойын ұтымды жеткізе білген. Бұл сөз жоқ жазушының шеберлігі. Бегімбай Ұзақбаев кейіпкерлерінің характеристерін пікірлесу, сөйлесу арқылы ашады да, одан әрі шегініс жасап тақырыпқа негіз болған оқиға желісін баяндайды. Диалогтағы өмірлік мақсат, имандылық, адал достық, сертке адалдық тағы басқа рухани құндылықтар романның негізгі нысаны десек те болады.

Қарабура әулие мен Қожа Ахмет Йассауидің байланысы жөніндегі шығармалар қиял тұрғысынан жинақталған әпсаналар. Мәселен, Қожа Ахметтің таң намазын Меккеге ұшып барып орындастынына сенімсіздік білдірген жігіттің Қожа Ахметпен бірге ақ түйеге мінгесіп көкке ұшқанда құлап түсіп, Қарабура мінген кісінің құтқаруы. Ол Қарабура мінген адамның аталмыш әулие екендігі немесе жоғарыда айтып өткен Қожа Ахмет Йассауи дүниеден өткелі жатқанда «Сізді ақіреттік сапарға аттандыру рәсімін кімнің жасағанын

қалар едіңіз?» - деген туыстары мен мұриттеріне: «Менің мәйітімді жуып, ақреттік сапарға аттандыратын адам мен өлген күні өзі келеді», - деуі, айтқандай-ақ көз жұмған күні Қарабура мінген адам келіп, буласын шөгеріп жатып: «Қожа Ахмет Йссаяиді ақреттік сапарға өзірлеуге келдім», - дегені т.б. әңгімелер бар.

Шығарманың өн бойына зерделей қарасақ жазушы Қарабура жайындағы аңыз әңгімелерге ерекше мән берген, тіпті романның негізгі сюжеті осы аңыз бен халықтың әпостық жырларынан өрбіп отырады десек те болады.

Сыр бойы халықтарына таныс аныздың бірі – Бегім ана жайындағы аңыз. Бегім сұлу – Қарабураның қызы. Ол туралы аңыз да роман сюжетіне арқау болған. Баяғыда Жанкент шаңарында бір хан болыпты. Аты – Шанжар екен. Ханның ай десе, аузы, күн десе, көзі бар Бегім деген сұлу әйелі болыпты.

Хан аң аулауға шықса, аңға салатын бүркітінің томағасы үйінде қалып қойыпты. Томағаны әкелуге құсбегін жібереді.

Құсбегі ханның үйіне келсе, есікті ашатын құтуші әйел болмай, есіктің саңлауынан жүзін көрсетпей томағаны беріп жатқан Шанжар ханның әйелі – Бегімананың аппақ білегін көріп, мұндай сұлулықты бұрын-сонды көрмеген құсбегі есінен танып қалады. Құтуші әйел келіп, бетіне су сепкен соң, есін әрең жинаған құсбегі кері қарай қайтады.

Шанжар хан әне күтеді, міне күтеді, құсбегі көрінбейді. Ұзак уақыт күтеді. Бір кезде бүркіттің томағасын алғып құсбегі жетеді.

– Осыншама уақыт неге кешіктің?!- деп Шанжар хан зекиді.

«Сіздің әйелініздің ақ білегінің сұлулығын көріп, есімнен танып қалдым» деп айтуға жалған намысы жібермей, хан мен оның нөкерлеріне құлқи болмайын деген құсбегі:

– Тақсыр, Сіздің әйеліңіз мені білегімнен ұстап жібермеді...- деп Бегіманаға қасақана жала жауып, өтірік айтады.

Мына сөзді естісімен ханның бойын ашу кернеп, дереу атына қамшы басып, қалаға қарай шабады.

Сарайына келген бойда Шанжар хан Бегім сұлуды шақыртып алғып, мән-жайды сұрап білмestен, ашу үстінде қылышпен Бегім сұлудың оң қолы мен оң бұрымын кесіп тастайды. Іле-шала Бегім сұлудың экесі – Қарабура әулиеге «Қызы менің көзіме шөп салды. Қызын тез алғып кетсін!» деп хабаршыжібереді де, Бегім сұлуды бөлек үйге қаматып қояды.

Қарабура – әулиекісі екен. Қызына жасалған қиянатты бірден біліпті. Барған адамға:

– Менің қызым өнегелі тәрбие көрген еді. Осылай жасамағанына сенімдімін. Ханға айт: «Қызым шынымен кұнақар болса, қызымды жазалаймын. Ал, күнәдан пәк болса, елін жазалаймын!»- дейді. Әкесіне хабар жібергенін естіген Бегім өзінің

жазықсыз жапа шеккеніне, Шанжар ханның мұның ақ-қарасын анықтап білмestен, халық алдында қарабет қылып, кұнаңар деп атағанына қатты қайғырады.

Кенет:

– Экең келе жатыр! – деген күтуші әйелдің даусын естігенде:

«Мен әкемді абырайсыздыққа ұшыраттым. Қартайған әкемнің бетіне қалай қараймын? Одан да өлгенім артық!»- деп бұлқынғанда, он қолы мен он бұрымы қайта орнына біtedі. Ізінше, Бегім сұлу ақ құс бейнесіне айналады.

Үйдің шаңырағына қонып отырып:

– Мен күнәдан пәк, еріме адал жар едім. Маған еркек нәсілі күнә жасады деп, өтірік айтып, арам ниетпен жала жапты. Мен өмірбаки еркек атаулыға қас болып өтемін? Тек әйел затына ғана аян беремін!- деді де, ұшып кетті.

Болған оқиғаны көзімен көрген күтуші әйел көргені мен естігенінің бәрін Шанжар ханға келіп баяндайды. Хан ашу үстінде өзінің ойланбай, адал жарын күнә жасадың деп, оған жасаған қиянатына қатты опық жеп, пүшәймен болып отырған кезде Қарабура әулие де келіп жетеді.

– Қызым қайда?! Алдыма әкел!- деп Шанжар ханға айқай саладыәулие қария.

Шанжар хан өзінің құсбегінің сөзіне сеніп, орны толмас қателік жібергенін айтып, кешірім сұрайды. Бірақ Қарабура ханға кешірім бермейді. Қолын теріс жайып:

– Сен мені терімнен көрім жуық болып, қартайған шағымда, «Қызың көзіме шөп салды» деп халық алдында абырайсыздыққа ұшырату, күлкі ету үшін шақырттың. Мені әкемдей адам деп сыйламадың. Саған берер ешқандай кешірімім жоқ! Қызыма жала жауып, азаптап қорлағаның үшін елінді жылан сорсын!-деп қарғапты да, теріс жайған қолымен бетін сипап, келген жағына қарай қайтып кетіпті.

Қарабура кеткен бойда аяқ астынан қара дауыл соғып, аспанды қара бұлт торлапты. Бір кезде аспаннан жерге үп-үлкен қара мес түсіпті. Мына адам шошырлық кереметті көрген Шанжар хан халқына жарлық шығарыпты:

– Қара mestі күн сайын кезектесіп, бір-бір адамнан құзететін болсын!

Бір ай құзете ме, үш ай құзете ме, кім білсін. Бір күні құзет кезегі бір ақылы кеміс, әумесерге тиіпті. Әлгі әумесер: «Алтын қорығандай құзететін осы месте не бар дейсің?!» деп беліндегі канжармен дәү қара mestі тіліп жіберіпті. Қара mestің іші бықыған жылан екен. Алғаш сыртқа шыққан жыланның бірі әлгі әумесерді шағып өлтіріпті. Содан жыландар жан-жаққа бытырай тарап, кездескен адамды шаға берген, шаға берген... Сөйтіп Жанкент

қаласының тұрғындарын жылан сорып өлтірген. Ордалы жылан қашқан адамды да құтқармаған. Шаңарға төнген тажалдан есі шыға қорықкан ерлі-зайыпты екі адам жан сауғалап, жалғыз ешкісін жетектеп, қаладан сыртқа қарай қашыпты. Жолда бұларға бір көзі қарақты қарияжолығып, жөн сұрасады. Қария ешкінің мүйізіне оралған жыланды көріп, әлгі ерлі-зайыптылардан «Көздеріңе ештеңе көрінбей ме?» деп сұрапты. Олар «Жоқ» депті.

Сәлден соң әлгі қария: «Япырмай, жаңағы пенделер аман ба екен?» деп кері қайтса, жолдың жиегінде өліп жатқан манағы ерлі-зайыптыларды көріпті.

Бегімана құс бейнесіне айналып, қазіргі Арап теңізіне қарай ұшып келе жатып, жолшыбай «Молак» деген жерде дәрет алыпты (Урмаш Тұктібаев аулына жақын жерде «Молак» деген төбе бар). Сосын теңіз жағалауына жақын жатқан биік төбеге жетісімен, жан тапсырыпты...

Кейін қарлығаштар батпақтан там салған екен... Осы аңыз сюжеті де романда көркем өрілген әрі Қарабураның қасиетті адам, әулие кісі болғандығын көрсетеді.

Аңыз – тарих елесі. Сыр бойы сан қылыш шежірені жинақтаған алтын қойма тәрізді. Бір аңыздан екінші аңыз туындал, әр төбесі өз тарихымен қызықтырып, өткенге еріксіз жетелейді.

Қазақ аңыздарына алғаш назар аударып, ел ішінен жинап, жариялады және баға беруші Ш. Уәлиханов өзінің «Қазақ шежіресі», «Абылай», «Ұлы жұз қазақтарының аңыз-ертегілері», «Сахарадағы мұсылмандық туралы», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» т.б. еңбектерінде қазақтың аңыз-әңгімелерін шығу тегін терең зерттеп, құнды тарихи деректер айтумен қатар, мазмұны жайлы алғаш пікір айтып, қазақтың мәдени рухани мұрасы есебінде бағалады. Ал В. Радлов: «Қазақтың түбі», «Абылай хан»; Г. Потанин: Жидебай, Сабалак, Жиренше шешен, Алдар көсе, Таласбай мерген, Абылайдың батырлары жайлы ел ішіндегі әңгімелерді өз еңбектерінде енгізумен қатар, әр аңыз әңгімеге қыскаша түсінік беріп, оны орыс, славиян, ойрат, моңғол, якут халықтарының ертек-әңгімелерімен салыстырып, ұқсас жерлерін көрсетіп отырған. Бұл – бірнеше халықтың сөз өнеріндегі типологиялық байланысты аңғартады. Ғалым А. Ісімақова оны былайша түсіндіреді: «Типологиялық байланыс – бірнеше халықтың сөз өнеріндегі, әдебиетіндегі әдеби ағым, бағыт, стиль, сюжет, образдар ұқсастығы, жалғас-жақындығы. Мұндай ұқсастық арасындағы мәдени байланыстың, тәжірибе алмасуынан нәтижесі болуы немесе бірнеше елдің тарихи тамырлас, тілі, дәстүрлері сабактас болуынан тууы мүмкін», - дейді [2, 327 б.]. Олай болса, Сыр аңыздарындағы сюжет, образдардың түркі тілдес халықтардың әдебиетінде кездесуін олардың мәдениетінің тарихи тамырластығынан

іздеуіміз керек, өйткені типологиялық байланыс әдебиеттің даму зандылықтарын олардың әлеуметтік-тарихи жағдайларыменмен сабактастығын түсіну үшін өте қажет.

Автор Ахмет Йассауи мен Қарабура дүниеге келген бес жұз жылдан кейін туған Қожаберген жыраудың мына өлең жолдары қазақтың түп атасынан хабардар ететін нақтылай түседі.

Тұріктен өрбіген елді тоғыз дейді,
Тартатын күй аспабын қобыз дейді.
Башқұрт пен қазақ, ноғай, қарақалпақ—
Төртеуін шежірешілер оғыз дейді.

Қорқыт пен Қарабура өмір тынысын керемет қобыз үнімен жеткізіп, өздеріне мәнгі ескерткіш орнатқан деген ой-тұжырым айтады. Әулиелерге қатысты аңыз әңгімелерде кейбір оқиғалар қайталанып отырады. Мысалы, Қорқыт пен Қарабураның қобыз үні арқылы өмір тынысын жеткізуі т.б. Сондай-ақ романда ислам дінін бірінші қабылдағандардың бірі Баба Тұкті Шашты Әзіздінде образы берілген. Баба Тұкті Шашты Әзіз VIII ғасыр мен IX ғасырдың ортасында өмір сүрген, Қорқыттың, Үсқақ бабтың замандасы. Баба Тұкті Шашты Әзіз туралы әпсаналар ислам дінінің құндылықтарын халықа ұғындыру мақсатын көздейді. Жазушы осындай аңыз әңгімелерді роман сюжетіне арқау ете отырып жастарды имандылыққа баулиды. Білімді жастардың рухани құндылықтарымыздың мән - маңызына көніл бөліп, одан ғибрат алғанын қаласа керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Ұзақбаев Б. Қарабура: роман – Алматы: «ARNA- В». – 200 б.
2. Үсмақова А.Әдебиеттану терминдер сөздігі. - 327-328 бб.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. - А.: «Анатолі», 1991. – 288 бб.
4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. - Алматы: Білік, 1999. -752 б.

РЕЗЮМЕ

В статье авторы анализируют легендарные рассказы по роману писатель Бегимбай Узакбаева «Карабура». Раскрывается познавательная, воспитательная сущность духовных ценностей, воспитанных в композиции через образ Карабуры.

SUMMARY

In the article, the authors analyze the legendary short stories based on the novel Karabura, the novelist Begimbay Uzakbayev. The author reveals the cognitive, essence of spiritual values brought up in the composition through image of Karabura.

Ә. НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ «МАХАББАТ ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» РОМАНЫНДАҒЫ ЛИРИЗМ

*Узакова Баян Болатовна,
Мусабек Жаннур Талгатқызы
«Болашақ» университетінің колledge*

Көркемдегіш амал мен тәсілдердің қай-қайсысы болса да ақын не жазушы тілінде әсерлі шүрайлы тіл ерекшеліктерін танытуға, яғни әр сөздің қилюын тауып мағынасын құбылта жеткізу мақсатында сондай-ақ, ойдың айқындығын нақты көрсету үшін де қолданылады.

Қалыптасқан ұғым бойынша, лирика дегеніміз - ақынның ойы мен сезімінің ұштасып, ұласып келіп, тұтас көрінуі. Лириканың пәні де, бейнелер ойлары да бейнелеп көрсетері де ақынның өз көңіл-күйі. «Лирикалық өлеңдер», - дейді белгілі сыншы Н.А. Добролюбов лирикаға байланысты тұжырымдамасында, - ақын өзінің табиғаттағы немесе өмірдегі белгілі бір құбылыстан алған тікелей сезім-түйсігін айтып береді. Бірақ мұндағы басты нәрсе - сол түйсіктің өзі де, оны ақынның енжар қабылдауын да емес, ақынның сол сыртқы әсерге іштей ұйып, құлай ықылас қоюында. Әдеміліктің, көктем таңының саф мөлдір ауасын жүтудың, кешкілікте қол ұстасып сауық-сайран құрудың рахатын, тағы-тағыларды сезу әркімнің-ақ қолынан келер; ал осы әсерлердің бәрін жан-жүргегіне сол қалпы құйып алып, басқаларға да дәл өзіндей әсер етерлік етіп айтып беру көп адамның қолынан келе қоймайды. Бұл үшін, әрине ең алдымен талант керек, содан кейін талғам керек. Әсершілдік, әсіре қызылшылдық және шын жүректен тереңнен толқып, тебіренуде бар. Құбылыстың сыртқы қабын, бояуын ғана көру жеткіліксіз, оның ішкі мәнін де танып, ұға білу қажет. Нағыз ақын құбылысты, фактіні өзінің ой елегіне, сезім сұзгісінен, жан-жүйесінен, бүкіл болмыс дүниесінен өткізеді. Олай болса лирикалық өлеңде ақынның сезімі мен түйсігі ғана емес, түйсігі мен танымы да бой көрсетеді. Біз оның дарын қуатын да, ой-өрісін де, интеллект дүниесін де, мақсат-мұддесін де шығармасы арқылы танимыз, бағалаймыз [1].

Жазба әдебиетіміздегі сыршыл поэзияның, яғни әдеби мағынасындағы нағыз лириканың болмыс-табиғаты туралы кемел пікір танымды түсінікті төл әдебиеттануымызда алғаш негіздеген-Ахмет Байтұрсынов. «Лирикаға толғау сөз өнерінің барып тұрған жері, яғни ең биік шыңы»- деп баға берді.

«Толғау көңілдің көркем сырларын өрнекті сөздерме айтып білдіріп, адамның көрік сезімін күштейтеді. Әдемі толғаудан алатын

адамның көрік ләззаты басқа сөздердің бәрінен де артық болады», - дейді.

Шындығында біз заманды, қоғамды адамның оған деген нәзік қатынасы арқылы бағалап, белгілі бір тұжырымды жасаймыз.

Міне, адам баласына тән осынау қүрделі сезім әлемін, жаңдунисін тоқсан толғауы, сыры мен шыны замана болмысы, уақыттынысымен астастыра өріп, оны дара творчестволық тұлғаның өз көзімен парактаған, өз болмысымен қайнастырып, қайта корытқан шынайы лирика, қазақ топырағындағы тұрпаты өзгеше алғашқы поэтикалық ғалам-Абай поэзиясы болды [1].

Қазақ әдебиетінде қай кезде де жақсы қасиетінен арылмаған поэзия жанры соңғы жылдары айрықша түлеп, түрленіп шыға келді. Сонда ол, біз өзіміз кейде айтып қоятынымыздай, лириканың «еркіндік» алуымен ғана биіктеп кеткен жоқ. Жақсы лирика бұрын да болған, ұлпа ғұлдей лирика қазір де бар. Желпілдек ақын, женіл мінезді лирика қураған қамыс шашағының үпілігіндей тез ұшып, тез көрінеді де, жоғалып кете береді, уақыт желіне табан тірей алмаған олар көзден де, көңілден де жылдам ғайып болады. Бүгінгі қазақ лирикасының алыстан көрінер өз мұнарасы, көз тартар бояулары бар, нақышты өрнектері бар [2].

Лирикалық тұлғаны сомдауда творчестволық субъектінің дүниетанымы, эстетикалық көзқарас, пайымы басты роль атқармақ. Бұған қоса, лирикалық кейіпкерге танылған өмірбаяндық сиапттар мен шынайы өмірлік деталдар, басқа да субъективтік жайлар-ақындық «менді» ақынның жеке басына жақындана түседі. «Лириканың бас қаңарманы-ақынның өзі»-деп мензейді Зейнолла Қабдолов. Солай бол тұра бұл ақынның нақ өзі емес, «оқшау образ» екендігін де айқындаі кетеді.

Осы тұста арасына ешқандай айырым белгісі қойылмай қолданыла беретін лирикалық «Мен», ақындық «мен» тәрізді терминдерге де тоқтала кетсек. Бұл атаулардың тәркіні бір, негізі ортақ, бірақ оларды синоним ретінде қолдана беру жаңсақтық демегенмен, ұғымдық ақтылыққа сәйкес келе бермейтін сэттері де бар екенине назар аударуымыз қажет. Өлеңдегі лирикалық субъект ортақ дүниетаным, авторлық дербес сана көрінісі бола отырып, әрқылы адамдық кейіп, мінез-калып, әлеуметтік-психологиялық түрлі сапалар арқылы ашылатын жайлары бар. Мәселен, ол өлең мазмұнында құрылышы, қойшы, ғашық жігіт, мұнды қыз, ия қария, немесе жас бала т.с.с. кейпінде көрініп, әрқайсысы өз өрісі мен парсат –пайымы дәрежесінде ой толғап, сыр шертуі мүмкін. Олардың бәрін ақынның лирикалық тұлғасымен тұтастықтағы жеке лирикалық кейіпкерлер деп қарауымыз әбден занды. Ал енді ақын оқырман алдында еқандай лирикалық маскасыз шығып, нақты ақындық,

адамдық юолмысымен көрініп, бүркемесіз өз атынан сөз алса, ақындық «мен» атауын дәл осы жағдайда қолдану орынды.

Лирикалық субъект домбыра болып тіл қатады, күй тілінде сыр шертеді. Осы өлең жеке талданғанда домбыра-кейіпкерді ақындық «мен» деуіміз, әрине сыйымсыз. Бірақ, ол-өлеңнің лирикалық кейіпкері атануға толық хақылы бейне. Авторлық «мен» домбыра кейіндегі лирикалық кейіпкер арқылы объективтенген [3].

Айналып келгенде бәрі-тұп негізі ортақ, тұтас ұғымды білдіретін бұл әрқылы атаулардың жігі нақты поэтикалық контекст мазмұнына қарай ажратылады. Мысалы, лирикалық тұлға-ақынның бүкіл шығармашылығы контексінде айқындалатын бейне болса, лирикалық кейіпкер жеке фрагментарлық тексте, кез-келген жеке лирикалық өлеңде көрініс тапқан авторлық дербес сананың көркемдік бір тұрпаты.

Лирикалық кейіпкер – белгілі бір лирикалық сана типінің, көркемдік ойдың даму жемісі болған құбылыс емес, оның тарихы лириканың даму эволюциясымен сипатталады. Лирикалық кейіпкер-қоғамдағы жеке адмдық сана-сезімнің оянуынан бастап, әр дәуірдің жеке адам концепциямен тығыз байланыста дамыған көркемдік-эстетикалық құбылыс.

Өзінің даму тарихында тек қарақан басына ғана қатысты жайларды бейнелеуден бастап, дәстүрлі стереотиттер, канондар ауқымындағы шартты «менге» ұласып, коллективтік, топтық сананың жаршысы болу кезеңдерін баста кешіреді [4].

Лирика кенет шешіліп, өз тілімен сөйлей бастады. Дүниеге кәдімгі ет-сүйектен жаралған жанның болмысынан сәулеленген поэзия келді. Ең бастысы-поэзия адамға жақынырақ қоныс теуіп, замандас жүргегіндегі ең аңсарлы пернелерді басып, неғұрлым адмгершілік тілмен сыр айта, шер тарқата, ой толғай келді. Лирикалық кейіпкер арқылы адам жанының тереңі, қасиет – қуаты пердесіз көрініс тапты. Жалпы қазақ ақындарының қай буынын алсақ та, тақырып ауқымдылығы жағынан кең тынысты. Оларды әлемдік проблемалар да ойландырады. Шынында да аталған ақындардың өлеңдерін оқып отырғанда, ақын жүргегінің мазасыз дұрсілін, олардың қағрамандарының өмірдің әр құбылысына мазасыз көзқарас ұғынғандай боламыз.

Поэзиялық табиғат лирикасы-бұл біріншіден, лириканы өмірге жақындастыруши да, екіншіден оны идеяға қатысты қарастырған уақытта нақтылаумен дәлелдеуші белгі [4].

Материалистік философияға сәйкес барлық ойдың негізі ретінде объективтік шындық алынатыны белгілі. Бірақ кез-келген ой лириканың пәні бола бермейді, лирикалық поэзия үшін тек өмірге эстетикалық қатысы бар ойлар ғана маңызды. Лирик ақын өз өлеңінде әртүрлі оқиғалардың негізінде туған күйзелістің мәнін түсіндіріп

беруге тырысады. Міне, осылай әрбір ақынның даралығы, жеке стилі қалыптасады. Лирикалық поэзия суреткер тұлғасында, олардың шығармашылығындағы әдеби бейнелер табиғатында, әдеби бейнелердің жасалу жолдары мен тәсілдерінде, сондай-ақ сөз бейнелілігінде, сюжет құрамында, жанрлық түрлердің түзілуінде жатады да, халық тарихының әр түрлі кезеңдерінің қоғамдық сипатына байланысты, уақыттың өзгеруі мен заман ағымына сәйкес үнемі өзгеріп отырады. Ал, лирикалық поэзияда әдеби бейнелер жасаудың түрлі тәсілдерінің алдында ақын тұлғасы танылады.

Ғылым үшін ішкі жан тербелісі, сезімдік тебіреніс басты сапалық қажеттілік емес. Онда құбылыс сырын тану үстінде ақылойды белгілі бір бағытта еш эмоциясыз-ақ жинақы ұстau жеткілікті. Суреткер өз объектісін бүкіл табиғи болмысымен сезініп, бар адамдық жаратылысымен қабылдайды. Суреткерлік таным процесі осы біртұтас тебірену-тербелу арқылы іске асады. Міне осы құбылыс оқырман басынан да өтуі шарт. Белгілі көркем творчество туындысын қалың оқырман толқу-толғаныспен қабылдауға тиіс. Шын суреткер творчестволық процестің өн бойында өз жанынан қандай ой-сезім толғаныстарын өткізсе, соның бәрі оның шығармасында да сәулеленіп отырады. Сондықтан қабылдау процесінде оқырман сезімінде белгілі бір көркем образдар, бейнелер әрекеттірі, бұларың әсері ғана емес, сондай-ақ белгілі дәрежеде, қаламгер тебіренісі де бейнеленеді. Бұл ретте оқырман көңіліне қозғау түсіп, оның жан-дүниесінің тұнық тереңінен бір тың сезім бұлқынысы бас көтермese, ол бұлқыныстан туатын жүрек аңсауы, өзіне тоят тілемейтін яки таппайтын болса немесе Аристотельдің айтуынша, оқырман рухани тазару, ізгілену қүйін бастан кешірмесе, онда көркем шығарманы қабылдау процесінде эстетикалық сипаттың болмағаны деп білген дұрыс. Суреткер өз болжамын көркем творчество үлгісіне айналдыруда белгілі бейнелеуіш құралдарды іздеу мен оларды ұйымдастыру бағытында ғана әрекеттенбейді. Белгілі ойды, ол ойды жеткізу құралдарын іздей отырып, қаламгер барлық творчестволық әрекетін басты бір бағытқа бағындырады: жүртшылықтың көркемдік-эстетикалық талғам дәрежесінен шығуды ия одна жоғары болуды мақсат тұтады. Творчестволық процесс пен қабылдаушының эстетикалық таным-талғамы арасындағы байланыс осыдан келіп туады. Осы бірліктің жоғары творчестволық сатыда жүзеге асуы ғана өнер туындысының қабылдануына, оның қабылдаушыға әсеріне эстетикалық сипат берे алады. Шығарманың көркемдік қуатты болуы, бір жағынан суреткердің интеллектуалдығы мен эрудициясына, шеберлігініе байланысты болса, екінші жағынан оқырман талап-тілегіне, оның эстетикалық тұщыну, қабылдау дәрежесіне тәуелді. Өнерді қабылдаушының сұлулықты сезіну, тану қабілеті деңгейінен төмен, одан тыс шығарма көркем тунды қатарына жатпайды. Олай

болса, шығарманың көркемдік идеялық сиаптын бағалау мен оның оқырманға әсерінің табиғатын айқындаудың көркем творчествоның даралық сипатын тануға көп мүмкіншілік беретіндігі сөзсіз. Өнер туындысы бар жерде міндетті түрде оның тұтынуышы да бар. Осылайша орай жалпы өнер тарихымен қатар қабылдаушының, көркемдік тұтынуышының эстетикалық талғамының да өз қалыптасу даму сатылары, тарихы бар. Әрине, көркем шығарма алғашқы ма ия көркемдік талғам алғашқы ма - бұл басқа мәселе. Әйткенмен өнер тарихының әр кезеңіне көркемдік талғамның белгілі кезеңі сәйкес келеді деу дұрыс секілді, яғни оқырман талғамы мен эстетикалық деңгейін жетілдіруге, көркейтуге қабілеттілігінде [5].

Лев Толстойның айтуынша, суреткер мен көркем шығарма, көркем шығарма мен оқырман арасында эстетикалық қатынас сақталуы үшін творчество туындысында мынандай белгілер болуы керек:

Біріншіден, сезімнің айрықшылығы;
Екіншіден, бұл сезімнің жоғары ақындық сапалылығы;
Үшіншіден, бұл сезімге суреткер қатынасының шынайылық дәрежесі.

Ұсынылып отырған үш белгі неғұрлым айқын сапалы болған сайын шығарманың қабылдаушыға әсері де соғұрлым күшті, нәтижелі мәнге иеленеді. Бұл әсердің сипатына қарай оқырманның рахаттану, ләzzat табу мүмкіншілігі де әр деңгейде жүзеге асады [4].

Сөйтіп шығарма шынайылығының бір сыры оның өзіне дейінгі өнер туындыларына қарағандағы жаңалығында, соны жетістігінде. Екіншіден оқырман жүрттың көркемдік талғамын, эстетикалық иедалын жетілдіруге, көркейтуге қабілеттілігінде. Шын мәндегі көркем шығарма қабылдаушының көркемдік талғамына сай келіп қоймай, оны сұлулыққа, әсемдікке сүйсіне білудің тың биігіне бастайды. Көркем творчествоның, өлеңнің дәуір алдындағы міндеттісінде [5].

Лирикалық шығарма табиғатында лирикалық кейіпкер ұғымының лирикалық ақындық «меннің» орны ерекше. Лирикалық қаңарманның лирикалық өлеңдегі басты образ, оның құрылымдық жүйесі, рухани мазмұнын айқындастын негізгі көркемдік суботрот екені диплом жұмысында айқын көрінеді. Оның бүгінгі лирикадағы осы деңгей-әрісі көп ғасырлық лирикалық дамудың нәтижесі болып табылады. Ең бастысы лирикалық кейіпкердің, лирикалық және ақындық «мендердің» өлеңдегі ақын бейнесіне тұтасына айналатын, құрделі әрі нәзік әдеби процесс екендігін пайымдадық. Ой қортыныдыснад жоғарыда аталған екі ақын шығармашылығынан нақты мысалдар келтіре отырып, өлеңдегі басты тұлға- ақын бейнесі екендігіне лирикалық поэзия теориясындағы көптеген мәселелердің осы ақын тұлғасымен байланысты болатындығына көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТ

1. Нұршайықов Ә. Махаббат қызық мол жылдар. - Алматы, 2002.
2. Нұршайықов Ә. Мәңгілік махаббат жырлары. - Алматы, 2005.
3. Қыз бала тәрбиесі және оның Әзілхан Нұршайықов шығармаларындағы көрінісі // «Этнопедагогика және этнопсихология мәселелері» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Атырау, 2009. - 149-153 бб.
4. Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың жастар тәрбиесіне ықпалды жеке тұлғалық тағылымы // Қазақстан жоғары мектебі. – 2010. - №2. - 48-51 бб. (С.Қоңырбаевамен авторлық бірлестікте).
5. Ә.Нұршайықовтың журналистік шығармашылығындағы тәрбиелік идеялар // Қазақстан ПҒА хабаршысы. – 2010. - № 2. - 68-72 бб.

РЕЗЮМЕ

Для науки нет внутреннего автоколебания, чувственное дрожание не является главной необходимостью. Достаточно удерживать ум в определенном направлении без какого-либо эмоционального сжатия, признавая истинную природу явления. Художник воспринимает свой объект со всем его естественным существованием и принимает его человеком. Процесс познавательного познания осуществляется посредством этой объединенной вибрации - вибрации. Это история читателя.

SUMMARY

For the science, there is no inner self oscillation, sensual trembling is not a major necessity. It is enough to keep the mind in a certain direction without any emotionally compact while recognizing the true nature of the phenomenon. The artist perceives his object with all its natural existence and accepts it with a human being. The process of informative cognition is accomplished through this united vibration - vibration. This is the story of the reader.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ – ӘЛЕМДІК ТІЛ

*Снасанова Гүлжан Жұмашиқызы,
шет тілі пәннің оқытушысы,
«Болашақ» медициналық колледжі*

Қазіргі таңда ағылшын тілі әлемде кең қолданысқа ие тілдердің бірі. Алайда ағылшын тілін менгеру әр уақытта қажетті білім болып саналмаған. Әлем континенттерінің көптеген елдерінде ана тілі болуына байланысты бұл тіл әлемдік мәртебеге ие болды. Оны «экспорттау» алғашқы кезекте 17 ғасырдың басында Солтүстік Америка елдерінен басталды. Сондықтан қазіргі таңдағы оның маңыздылығы ең алдымен осы аймақтағы халық санының айтарлықтай жылдам өсуімен байланысты.

Ағылшын тілі «Әлемдік тіл» деп санауға мүмкіндік беретін ерекшеліктерін қарастырайық.

1. Қарапайымдылық.

Ежелгі ағылшын тілінде грек тіліндегідей сөздердің жекеше-көпше түрлері, жақтары, шақтары, септіктері сияқты грамматикалық категорияларын көрсететін бүтіндей жалғаулар жүйесі бар болатын. Алайда уақыт өте келе грамматикалық формалар жүйесі ықшамдалды және бүгінгі таңда етістікердің тек бірнеше жалғаулары ғана сакталды.

2. Әмбебаптығы

Жалғаулықтарын жоғалтуының нәтижесінде соңғы 500 жылда ағылшын тілі өте ерекше бола бастады. Мысалы, көп жағдайда ағылшын сөзі бір сөз табынан екінші сөз табына көріне бермейтін өзгерістерсіз өте береді. Мысалы, мына сөздер swim, drink, kiss, smile. Біз water to drink деп айта аламыз (ішетін су) және to water flowers (гүлдерді суғару); time to go (кету керек) және to time a race (жарыс ұзақтығын есепке алу); a paper to read (окуға арналған қағаз) және to paper a bedroom (жатын бөлмесіне түсқағаз жапсыру). Сын есімдер етістік ретінде қолданыла алады: We warm our hands in front of a fire (Алау алдында біз қолымызды жылтырып отырмыз). If clothes are dirtied, they need to be cleaned and dried. (Егер киім кір болса, оны тазалап кептіру керек). Предлогтар да қолдануға қолайлышты. Мысалы, A sixty year old man is nearing retirement (Әрбір 60 жастағы еркек зейнеткерлік жасқа жақын).

3. Сөздіктің анықтығы.

Ағылшын тілінің бұл ерекшелігі басқа тілдерден енген сөздердің шексізідігі болып табылады. Өз кезінде көптеген тілдер ағылшын тілінің қазіргі лексикалық базасын жасауға көмектесті.

Қазір бұл үдеріс кері бағытта жүруде, кейбір тілдер ағылшын сөзінің кірме сөздер болуына қарсы тұруда.

4. Тілдің болашағы.

Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Бұл бизнес, техника, спорт және авиация тілі. Бүтіндей алғанда бүкіл әлемнің саяси, экономикалық, ғылыми, спорттық өмірі ағылшын тілінде өтеді.

Ағылшын тілі БҰҰ-ның ресми және жұмыс тілі болып белгіленген. Әртүрлі саммиттер және өкімет басшыларының кездесулері заңдар мен заңнамаларға қол қою, келісімсөздер мен дебаттар барлығы ағылшын тілінде жүргізіледі. Халықаралық сауда, банк жүйесінің жұмысы, теңіздегі және әуе транспорт жүйелерінің жұмысы да ағылшын тілінде жүзеге асады. Бұл тіл академиктердің, докторлардың сөйлеу құралы болып табылады. Тіпті олимпиадалық ойындар мен әр түрлі елдер арасындағы жарыстарда ресми тіл ретінде ағылшын тілін тандаған.

Британ аралдарында қазіргі тіл тұрақты емес. Тіл өмір сүруде, әрдайым жаңа сөздермен толығуда, ал кейбір сөздер өткен шақта кетуде. Бірақ ағылшын тілінің басқа Европа тілдерінен айырмашылығы, Ұлыбританияда статикалық нормалардың болмауы. Керінше әртүрлі диалектердің көп болуында. Айырмашылық сөздердің айтылуында, яғни фонетикалық денгейде ғана емес, сонымен қатар бір ұғымды білдіретін әр түрлі сөздердің болуында.

БАҚ және өкімет мүшелері британдық ағылшын тілінде сөйлеседі, бірақ ең танымал болып американдық ағылшын тілі болып саналады.

Ағылшын тілінің кең таралуына Ұлыбританияның колониялық саясаты, Австралия мен Солтүстік Американың колонияға айналуы ықпал етті. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ сияқты елдің маңызы артып ағылшын тілінің кеңінен таралуына зор ықпалын тигізді.

Қазіргі кезде жаңандану заманда әлемде интернетпен қоғамдар, ғылым және мәдениет адамдары негізінен ағылшын тілінде сөйлеседі. Әр түрлі зерттеулер нәтижелерінде қазіргі кезде ағылшын тілін менгерген адамдардың саны нақты белгісіз. Ағылшын тілін менгерген адамдарды үш топқа бөлуге болады:

- бұл тіл ана тілі болып саналатындар, билингвистер;
- бұл тілді екінші тіл ретінде білетіндер;
- бұл тілді оқуда немесе жұмыста, яғни практика жүзінде пайдалануға тура келетіндер.

Жер бетінің әрбір жетінші тұрғыны осылардың бірі.

Ойлау қабілетін дамыту ана тілінде шет тілін де үйренудің ажырамас бөлігі болып табылатындықтан, үйрену тек құрылымын, сөз тіркестерін, сөйлеу үлгілері мен ережелерін жаттаумен шектелмейді.

Бұл міндет іс жүзінде когнитивті оқыту үдерісін енгізу арқылы жүзеге асады. Оқытудың когнитивті үдерісін алғашқылардың бірі болып Л. Толстой былай деп бағамдады: «Оқушыларды еркіннен тыс күшпен оқытулар мен жаттатулар арқылы тілді үйретуге болмайды. Әрдайым оқушыға сөздің өзі емес, сол сөзді білдіріп тұрган ұғым түсініксіз болады. Осы сөз дайын болғанда сөз де дайын...»

Психологиялық зерттеулер мен оқыту практикасы ми өзінің жеке менталды құрылымын жасағанда оқыту жақсы жүретінін ал оған дайын құрылым бергенде ол тежелетінін көрсетеді. Сондықтан лингвистикалық білімді дайын күйінде беру емес, оның туындауы мен дамуына көмектесу қажет. Оның туындауына сөйлесу қажеттілігі мен өзін-өзі көрсету қажеттілігі әсер етеді. Бұл жағдайда фильмдер мен сериалдарды түпнұсқада көру шет тілдерді үйрену мен дамытуда неғұрлым пайдалы, өйткені бұл қабылдау арқылы жүзеге асады. Алдымен адам көптеген сөйлемдерді өз ой елегінен өткізеді, сонаң соң айтады және өз сөйлемдерін құрастырады. Бұл тәсілді бірнеше қадамға бөлуге болады.

1 кезең - ана тіліндегі аудармада көру. Бұл қадамды танысу деп атауға болады. Өйткені бұл кезеңде сюжетпен танысу болады. Үйреніп жүрген тіл түрғысында белгілі бір деңгейі болған жағдайда бұл қадамнан аттап өтуге болады.

2 кезең - ана тіліне аудармада және түпнұсқадағы субтитрмен, бұл қадамда сөздік қорды кенейтіп, грамматиканы жақсартуға болады.

3 кезең - түпнұсқа түріндегі аудармамен және ана тіліндегі субтитрлерімен көру. Бұл жерде шет тілінің дыбысталуына, кейіпкерлердің сөйлеу мәнеріне, акцентіне үйрену жүреді.

4 кезең - аударма мен субтитр арқылы түпнұсқада көру. Бұл кезеңде тіл мен кез келген сөздерді түсіну ғана емес, әңгіменің не жайлыштырылуы мен сөздердің дұрыс жазылуы есте сақталады.

5 кезең – түпнұсқада субтитрсіз көру. Кей жағдайларда сөйлесу кезінде таныс сөздердің өзін аудару мүмкін емес, себебі оларестілмейді. Осы кезеңнен кейін әңгімелеушіні шын өмірде түсіну оңай болады.

Фильмдерді түп нұсқасында көру білім алушының шет тілін үйренудегі білім деңгейін көтерудің бір тәсілі. Сонымен қатар фильмдер сөздікте жоқ сленг сөздер мен формалды емес сөздерді үйренуге және сөздердің дұрыс айтылуын жақсартуға мүмкіндік береді. Көп жағдайда бұл тәсілді тандау саналы түрде болғандықтан пайдасы зор болмак. Бір сөзбен айтқанда, ағылшын тілі қазіргі заманда маңызды қатынас құралы.

Қорыта келе, бүгінгідей жаңандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік менгеру - бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір

сүріп дамиды. Тұнғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік менгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деп айтқан еді. Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие. Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта тұсуі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете тұсуде. Тіл үйренудің ешқандай зияны жок, керісінше пайдасы ұшан-теніз. Туған тілінді білуге тиісті емессің, міндеттісің дер едім. Ал басқа мемлекеттің алдында өз елінің дәрежесінің биік екенін мойынданату үшін, жеті тілді жетік менгеру артық етпейді.

ӘДЕБИЕТ

1. Аверина Е.Д. Методы изучения иностранных языков. – 2009. – 127 с.
2. Левицкий А.Э. Слова Л.Л, Сравнительная типология русского и английского языков: Учебное пособие. – Житомир: Изд-во ЖДУ, 2005. – 204 с.
3. Шевчук Д.А. Методика изучения иностранного языка. – 2014. – 145 с.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2006, - 96 б.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится об актуальности владения иностранным языком как одном из условий успешной адаптации в социальном пространстве, и рассматривается английский язык как самый востребованный на сегодняшний день. Автор говорить о причинах изучения иностранных языков и о преимуществах, которые это дает в повседневной и профессиональной сферах.

SUMMARY

The article talks about the relevance of foreign language as one of the conditions for successful adaptation in the social space and considers English as the most popular today. The author talks about reasons for learning foreign languages and the advantages that it gives in everyday and professional fields.

ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА - БҮЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ

*Тажикова Жанат Жумановна,
«Болашақ» университетінің коледжі*

«Жасыл экономика» - бүл экономикалық білімге жаңа бағыт беру Қоршаган ортаның жағдайын жақсарту, табиғи ресурстардың жетіспеушілігін азайту, қоғамның тұрмыс жағдайын көтеру үшін жасыл экономиканың атқаратын рөлі орасан зор.

2012 жылдың 14-ші жолтоқсанында Елбасымыздың «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты кезекті 18-ші жолдауында ел экономикасының «жасыл экономикаға» негізделген тұрақты және тиімді моделін құруға анық бағдар берілген. Ел басшылығының «жасыл экономика» идеясының қазірден жүзеге асырып жатқаны белгілі. Біріншіден, елордамыз Астанада өткен «EXPO -2017» көрмесі «жасыл экономика» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отырғаны, екіншіден Қазақстан Республикасы бұрынғы кеңестік мемлекеттер арасында экологиялық мәселері тұнып тұрған бірден-бір ел.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастауымен қабылданған «Жасыл экономика» концепциясын жүзеге асыру бойынша біршама жұмыстар жасалуда. Әлемдегі экологиялық жағдай күн өткен сайын нашарлап барады. Сол себептен көптеген елдер жаңартылған энергия көздеріне көбірек инвестиция салуға көшкен. «Жасыл экономиканы» дамытуға еліміз де айрықша көніл бөлінуде. Әйткені, жалпы әлемдік технологиялық дамудан біз де шет қалмауға тиіспіз. Сарапшылардың пайымдауынша, баламалы энергия көздерін біртіндеп арзандату ел экономикасын көтеруге үлкен көмегін тигізеді.

Қазіргі танда өмір сүру сапасын жақсарту үшін энергияны тұтынуды үнемі жақсы жолға қою қажет. Алайда энергетикалық ресурстардың бірсызыра түрлеріне жетіспеушілік білініп тұрады.

Өндірілетін энергияның 85 пайызы органикалық отындарды жағудан алынады. Талдау барысында негізгі энергия көздері шамамен 40-100 жылдан кейін таусылады деп болжап отыр. Ал мұнай 40-50 жылдан, газ 80 жылдан, уран 80-100 жылдан, көмір 400-500 жылдан кейін жойылуы мүмкін.

Қазақстан-энергетикалық ресурстардың мол қорына бай ел. Біз энергетиканың 42 пайызын көмірден, 39 пайызын газдан, 17 пайызын мұнайдан алады екенбіз.

Экологтар мен сарапшылар алдағы 20-30 жылда Қазақстан климатының күрделі өзгеріске ұшырауы мүмкін болжам айтып

ескертеді. Ал «жасыл экономика» экологиялық қауіпсіздікті азайтуға бірден-бір жол болып табылады. Осыған орай Қазақстанда «Жасыл көпір» атты бағдарлама әзірленген. «Жасыл көпір» бағдарламасын жеделдету мақсатында «Жасыл даму» бағдарламасы дайындалды.

Республикамызда энергетика мен табиғи газды өндіру потенциалы өте жоғары болып тұр. Күн және жел энергиясы потенциалы жылына 1трлн квт /сағ құрайды.

Қазіргі кезде энергия сыйымдылығының жалпы өнімі-1,9, Белоруссияда -1,7, ал Жапонияда - 0,1, яғни Қазақстандық көрсеткіштен 19 есе төмен.

Бүгінгі таңда энергиямен қамтамасыз етілмеген 1200 фермерлік қожалықтар мен жайылымдар бар. Үкімет жыл саайын 4000 шаруашылықтың шығындарының бір бөлігін жабуды жоспарлап отыр.

Республикада 2020 жылы 793мвт 14 гэс 170 мвт және 4 күн электростанциясы өндіретін 13 жаңа жел қондырғылары салыну қажет.

2012 жылы электроэнергия көлемі 450 34 млн квт /сағ өсті.

Энергетиканың альтернативті қайнар көзінің дамымауының негізгі себебі - энергияның біршама арзандығы. Энергетика өндіретін құрылғыларды шығаратын өндірістік базалардың жоқтың қасы.

Қазіргі кезде әр түрлі талдау нәтижесінен елімізде 25-30 млрд т қордың жиналғанын білуге болады. Мұның өзі адам басына 1800 кг қалдық келетінін байқатады.

Еліміздің экологиялық катынастарын жақсарту үшін қалдықтарды азайтудың проблемаларын тиімді шешу қажет.

«Жасыл экономика» - бұл тек энергия көздерін пайдалану ғана емес сонымен қатар біздің өмірімізде өнімдерді қайта өңдеуде дамыған әдістер мен тәсілдерді қолдану.

Жалпы алғанда, осы бетбұрыс біздің елге қай жағынан және қалай пайда әкелетінін білу үшін, әрине, шетел тәжірибесіне үңіле көз жіберу маңызды. Бұл мәселеде тұptеп келгенде ұтылудан ұтудың көп екендігін алғаш болып Оңтүстік Корея дәлелдеді десек, артық айтқандық болmas. Ал АҚШ-та «жасыл» экономиканы дамытудың басты бағыты ретінде баламалы энергетиканы дамыту жолға қойылған. Кез келген әлемнің нефурлым дамыған елдері «жасыл» экономика қағидаттарын ұстанады. Атап айтсақ, Монғолия, Қытай сияқты елдер де басшылары жария еткен өршіл «жасыл экономика» жоспарларын жүзеге асыруда.

Жекелеген жобаларды алатын болсақ, инвесторларды ынталандыру арқылы соңғы екі жылда Қазақстанда жаңартылған энергия көздерін пайдалану нарығына көптеген нысандар іске қосылған. «Жасыл» экономикаға көшу жолында Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан «Жасыл» экономикаға көшу

жөнінде кеңес құрылғанын айта кеткен жөн. Сонымен қатар еліміздің су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, ол жақсы деңгейде жүзеге асып келеді. Және де отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі концепциясы бекітілді.

Сарапшылардың пікірінше қоқыстардың 95 пайызы ашық аспан астында табиғатты ластап жатыр. Плазмалық қайта өндіреу негізінде жұмыс істейтін зауытта қалдықтарды өте жоғары температурада жағады. Одан шықкан газ атмосфераға үшпай, электр энергиясын өндіруге кетеді.

Сонымен қатар алынған газдан әйнек қалдықтары алынады. Оны жол, көпір салуда, бетонға қосуға болады. Сол себепті әр түрлі әдістер мен тәсілдердің бір кешенге біріктіріп, нәтижесінде көп пайда тауып, қоршаған ортаға аз шығын келтіреміз.

Жылу-энергия кешені еліміздің табиғатын ластаушы болып табылады. Көмір өндіретін бүргілау жұмысының өзі экологиялық экономикалық мәселелердің туындауына әкеп соғады.

Көмір өндіру ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін топырақты ластап, ауыл шаруашылығы дақылдарының өсуін азайтып, экологиялық дағдарысқа әкеп соктырады.

Әлемде отын энергетикалық құрылым балансы қарқынды өзгеріп жатыр. Альтернативті отын дамуы жүріп жатыр. Көмірден газга көшу жұмысы қолға алынды. Осыған байланысты өнеркәсіп өндірісінде метанды пайдалану тиімділігін айта кету керек. Өнеркәсіп пен энергетикада метанды пайдалану, жеке секторда газдандыру, автокөліктерді газбен қамтамасыз ету осының бәрі үлкен әлеуметтік экономикалық тиімділік әкеліп, атмосфераға бу газдарының азаюына септігін тигізеді.

«Жасыл экономика» концепциясы-қарқынды даму мәселелерімен байланысқан экономикалық ғылым мен философияға бағытталған идеялар. Адамзаттың өмір сүру деңгейін көтеруде айтарлықтай әсері бар. Мәселен, табиғи капиталдың тозуы, таза ауыз суының жетіспеушілігі, өнеркәсіп, энергия, климаттың өзгеруі. Энергияның ең көп тараған альтернативті қайнар көзі гидроенергетика және атом энергиясы болып табылады. Бірақ оларды экологиялық деп те айта алмаймыз. Жазықтағы электростанциялар отынды қажет етпейді, атмосфераны ластамайды. Алайда табиғи баланстың бұзылуына әкеп соғады. Электростанцияның басты мәселесі бұл - ядролық қалдықтар. Бұл мәселені шешу үшін термоядролық синтез негізінде жұмыс жасайтын қалдықсыз электростанция салынып жатыр. Қауіпсіз болу үшін күн батареясы мен жел электростанциясы жұмыс істейді. Ғалымдар климат өзгерістерін азайту үшін энергетикалық төңкеріс қажет деп отыр.

Бизнес ортасында да жасыл экономика басты назарда жур. Қаржылық қорлар, венчурлі капиталистер, дамыған елдердің үкіметі, бизнесмендер мен кәсіпкерлер, тұтынушылар жасыл экономиканы құруға кірісіп кетті. Энергетикалық тиімді технологияларға салынған инвестициялар мен табиғи инфрақұрылымдар әлден өз нәтижесін беруде.

Елдер өздерінің әлі келгенше экономикасын жасылдандыруға құш салуда. «Жасыл экономикаға» өту мақсатында құралдардың кең көлемдегі спектрі төменде көлтірілген:

- тиімсіз субсидияларға рұқсат бермеу, бағалауды дамыту принциптерін енгізу, табиғи ресурстарды бағалаужәне қоршаған ортаны ластағаны үшін салық салу;
- мемлекеттік сатып алу саясаты;
- «экологиялық салық салу» жүйесін реформалау;
- инфрақұрылымды дамыту принциптерін мемлекеттік инвестиациялауды өсіру;
- экологиялық таза технология құруға байланысты зерттеу жұмыстарына мемлекеттік мақсатты қолдау;

Жасыл экономистер халықаралық келісім кезінде Тобин салығын 1 пайыз көлемінде салынуын ұсынып отыр. Сонымен қатар «табиғи капитал» категориясын қолдануды талап етіп отыр.

«Жасыл» құрылыштық гимараттарды үнемдеу үшін көптеп қолданылуада. 200 мың пәтерді «жасыл» модернизациялау 25 мың жаңа жұмыс орнын құруға және 116 ескі жұмыс орнын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Жел энергетикасы жұмыспен 300 мың адамды, күн энергетикасы - 600 мың адамды биоотын өндіру индустриясы - 1 млн 250 мың адамды жұмыспен қамтиды. Қалдықты қайта өндіреу жолымен шамамен 40 пайыздай әлемдік құрыш және 25 пайыздай алюминия алынады. Мұның өзі 250 мыңдай адамды жұмыспен қамтамасыз етеді.

Қазақстан Орталық Азияда бу газ қалдығын шығарудың ең ірі қайнар көзі болып табылады. Ал транспорттық сектор көмірқышқыл газының қалдығын тез өсіп отырған өзегі. Қазақстанда автокөлік өндірушілер өнім өндіруді азайта бастады. Сондай-ақ қалдықтарды басқару Экологиялық кодекспен реттеледі.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан. – 2012. -14 желтоқсан.
2. Азгальдов Г.Г., Костин А.В. Интеллектуальная собственность, инновации и квалиметрия // Экономические стратегии. - 2008.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы,

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются очередной 18 послание Президента под названием «Казахстан -2050: новые государственные политические направления». В послание даны направление для экономики страны построить перспективные и эффективные модели «Зеленой экономики». Н.А. Назарбаев в своем выступлении отметил, что в Казахстане надо открыть специальные институты, занимающие проблемами зеленой энергетики. Рост темпа промышленности, развитие страны и нехватка ресурсов приводят к рассмотрению правительством и страны экологические проблемы и перевод Казахстана на зеленую экономику

SUMMARY

In the above article in the 18th message of the President named «Kazakhstan-2050 a new political course of the established state a concrete orientation to forming stable and effective model of the country's economy based on the» green economy. Nursultan Nazarbayev emphasized the necessity of forming a special institute studying green energy in Kazakhstan.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

СҰРЫПТАУДЫҢ СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ ПОПУЛЯЦИЯЛАРДА ӘСЕР ЕТУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

*Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,
Әлібекова Фалия Бекқожақызы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаттары,
қауымдастырылған профессорлар, «Болашақ» университеті;
Смат Айгерім,
студент, «Болашақ» университеті*

Сұрыптау үшін ағзалардың гетерозиготалы болғаны қажет. Сұрыптау жаратылышта мутациялық және комбинациялық өзгергіштікten жасалынатын гетерогенділікті ылғи да іздейтін сияқты және де өзінің жаратушылық іс-әрекеттері үшін ешқандай да бағытты тәрбиеге мүқтаж емес. Популяцияда қандай да бір белгі бойынша азғантай болса да гетерозиготалық қаншалықты сақталса, сұрыптаудың да әсері соншалықты жалғаса береді [1-2].

Сұрыптау гомозиготалықтың алдында тоқтайды. Оның басқа бірдей жағдайларда әсерінің тоқтауы қандай да белгінің дамуын анықтайтын гендер мөлшеріне байланысты. Бидайдың будандық популяциясындағы масақтың қылтықтығы мен қылтықсыздығына сұрыптау тек бірқайтарағанда әсер етеді, себебі бұл белгі бір жұп генмен анықталады. АҚШ-тың Иллинойс тәжірибе стансасы деректерінде, жүгөрі дәніндегі май мен ақуыз (полимерлі белгілер) шамасына сұрыптау 80жылдан аса уақыттан бері әсерін жалғастыруда. Бұл тәжірибеде ауытқуларға қарамастан, май мен ақуыз шамасын көтерудегі немесе төмендетудегі сұрыптау әсерінің жалпы бағыты өте күшті көрінеді. Демек, бір дақылдың өзінде сұрыпталу бағытына байланысты шаруашылық-пайдалы қасиеттер күрт өзгере алады [3-4].

Жаздық арпа дақылының Карагандинский 6 және Арна сорттарын салыстырайық. Карагандинский 6 сортын Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция ФЗИ шығарған, 2009 жылы селекциялық жетістіктердің Мемтізбесіне енгізіліп, Шығыс Қазақстан мен Қостанай облыстарында пайдалануға рұқсат етілген. Ал Арна – «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ФЗИ» ЖШС-да алынған сорт. Ол 1997 жылы Мемтізбекке енгізіліп, еліміздің бірқатар аймақтары – Ақмола, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарының өндірістерінде пайдалануға рұқсат етілген ерте пісетін сорт.

Арпаның Карагандинский 6 сортynyң дәнінде ақуыздың мөлшері 15-17% болып, малазықтық мақсаттағы дағылға жатса, Арна

сортының ақуызы – 11-12%, сыра қайнатуға арналған. Олай болса, бұл сорттар шығарылған будандық популяцияда сұрыптау әсерінен түрлі бағытта: бірінде – дәндегі ақуыз мөлшерін көбейтетін, екіншісінде төмендететін форматұзу процесі өткен.

Жаздық арпаның Ақтөбе, Қарағанды және Қостанай облыстарында өсірілетін құрғақшылыққа, тозанды қаракүйе ауруына төзімді Карабалыкская 150 сортын да (селекциялық жетістіктер Мемтізбесіне 1999 жылы енгізілген) Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасының селекционерлері төзімділік қасиеттерге арнайы бағытталған сұрыптаумен алды.

Біздің еліміздегі М.Айтхожин атындағы Молекулалық биология және биохимия институты мен «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ФЗИ» ЖШС ғалымдары бірлесіп жаппай сұрыптаумен шығарған, кезінде Ресейдің Түмен, Новосібір облыстары мен еліміздің Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылған жаздық бидайдың Лютесценс 70 сорты дәндері масақта өсімдік тамырымен түрғанда өнбейтін, көктемейтін қасиетті. Сортты жасауда институттың ғалымдары дәннің масақта көктеуі альфа-амилаза ферментінің көптігінен болатынын ескере, бастапқы материалдағы осы ферменттің аз мөлшерлі өсімдіктерін ірікеп сұрыптаумен – жоспарлы түрде популяцияда альфа-амилазаны азайтумен айналысқан болатын.

Сұрыптаудың шығармашылық мәні, ағзалардың көбеюі үнемі ілесетін мутагенез және будандастыру процестерімен байланысында анықталады. Сұрыптау мутация мен будандастыру нәтижесінде пайда болатын ағзалардың үздіксіз және түрлі бағытты өзгергіштігіне сүйенеді. Сыртқы орта ағзалардың бейімделетін өзгергіштігін жасамайды, ол әр түрлі бағыттарда жүреді [4].

Бір жағдайдағы өзінде ағзалар өзгергіштігі әр түрлі бағытта жүреді, бірақ сұрыптау ақырындан немесе тездетіп нашар бейімделінген формаларды ығыстырады, тым аз дәрежеде болса да сол жағдайға жақсы бейімделген, мөлшері бастапқы популяцияда үнемі көбейіп тұратын ағзаларды сақтайды. Мысалы, жазы қысқа болатын жерде өте ерте пісетін де және өте кеш пісетін де өсімдік формалары пайда болады, бірақ та сұрыптау ерте пісетін формалар мөлшерін сақтайды және көбейтеді, ал кеш пісетін формаларды азайтады. Сөйтіп, біртіндеп форматұзу бастапқы популяцияның вегетациялық кезең ұзақтығы қысқару бағытына қарай жүреді. Сұрыптау оны жылдан-жылға көптеп ұзақ емес вегетациялық кезең жағдайында өсуге бейімдейді.

Құрғақшылықты аудандарда түрлі сыртқы орта жағдайлары – жоғары температура, ауа мен топыракта ылғал жетіспеуі, ультракүлгін сәулелер және т.б. әсерінен құрғақшылыққа нашар да және өте төзімді де мутанттар осы қасиеттерді анықтайтын қандай да бір белгілер

бойынша пайда болады. Бірақ сұрыптау популяцияда құрғақшылыққа өте төзімді формаларды сақтап және жинақтап, ал онша төзімді еместерін ығыстырып тастап отырады.

Құрғақшылық жерлерде сұрыптау нәтижесінде қалыптасқан экотиптер өнімділігі, ылғалды аймақтан шыққан экотиптерге қарағанда төмендеу. Олардың масақтарының размері де кішкене және дәндөрі де ұсақ болып келетіні белгілі. Бұл өсімдіктің ксероморфтылық дәрежесі мен өнімділік мөлшерінің көрі байланыстылығымен түсіндіріледі. Құрғақшылық жерлерде жеке өсімдіктердің жоғары өнімділік белгілері пайда болады, бірақ олардың құрғақшылыққа төзімділігі төмендейді. Қысқа масақты және ұсақ дәнді формалар үлкен масақты және ірі дәнділерден гөрі құрғақшылыққа төзімді келеді. Сұрыптау популяцияда бірінші формалар мөлшерін сақтайды және көбейтеді, ал екіншілерді ығыстырады. Құрғақшылықты аумақта қалыптасқан популяция арасында ірідәнді формалардың пайда болуы мен сақталуы және олардың ақырындан ұсақдәнділерді ығыстыруы өте сирек жағдайларда болады. Және де бұндай формалар селекция үшін аса үлкен құндылық танытады. Егер құрғақшылықты жерлерде ірідәнді өсімдіктердің ұсақ дәнділерден артықшылығы болатын болса, онда оларда өте мықты тамыр жүйесі немесе өте жоғары фотосинтездік қабілеттілік – тұқым қуалайтын ерекшеліктер пайда болуы арқасында жоғары өнімділік пен құрғақшылыққа төзімділіктің физиологиялық сыйыспайтындығы кандай да бір дәрежеде үзілгендейді.

Ылғалды жерде қалыптасқан экотиптер негізінде жасалған сорттардың құрғақшылықты аудандардағы популяциядан шыққан сорттарға қарағанда дәндөрі өте ірі, бірақ та соңғылардың ішінде, тәртіп бойынша ірідәнділер өнімдірек. 1000 дәннің өте жоғары массасы – сорттардың құрғақшылыққа салыстырмалы төзімділігінің көрсеткіші. Өнімділік пен ірідәнділіктің арасындағы байланыс, осы көрсеткіштердің құрғақшылық жерде орналасқан бір селекциялық-тәжірибелік мекеменің өзінде, сорттардың шығарылған уақыты бойынша салыстырғанда өте жақсы көрінеді. Бірінен соң бірін ауыстыратын өнімдірек сорттар, сонымен бірге ірідәнділеу келеді. Ылғалды климат жағдайында және үлкен нормаларда тыңайтқыштар енгізуде құрғақшылыққа төзімділік белгілері жеткілікті жоғары емес жоғарыөнімді формалар сұрыпталынады.

Картопта протеиннің шамасы мен өнімділік арасында көрі корреляция орнықкан және осы қасиеттердің бір сортта үйлестіру өте қыын. Өнімділік пен дән ақуызы шамасының байланысы да көрі: өнімділік көтерілген сайын ақуыз пайызы төмендейді. Бидай мен арпаның жоғарыөнімді батысеуропалық сорттарында ақуыздың пайызы төмен. Бұл дақылдардың құрғақшылықты далалық аймақтарда

жасалынған сорттары төменөнімді келеді, бірақ олардың дәндерінде ақуыз әлдеқайда көп шамада болады.

Өсімдіктердің көптеген өте маңызды шаруашылық қасиеттерінің физиологиялық сыйыспайтындығы абсолютті емес. Селекция арқылы оны қандай да болмасын дәрежеде жоюға болады. Ол жоғары өнімді, аязға, құрғақшылыққа жеткілікті төзімді, мысалы, күздік бидайдың Элия сорты, жаздық бидайдың Волгоуральская сорты және т.с. с. жоғары өнімділігі салыстырмалы жоғары мөлшерде ақуызды сорттар шығарумен көрінді.

Күздік жұмсақ бидайдың Элия сортын «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ФЗИ» ЖШС құрделі сатылы тұрааралық шағылыстыру және әрі қарай жеке сұрыптаумен шығарған. Бұл сорт 2007 жылы селекциялық жетістіктердің Мемтізбесіне еніп, Алматы облысында пайдалануға рұқсат етілген. Еліміздің онтүстік-шығысының климаттық жағдайындағы сұыққа және ауруларға төзімділігінің арқасында өте жақсы қыстап (96-98%) шығады. Сабағының қысқалығынан әрі мықтылығынан жығылмайды. Ауруларға төзімділік қасиет жергілікті будандық тізбектен (2440-48-494) алынған болса, қысқасабақтылық Прогресс сортынан. Ұнының сапасы мен наубайханалық қасиеттері жақсы. Қазақстан Республикасының пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің Мемтізбесіндегі күздік бидайдың ең құнды сорттары тізіміне енген [5].

Жаздық жұмсақ бидайдың Волгоуральская сортын еліміздегі Орал ауыл шаруашылық тәжірибе стансасы (Батыс Қазақстан облысы) және Ресейдің Н.М.Тулайков атындағы АШФЗИ (Самара) мен Онтүстік-Шығыс АШФЗИ (Саратов) селекционерлері бірлесіп шығарған. 2003 жылы селекциялық жетістіктер Мемтізбесіне Батыс Қазақстан облысы өндірісінде пайдалану үшін енгізілген. Сорт жапырағының үстінгі қабатында су ұстая қабілетінің өте күшті болуынан, ыстық (аңызақ) мезгілдерде жапырақ аппаратында тіршілік қабілетін ұзақ уақыт сақтайды. Құрғақшылықты жерлерде тұрақты жоғары өнімді. Сорттағы жоғары өнімділік пен жоғары наубайханалық сапаның сирек үйлесімі құрделі сатылы будандастыру және бағытталған сұрыптаумен жеткізілген.

Өте маңызды болып келетін шаруашылық-биологиялық қасиеттердің бір өсімдікке сыйыстыру қындықтарын жеңуде алшақ шағылыстыру, сондай-ақ жасанды мутагенез үлкен рөл атқарады.

Сұрыптаудың шығармашылық рөлі, сондай-ақ тұқым қуалайтын өзгергіштіктің бағытты еместігі, әсіресе аурулар мен зиянкестерге төзімді өсімдік формалары мен сорттарын жасауда анық көрінеді. Өсімдікте қандай да бір насекоммен зақымданудан төзімділік қалыптаспайтыны айдан анық. Мысалы, картоп қоңызы жапырағы мен сабағында демиссин алколоиды болатын картоп өсімдігін

жемейтіндігі белгілі. Бірақ ол алкалоид өсімдікте қоныз жеуінен қалыптасты дегенді білдірмейді. Демиссинді картоптың формалары мен түрлерінің болуы –сол өсімдіктегі биохимиялық қасиеттердің бейімделімдеу өзгергіштігінің нәтижесі: ол формалар картоптың аса қауіпті зиянкестерінің бірімен күресте артықшылық танытқандықтан, сұрыптаумен сақталған.

Швед шыбыны, жапырақ негізі жұмыртқа салуға кедергі жасайтындағы етіліп қатты түктенген бидайдың *Triticum timopheevii* (Zhuk.) түрінен басқа, бидайдың барлық түрлерін зақымдап тастайды. Насекоммен зақымданудан қорғануға осындағы механизм қалыптастыру бұл жағдайда да сұрыптаудың нәтижесі, ол өзінше болатын бейімделгішті өзгергіштік емес. Ауруларға төзімді формалар түзілуде де осындағы. Мысалы, татқа төзімді формалар мен сорттар бұл ауру өте көп таралған аймақтарда жасалынатыны кездейсоқтық емес. Қандай да болмасын ауру түрлеріне төзімді өсімдік формаларын жер шарындағы қоздырғыштың расатұзу процестері ерекше өте қатты журген аудандарынан іздеу керек екенін Н.И.Вавилов та айтып кеткен. Сұрыптау таттың жаңа расалары үнемі түзілетін жерлерде өте төзімділерді сактай және залалданатын формаларды ығыстыра, ерекше қарқынды әсер етеді. Кенияда бидайдың осы елдегі аса қауіпті ауруы – сабақ татының өсіп-дамуына өте қолайлы жағдайлар болатыны белгілі. Мұнда паразиттің расалық құрамы тез ауысып тұрады және оның өте вирулентті расалары түзіледі. Сондықтан бидайдың кениялық формалары сабақ татына өте күшті иммунитет алған. Сары және қоныр таттар көп таралған Аргентина мен Чилиде осы ауруларға егістік төзімділікті формалар мен сорттар қалыптасқан. Тат ауруы таралмаған жерлерде де бағытталмаған сипаттағы өзгергіштікten қандай да болмасын дәрежеде төзімділік пайда болады, бірақ та онда төзімділік ұрпақтың өміршендігіне әсер етпейтіндіктен сұрыптаумен күшейтілмейді.

Ендеше, Дарвиннің эволюциялық іліміне толықтай сәйкес келетін барлық селекциялық тәжірибелер, өзгергіштіктің адекватты бейімделгіш сипатта болмайтынын және өз бетінше өсімдіктің жаңа формалары мен сорттарын жасамайтынын көрсетті. Селекцияда шығармашылық рөлді бөлінбейтін өзара байланыстағы табиғи және қолдан сұрыптаулар атқарады. Қандай да болмасын популяциядан ең жақсы өсімдікті қолдан сұрыптауда, міндетті түрде алдыңғы табиғи сұрыптаудың оған әсерінің нәтижелерін ескеру керек. Сортты белгілі өсіру жағдайына экологиялық бейімделмеген популяциядан жасауға болмайды. Өздігінен төзанданатын дақылдардың басым көпшілік селекциялық сорттары табиғи және будандық популяциядан бірқайтara сұрыптаумен және ең жақсы жеке өсімдік ұрпақтарын әрі қарай көбейту нәтижесінде шығарылған.

Бірақ сұрыптау, оның барлық мәні тек болашақ сорттардың бастапқы түпкі бір өсімдігін бөліп алу актімен шектелетін болса шығармашылық әдіс болmas еді. Міндетті түрде сұрыптаудың алдында тандау немесе бастапқы популяцияны қолдан жасау болады. Ол көптеген тандалған ата-аналық формаларды кезекпен шағылыстыруға қосу және көпмәрте қайталанатын жинақтау сұрыптауымен, күрделі сатылы будандастыру әдісін қолданумен жана сорт жасауда өте жақсы көрінеді. Табиғи популяциядан сорт шығаруда, сол экотипті қалыптастырыған табиғи сұрыптаудың ұзак әсері нәтижелеріне бірқайтара қолдан сұрыптау жасалады. Екі ата-аналық жұп шағылыстырудың будандық популяциядан алынған ең жақсы өсімдік, болашақ сорттың туысбасы болуы мүмкін, егер осы жұптың ең болмағанда біреуі табиғи немесе қолдан сұрыптаумен жергілікті жағдайда өсіруге экологиялық бейімделген болса.

Сұрыптаудың әсерлігі, бәрінен бұрын бастапқы популяцияны құрайтын дарақтардың арасындағы генетикалық айырмашылықтармен анықталады. Сұрыптаудың популяциядағы мүмкіндігі сол белгілер мен қасиеттер бойынша гетерозиготалық құштірек көрінген сайын арта түседі. Гетерогендік төмендеген сайын, ол бағыттағы келесі сұрыптаулар әсері төмендейді. Егер ол белгі бойынша гетерогендік түгісле, сұрыптаудың әсері тоқтайды. Сондықтан белгі немесе қасиет көп гендер арқылы анықталатын болған сайын, сұрыптау да ұзағырақ әсер етеді.

Сұрыптау селекцияның міндеттеріне байланысты жеке, бірнеше немесе көптеген белгілер бойынша жүргізіледі. Өсімдіктің қандай да болмасын бір белгісін басқа ерекшеліктерге байланысын ескермей, біржакты сұрыптаудан өнімділікке және өнімнің қалыптасуына толықтай әсер ететін процестердің физиологиялық үйлесімі бұзылады. Мысалы, тұқымды ірілендіруге жасалған сұрыптауды өсімдіктің тамыр жүйесінің жақсы дамуына сұрыптаумен бірге жүргізбесе нәтижесіз болып шығады. Бұл жағдайда сұрыпталатын форма тұқымдарының ірілігін көтеру, масақтың дәнділігінің кәдімгідей төмендеуіне алып келеді. Әр аймаққа өзіне қолайлы ұзактықты вегетациялық кезең тән, одан ауытқудан өнімділіктің төмендеуі мүмкін. Сондықтан ертепісулікке біржакты сұрыптау, бірқатар климаттық жағдайларда өсімдік өнімділігінің төмендеуіне алып келеді, қант қызылшасы тамырлары массасын көбейтуге сұрыптау көп жағдайда қант мөлшерінің төмендеуіне әкеледі және т.с.с.

Сұрыптауда көптең көңіл аударуды қажет ететін басты көрсеткіштер – өнімділік (өнім), өсірудегі колайсыз жағдайларға (күрғақшылыққа, төмен температураға және т.б.) төзімділік, өнімнің жоғары сапасына, аурулар мен зиянкестерге төзімділік, өсіру механизациясына жарамдылық.

ӘДЕБИЕТ

1. Майлс О. Теоретические основы селекции растений. –М.: Колос, 1984. – 295 с.
2. Бороевич С. Принципы и методы селекции растений. – М.: Колос, 1984. – 344 с.
3. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. – 447 с.
4. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. – Астана: Фолиант, 2015. – 416 с.
5. Сборник сортов и гибридов сельскохозяйственных культур, используемых в Республике Казахстан. – Астана, 2017, – 125 с.

РЕЗЮМЕ

В статье дается анализ творческим значениям отбора, которые выявляется в его связях с процессами мутагенеза и скрещивания, постоянно сопровождающими размножение организмов. Обычно отбор опирается на непрерывную и разнонаправленную изменчивость организмов, возникающую в результате мутаций и гибридизации. Условия внешней среды не создают приспособительной изменчивости организмов, она идет в самых различных направлениях. Эффективность отбора определяется прежде всего генетическими различиями между особями, составляющими исходную популяцию. Возможности отбора тем больше, чем сильнее выражена в популяции гетерозиготность по данному признаку или свойству.

SUMMARY

The article analyzes the creative values of selection, which are revealed in its relations with the processes of mutagenesis and crossbreeding, constantly accompanying the reproduction of organisms. Usually selection is based on continuous and multidirectional variability of organisms resulting from mutations and hybridization. Environmental conditions do not create adaptive variability of organisms, it goes in different directions. The effectiveness of selection is determined primarily by genetic differences between individuals that make up the original population. The more pronounced the heterozygosity in the population on a given characteristic or property, the more opportunities for selection.

БУДАНДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛАРЫ

Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
«Болашақ» университеті;
Кенбаев Бақыт Қуанышбекұлы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
М. Ілғанов атындағы политехникалық колледжі;
Бейсенгазы Серік,
студент, «Болашақ» университеті

Қолдан будандастыруда қолданылатын техникалық тәсілдермен белгілі комбинациядан қажетті мөлшерде будандық дәндер алу үшін таңдал алынған атальқ сорт тозандарымен аналық сорт гүлдерін тозандандыру қамтамасыз етіледі. Шағылыстыру үшін өте жақсы жетілген, сондай-ақ ауырмаған өсімдіктер таңдалынып алынады.

Шағылыстыруда қолданатын техникалық тәсілдердегі айырмашылық, бәрінен де бұрын белгілі дақыл гүлнің құрылышымен (косякнысты немесе даражынысты гүлдер, гетеростилия және басқа ерекшеліктер), тозандану тәсілімен және гүлдеу сипатымен (өздігінен тозанданатын немесе айқас тозанданатын, ашық немесе жабық гүлдеу және т.б.) анықталады [1-3].

Шағылыстыру жүргізгенде, сондай-ақ мынаны ескеру қажет:
өсімдік гүлдеуінің ұзақтығы;
гүлшоғыры (масақ, сыпыртқығул, себет және т.б.) төңірегінде гүлдеу сипаты;
тәулік бойындағы гүлдеу уақыты;
тозаң мен аналық ауыздың тіршілікке қабілеттігінің ұзақтығы.

Бұл көрсеткіштер түрлі сорттар мен формаларда жыл бойынша қатты өзгереді және ауа райы жағдайлары мен топырактық-климаттық аймақтарға байланысты. Мысалы, гүлдеу метеорологиялық жағдайларға байланысты бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке созылуы мүмкін. Үстік құрғақ ауа райында гүлдеу фазасы күрт қысқарады, ал ылғалды және қолайлы жылы ауа райында гүлдеу ұзаққа созылады. Бидайдың гүлдеуі масақтың орталық бөлігіндегі масақшалардан, ал масақшада – бүйір гүлдерінен басталады. Арпада бүйір гүлдер ортадағылардан әлдекайда ерте гүлдейді және т.с.с. Тары мен сұлы сыпыртқығулдерінің жоғарғы бөлігіндегі масақшалар ерте гүлдесе, сонан кейін ортағылары мен төменгілері гүлдей бастайды.

Көптеген дақылдардың гүлдеуі күн бойына бірдей емес, гүлдердің көпшілігі таңертенгілік, сондай-ақ кешкілік уақытта ашылады.

Шағылыстырудың қолдан тозандандырудың мына тәсілдерін қолданады:

1) *мәжбірлеу* – аналық өсімдік гүлдерін бір аталық өсімдік тозанымен тозандандырады;

2) *шектеулі еркін (топтап)* – аналық өсімдік арнайы таңдалынған бірнеше аталық сорттар тозандарымен еркін тозанданады;

3) *еркін шектеусіз* – аналық өсімдік айналасында өсіп тұрған барлық сорттар мен формалар тозандарымен еркін тозандана алады.

Мәжбірлеп тозандандыруды ретімен орындалатын үш тәсіл – гүлдерді кастрациялау, тозаң жинау және тозандандыру қолданылады.

Аналық өсімдік гүлдерін кастрациялағанда гүлдегі дұрыс жетілмеген тозандықтарды алып тастап, әрі қарай гүлшоғырын оқшаулады. Әдетте кастрациялауды тозандықтың пісуіне 1-3 күн қалғанда бастайды. Онда кейбір дақылдардың биологиясы мен морфологиясындағы бірқатар ерекшеліктерді есте ұсташа қажет. Мысалы, арпа дақылының масағы жапырақ қынабынан шықпай-ақ гүлдейді. Осындай жағдай бидайда да ауа райына байланысты көп байқалады, мысалы, өте құрғақшылықты жылдары.

Кастрациялауға типті, ауырмаған, мықты өсімдіктерді, гүлшоғыры бойында өте тамаша жетілген гүлдерді таңдайды да, әрі қарай жақсы дамып-жетілген будандық дәндерді қалыптастыру үшін оларға жақсы жағдайлар жасайды. Осы мақсатта, мысалы, масақты дақылдарда масақтың жоғарғы бөлігін қайшымен қылпап, төменгі масақшаларын пинцетпен жүлады.

Бидайдың әр масақшасынан бүйір гүлдерін қалдырып, ортадағыларын алып тастайды. Сонаң соң масақшада қалдырылған гүлдер тозандықтарын алып тастауға – кастрациялаудың өзіне кіріседі.

Гүлдер құрылышын ескере, оларды мүмкіндігінше зақымдап алмауға тырысу керек. Өзін-өзі тозаңдаудың кез келген мүмкіндігін болдырмау үшін тозандықтарды толығымен және де піспей тұрып алып тастау қажет.

Кастрацияланған масаққа комбинация нөмірі, аналық сорттың аты, кастрацияның атқарылған күні мен уақыты, оны жүргізушінің аты-жөні жай қаламмен жазылған жеңіл ылғал тартпайтын пергаментті немесе целлофанды оқшаулағыш қалпақша кигізіп қояды. Оқшаулағыш қалпақшаның астыңғы жағынан ішіне біте және басқа да зиянкестер еніп кетпеу үшін, оның өсімдік сабағымен жанасып тұратан жері мақтамен қымталады.

Кастрацияланған масақты өсімдіктің сабағы оқшаулағыш қалпақша салмағынан сынып кетпеу үшін өсімдік жанына тігінен тіреуіш қадап, оған қалпақшаны жоғарғы және төменгі деңгейінен байлап қояды. Осымен жұмыстың дайындық кезеңі аяқталады.

Тары, күріш және кейбір басқа астық дақылдарын кастрациялау біршама техникалық қыындықтармен байланысты. Соңғы кездері осы аталған дақылдар гүлдерін кастрациялау үшін аналық ауыздың тозандың қарағанда жоғары температураларға жоғары төзімділік танытатынына негізделген жылытылған ауа көмегімен кастрациялайтын, жеткілікті өндірімді тәсіл ұсынылуда. Ол өсімдік гүлдеріне 10-15 минут экспозицияда 44-46°C температурамен әсерден тозанданудан соң жоғары мөлшерде (70% және одан да жоғары) дәнбайлауды қамтамасыз етеді. Бұл әдістің кемшілігі – бір масақтың өзінде сыртқы түрі бойынша көп жағдайда ажырату қыын будандық та, будандық емес те дәндер түзіледі. Сондай-ақ, кастрациялаудың тағы бір тәсілі – химиялық кастрациялау да бірқатар дақылдарда зерттелді, мысалы, күнбағыс дақылында.

Гүлдерді кастрациялауда ылғи өсімдік жаракаты, зақымдануы болып тұруынан дән толық болмай қалады. Мысалы, жалпы қабылданған кастрация әдістемесі бойынша арнайы қойылған тәжірибелерде, арпаның 1000 дәнінің массасы 1/3-ден көп шамаға төмендеген. Бұндай дәндердің ескіндері әлсіз және сирек, өсімдіктері нашар жетілген және өнімді түптері де аз шамада болады. Ал бүйір гүлдерді алып тастамай-ақ гүл қабыршағының жоғарғы қылтықты бөлігін ғана қыып тастағанда кәдімгіге жақын, яғни табиғи тозандануда қалыптасатында толысқан дәндер алынған. Бұл тәжірибе жеке дақылдардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отыра, кастрациялау әдісін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Тозандандыру үшін аталақ өсімдіктердің ауырмаған, зақымданбаған сау тозанды қажет. Бәрінен де дұрысы, піскен тозандықтарды пайдалану. Бірақ кейде тозандарды қорапшалар немесе бюкстерде жинайды. Егер аналық ауыз піспеген, ал тозандықтар піскен болса, онда тозанды жинайды да, біршама уақыт эксикатор немесе қақпағы жақсы жабылатын ыдыста салқын жерде сақтайты. Тозаңның тіршілікке қабілеттілігін, егер ол қажет болса Петри ыдыстарындағы агар-агарда 24-25°C-та өсіріп тексереді. Өсіретін ортаны дайындауда 1г агар-агарға 100 см³ су мен 25г қант пайдаланылады.

Шағылыстыру үшін таңдалып алған сорттардың, көбіне вегетациялық кезең ұзактығы бойынша біршама айырмашылықтары болады және олардың гүлдеу мерзімі де сәйкес келе бермейді. Бұндай жағдайда шағылыстыратын сорттар гүлдеу мерзімін сәйкестендіру үшін бірқатар тәсілдер қолданылады, мысалы, түрлі мерзімде себу, кеш пісетін сорттарды яровизациялау, өсімдік сабағын орып тастау

және т.б. Егер күздік сорттарды жаздықтармен шағылыстыруға тура келетін болса, соңғыларын қыс алдында, кеш күзде немесе ерте көктемде жылыжайларда және вегетациялық үйшіктерде өсіреді.

Тозандандыру – аталақ өсімдіктердің тозаңын аналық өсімдіктер гүлдерінің аналық аузына апарып салу. Ол аналық ауыздың толық піскен кезеңінде өте сәтті атқарылады. Аналық ауыздың сезімталдығының ұзақтығы 3-тен 10 күнге дейін және ол метеорологиялық жағдайларға байланысты. Ең көп мөлшерде дәнбайлау кастрациядан 2-3 күннен кейін тозандандырудада болатындығын тәжірибелер көрсетті.

Тозандандырудың ең жақсы тәсілі – аталақ өсімдік масағынан тура алынған бір-екі піскен, пинцет тигендे жарылатын тозандықты аналық ауызға апару. Қылқаламға малынған тозаңмен де тозандандыруға болады.

Тозандандыру үшін ең жақсы мезгіл – аналық ауыздың тозаңға өте сезімтал келетін және тозаңның өте жақсы өнуі қамтамасыз етілетін ерте таңертенгі уақыт.

Тозандандырылған гүлшоғырға тозандандырылған уақыт, сондай-ақ тозандандыру жүргізген қызметкердің аты-жөні жазылған оқшаулағыш қалпақшаны қайтадан кигізеді. Масақты дақылдар гүлшоғырындағы гүлдерді осылай тозандандырады. Басқа дақылдардың шағылыстыру техникасында өзгешеліктер болғанымен, жоғарыда сипатталғандардан айырмасы шамалы.

Өсімдікті кастрациялау, өсіреле тозандандыру – аса көп киындық пен атқарылатын және төмен өндірімді процесс. Тіпті шағылыстыру техникасын өте жақсы менгерген қызметкер бір жұмыс күнінде 60-80 дейін масақша кастрациялап, 30-40 масақша ғана тозандандырып үлгереді.

Отандық және алыс-жақын шетелдік селекциялық ғылыми-зерттеу мекемелері шағылыстыруларда еңбек өндірімділігін көтеру мақсатында және жақсы нәтиже алу үшін өсімдіктерді қолдан тозандандыру техникасын, яғни технологиясын жетілдіруге мүмкіндік беретін бірқатар тәсілдер ойлап шығаруда, сондай-ақ оларды шағылыстыруда сәтті пайдалануда.

П.П.Лукьяненко атындағы Краснодарск АШГЗИ (Ресей) ұсынған тозандандырудың *топтықтасілі* көптеген селекциялық орталықтарда кеңінен қолданылуда. Оның технологиясы: аналық сорттың кастрацияланған 5-6 масағын размері 20x35 см бір жалпы оқшаулағыш қалпақшада ұстайды. Оқшаулағыш қалпақшаның ішіне әр 3-5 күн сайын суы бар банкіге немесе бөтелкеге салынған аталақ сорттың масақтарын (әрбір кастрацияланған масаққа бір жарым-екі аталақ масақ келетіндей есеппен) орналастырады. Ол үшін әрқайсысы жарылуалды кезеңіндегі піскен сары тозандықты тозандашы-сорт масақтарын аналық сорттың масақтарынан біршама жоғары

орналастырады. Өсімдік гүлін тозандандырғанда топтық тәсіл, кәдімгідеймен салыстырғанда, енбек өнімділігін 10 еседен де көпке көтеруге мүмкіндік жасайды, сондай-ақ онда байланған дән мөлшері де 3-4 есеге артады.

Бірқатар басты ғылыми-зерттеу мекемелерде шағылыстырылатын өсімдіктерді жақыннату әдісімен тозандандыру қолданылады. Онда алдын ала таңдалынған ата-аналық формалар кезектескен аралас қатарлармен егіліп, кастрацияланған аналық сорт масағы мен оған қатар тұрған аталақ – тозандатқыш-сорт масағына ортақ оқшаулағыш жалпы қалпақша кигізіледі. Бұл тәсілдің ұрықтандыру нәтижелігі мен өнімділігі топтыққа қарағанда әлдеқайда жоғары. Бірақ жақыннату әдісінің кемшіліктері де жоқ емес. Оны қолдануда, егер өсімдіктердің вегациялық кезең ұзақтығында біршама айырмашылықтар және аналық сорт өсімдігінің бойы аталақтікінен жоғары болса, бірқатар қындықтар туынтайтының жағдайы. Бұл тәсілді қолдануда ата-аналық жұптарды алдын ала, олардың сәйкестіктерін ескере таңдау қажет.

Халықаралық селекциялық орталықта (Мексика) бидай сорттарын будандастыруды *твель-әдісі* (*twirl method*) қолданылады. Онда аналық форма масақтарын кастрациялау кәдімгі тәсілмен жүргізіледі, бірақ масақша мен гүл қабыршақтарын өте төмен – аналық ауызға өте жақын қияды. Сонан кейін кастрацияланған масаққа пергаментті оқшаулағыш қалпақша кигізеді де, төменгі жағын канцелярлық қысқышпен бекітеді. Әрбір кастрацияланған аналық өсімдіктің масағына бір аталақ форманың масағы келетіндегі есеппен алынған аталақ форма масақтарын 4-5 сағат сулы ыдысқа салып қояды. Сонан соң олардың да тозандықтары пісуін жеделдету үшін масақша мен гүлқабыршақтарын төмендетіп қияды. Масақтағы бірнеше гүлден тозандықтар көрінуі, тозандардың ұрықтандыруға жарамдылығын көрсетеді. Оқшаулағыш қалпақшаның үстіңгі бөлігін қыып, оған аталақ форма масағын ақырындалап енгізеді де, бірнеше қайтара шалт айналдырады. Әдіс атауы да (ағылшынша *twirl* – айналдыру, шайқау) осыдан шыққан. Тозандандырғаннан кейін қалпақшаның үстіңгі жағын канцелярлық қысқышпен қайта бекітеді. Тәжірибелі қызметкер 1 сағатта 50 масаққа дейін тозандандырады, дәнбайлау көрсеткіші де жоғары.

Жоғарыда аталған екі кеңінен қолданылатын тәсілдер негізінде П.П.Лукьяненко атындағы Краснодарск АШҒЗИ-да (Ресей) құрастырылған қондырғыны пайдаланумен тозандандырудың тиімділігін олардан да жоғары көтеретін камералық әдіс қолданыска енді.

Еліміздегі басты ғылыми-зерттеу мекемелерінің бірі – «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС-да қолданылатын Оразалиев *тәсілі* де өте тиімді болып шықты. Онда бір

комбинациядағы аналық өсімдіктер бір генотип екендігі ескеріле, 10-12 өсімдік масағы бірден кастрацияланып, бәрінің үстіне бір қалпақша кигізіледі. Төрт-бес күн өткеннен соң, тандаған аталақ сорттың гүлдеп тұрған 4-5 масағын ұзындығы 10-15 см етіп бірге кесіп алғып, жылы су құйылған ыдысқа 15-20 минуттай салып қоюдан тозаңқаптар масақшаның сыртына шығып жарылуға (тозаң шашуға) әбден дайын болады. Сонан кейін оқшаулағыш қалпақшаның үстінгі жағын ашып, жаңағы дайын масақтарды ішіне енгізе сабактарынан ұстап айналдырады. 20 шақты кастрацияланған масақтарға аталақ сорттың 5-10 масағы жеткілікті. Масақтарды айналдырудан қалпақша іші сап-сары тозаң тұмандына айналады. Сонан соң қалпақша тұбін мақта қымтап аяу кірмейтіндегі етіп, қысқышпен бұрышынан бекітіп тастайды. Осы әдіспен тозандандыруда жұмыс сапасы, сондай-ақ жылдамдығы біразға артады.

«Қазақ құріш шаруашылығы ФЗИ» ЖШС-да ғалым-селекционер А.Н.Подольских филогенетикалық алшак формалардың сәтті тұқым куалау интеграциясы мәселелерін шешуде аналық өсімдік гүлдерін кастрацияламай, ГАС және ЦАС – стерильділік генетикалық жүйелер негізінде шағылыстыру әдісін тәжірибелеге енгізді [3]. Онда басында бастапқы ата-аналық сорттар ортақ рецессивті аталақ стерильді көзбен шағылыстырылады. Бірінші ұрпақ (F_1) фертильді будандарында топкросс әдісімен ата-аналық формалардың комбинациялық қабілеттілігі анықталады. Масақ өнімділігі бойынша жалпы комбинациялық қабілеттігі төмен популяциялар жарамсыздандырылады. Қалдырылған әрбір будан өнімінен алынған бірдей мөлшердегі тұқымдарды бір партияға біріктіріп, мұқият араластырғаннан кейін F_2 -нің бірнеше қарапайым будан қоспасы (шамамен 10-12) немесе күрделі будандық популяция (КБП) сияқты егеді. Осындай КБП-ның F_2 -де 25%-ға жуық өсімдіктері аталақ стерильді болып, фертильді сегреганттармен шексіз еркін жел көмегімен тозанданады. Осылай шағылыстырудың бірінші циклі аяқталады.

Бірінші циклдің стерильді өсімдіктерінен жиналған тұқымдарды жеке егеді. Олар F_1 -дің өзінде күрделі будандар береді. Қайта сепкенде F_2 -де фертильді және стерильді формаларға ыдырайды және де қайтадан өзара шағылысадан бұрынғыдан да күрделі гениологиялы жаңа рекомбинациялар қалыптасады. Әрі қарай осылай келесі циклдер популяциялары жасалынады. Олардың ұрпақтарында ауткроссингтен қажетті гендердің шоғырлануы үнемі артады. Әрбір жеке алынған КБП пайдалану, әдетте стерильді гомозиготалар үлесі біраз шамаға төмендегендеге, элиталарды сұрыптау мен келесі селекциялық питомниктерде оларды зерттеу үшін фертильділер тұракты денгейге толық жеткенде, F_5 - F_6 -да аяқталады.

Осы әдісті қолданғанда стерильді де, фертильді де өсімдіктердің ең жақсыларын қайта егу үшін оларды сыпыртқыгүл масақшаларының мөлшері бойынша жыл сайын міндепті түрде жарамсыздау және сұрыптау керек. Өздігінен тозанданатын дақылдарда дәстүрлі емес топкросс, поликросс және кезеңдеп сұрыптау әдістемеліктері элементтерін өзіне сыйыстырған бастапқы материал алушың бұл жаңа шағылыстыру тәсілі қазіргі кезде күріш селекциясында жаппай қолданылуда және алынған нәтижелер де қуантарлық: осы тәсілмен алынған 6АГМС және 6АМС будандық популяцияларынан 2012 және 2015 жылдары Мемтізбеке енгізіліп, қазіргі кезде Қызылорда облысында күріш өндірісіне пайдалануға рұқсат етілген КазНИИР-5 және КАЗЕР-6 сорттары шығарылды [4].

Будандық комбинацияларды кодтау мен шағылыстыру нәтижелерін құжаттауды «Шағылыстыру журналы» кітабында белгілі формада жүргізеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Бороевич С. Принципы и методы селекции растений. М.: Колос, 1984.
2. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. –447 с.
3. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. –Астана: Фолиант, 2015. – 416 с.
4. Сборник сортов и гибридов сельскохозяйственных культур, используемых в Республике Казахстан. – Астана, 2017. –125 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены различные методики и технические приемы (скрещивание групповое, сближением растений, твель-методом, на основе стерильной генетической системы и т.п.), выполняемые при искусственной гибридизации(принудительные– цветки материнского растения опыляют пыльцой одного отцовского; ограниченно свободное (групповое)– материнское растение свободно опыляется пыльцой нескольких специально подобранных отцовских сортов; свободно неограниченное – материнское растение может свободно опыляться пыльцой всех произрастающих вокруг сортов и форм)полевых культур, в различных селекционных научно-исследовательских учреждениях нашей страны и за рубежом.

SUMMARY

The article deals with various techniques and techniques (crossing group, rapprochement of plants, *tvel*-method, based on a sterile genetic system, etc.), performed by artificial hybridization (forced – the flowers of the parent plant pollinate pollen of one father; limited free (group) – the

parent plant is freely pollinated with pollen of several specially selected paternal varieties; freely unlimited—the mother plant can be freely pollinated with pollen of all varieties and forms growing around) field crops, in various breeding research institutions of our country and abroad.

ТЕХНИКАЛЫҚ ФЫЛЫМДАР

ЖОЛ БҮЙЫМДАРЫН ӨНДІРУ ҮШІН МАЙДА ТҮЙІРШІКТІ БЕТОНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ЕҢГІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ

*Жақыпова Гүлнур Мұхамеджанқызы,
техника ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ;
Султан Жаухар Фалымжанқызы,
магистрант,
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ*

Бетон ұзақ уақытқа жарамды және жоғары салмақ көтергіш қасиетке ие негізгі құрылыш материалы болып табылады [1, 2]. Қазіргі бетон өндіру саласының дамуы екі бағытқа негізделген; олар: бетонның физико-механикалық қасиеттерін жоғарылату [3]; бетонды өндіру және қолдану барысында шығынды азайту. Аталған жағдайларды жүзеге асыру үшін бетон өндірісі үшін жаңа технологияларды енгізу қажет [4].

Қазіргі таңдағы құрылыш материалдары өндірісіндегі басым бағыттардың бірі құмды бетон және одан жасалған бұйымдардың өндірісі болып табылады (бұл бағыттағы зерттеу «жарамдылық мерзімі ұзартылған жоғары беріктікті құмды бетондар» атауымен Ресей мемлекетінде МК3863.2009.8 гранты аясында қоржыландырылған). Жергілікті шикізаттарды пайдаланып жоғары сапалы бұйымдар алу – зерттеудің негізгі өзектілігі болып табылады.

Жоғары беріктікті майда түйіршікті (құмды) бетондарды пайдаланудың тәмендегі артықшылықтары бар:

а) ғимараттардың көтергіш темірбетон құрастырылымдарының массасының бетон көлемінің азаюына (50%-ға дейін) байланысты тәмендеуі болып табылады; ал салмақтың азаюы сәйкесіне бетон құрамына кіретін материалдарды үнемдеуге әкеледі (50%-ға дейін); көлденең қимасы бірдей орналасатын арматураларды 30%-ға үнемдеуге болады; еңбек қажеттілігі, көлік шығыны және т.б. шығындар азаяды [7].

б) қолданылу аясы кең қасиетке ие жоғарыберіктілікті бұйымдар алуға болады [8]. Цементті-құмды бетонды құрылыста қолдану мен өндіру барысындағы кемшіліктерін атап кеткеніміз жән. Бәрінен бұрын цементті-құмды бетонның құрылымына мынадай кемшіліктер тән: жоғары біркелкілік және майдатүйіршіктілік, цемент тасының көп болуы, қатты тас қанқасының жоқ болуы, жоғары кеуектілік және қатты фазаның беттік бөлінуі [9]. Мысалы, майдатүйіршікті бетонның деформациялық шөгуі ірі толтырғышты ауыр бетондарға қарағанда 1,5-2 есе жоғары. Сонымен қатар,

нормалық документтерде көрсетілген (КНМЕ 2.03.01-8, 1.2-кесте) ауыр және майдатүйіршікті бетондардың серпімділік модулі сәйкесінше В80 мен В40 кластары бойынша белгіленеді.

Жұмыстың мақсаты қасиеті бойынша ірі толтырғышты ауыр бетондардан кем түспейтін жоғарыберіктік майдатүйіршікті бетон алу болып табылады.


Зерттеулер көрсеткендегі, майдатүйіршікті бетондардың кемшіліктерін оның беріктілігін жоғарылату арқылы, құмның гранулометриялық құрамын онтайландыру мен химиялық қоспалар қолдану арқылы жоюға болады.

Құмды бетондардың жоғарғы қеуектілігін төмендегі әдістер арқылы төмендетуге болады:

- 40%-ға дейінгі бірдей жылжымалылыққа ие болатында, бетон араласпасына супер және гиперпластификаторлар қосу, соның ішінде поликарбоксилаттарды кеңінен қолдану;
- толтырғыштардың онтайлы гранулометриялық құрамын алу;
- толтырғыштарды қолдану.

Пластификаторларды таңдау үшін оның тек суреттегіш қасиеті ғана емес, майдатүйіршікті араласпаның су қосқандағы қабылдауын да ескеру қажет. Өндірісте бетон араласпасының су қажеттілігінің мәні Окамура әдісі бойынша анықталады. Бұл әдісте бетон араласпасы құйылатын арнайы қозғалатын стол үстіне қойылған стандартты конус пайдаланылады. Содан соң конусты көтереді, бетон араласпасы сілкіністен соң жайылады, осыдан соң барып конустың диаметріне байланысты жайылымдылық мәні анықталады. Алғашқы жайылымдылық мәні стандартты конустың диаметрі 110мм-лігіне сәйкес келеді. Содан кейін араласпаға 20мл су қосылады да, қайтадан араластырылады. Осындан соң барып жайылымдылықтың су шығынына тәуелділігі анықталады. Бетон араласпасының су қосуға сезімталдығы алынған түзу сызықтың сипаты бойынша анықталады. Араласпаны дайындау үшін Ц:К қатынасын 1:3 қатынасында деп алынады.


1-суретте көрсетілгендей, құмның ірілік модулі $M_k=1,5$ болса melflux қоспасын енгізу арқылы суреттегіш қасиеті зерттеледі, яғни араласпаның жылжымалылығы қаншалықты жоғары болса, суреттегіш әсері де соншалықты жоғары болады. Melflux қоспасы қосылған араласпаның сезімталдығы да басқа қоспаларға қарағанда жоғары. С-3 мен Glenium қоспаларының әсері (2 және 5 сызықтар) майдатүйіршікті араласпада бірдей болып келеді.




1 сурет. Құмның ірілік модулі $M_K=1,5$ болатын араласпаның су қосқандагы сезімталдылығына қоспалардың әсері

Ірілік модулі $M_K=2$ (2-сурет) болатын құмды пайдалансақ, Glenium қоспасының әсері үлкейіп, ал С-3 қоспасының әсері төмендейді. Жоғары суреттегіш қасиет Melflux қоспасын қосқанда байқалады және 26%-ы құрайды. Араласпаның су қосқандағы сезімталдылығы Glenium қоспасын араластырғанд біршама байқалады. Бұл қасиет жоғары болу үшін суды аз қосу керек, осы кезде жылжымалылық қажетті мәнге жетеді. Құмның ірілік модулі $M_K=2,5$ тең болатын майдатүйіршікті араласпаның суреттегіш қасиеті лигносульфат (ЛСТ) қоспасын қосқанда бірден төмендейді, ал Melflux қоспасын пайдаланғанда 32%-ға дейін айтартықтай өседі, ең жоғарғы сезімталдылығы Melflux немесе Glenium қоспасын араластырғанда байқалады.


Құмның ірілік модулі $M_K=3$ болатын майдатүйіршікті араласпаның су қосқандағы сезімталдылығы бірден өседі. Поликарбоксилатты пластифицирлеуші қоспаны араластырғанда, сонымен қатар су шығынын 10%-ға жоғарылатса, конустың жайылымдылғы 2 есеге өседі. Жоғары суреттегіш әсер Melflux қоспасын араластырғанда байқалады және 35%-ы құрайды.



2 сурет. Құмның ірілік модулі $M_k=2$ болатын араласпаның су қосқандагы сезімталдылығына қоспалардың әсері



3 сурет. Құмның ірілік модулі $M_k=2,5$ болатын араласпаның су қосқандагы сезімталдылығына қоспалардың әсері



4 сурет. Құмның ірілік модулі $M_k=4$ болатын араласпаның су қосқандагы сезімталдылығына қоспалардың әсері

4 суретте көрсетілгендей, құмның ірілік модулі өскен сайын ЛСТ қоспасының суреттегіш қасиеті ғана емес, араласпаның су қосқандағы сезімталдылығы да төмендейді. Поликарбоксилатты пластифицирлеуші қоспалардың суреттегіш әсері құмның ірілік модулі өскен сайын жоғарылады.

Алынған нәтижелер мынадай құм фракциясының оңтайлы мәндерін көрсетеді: 5-1,25мм – 60%; 1,25-0,315мм – 20% және 0,315-0,14мм – 20%. Бұл қатынас жоғары емес меншікті бетті ең төменгі кеуекті құмды алуға мүмкіндік береді, мұнда құмның ірілік модулі $M_k=3,16-3,2$ -ге тең. Ал ірілік модулі $M_k=3,1-3,2$ болатын құмнан дайындалатын майдатүйіршікті бетондар жоғарғы беріктікті қасиетке ие болатынын зерттеулер көрсетті.

Байланыстырыштың құрамына кіретін толтырыш қоспалар цементтің құрылым түзуші кернеуін тудырады, оның беріктілігі мен серпімділігінің біртектілігін жоғарылатады, сонымен қатар жарықшактардың өсу энергиясын жұтады, жарықшактардың өсуін оларды бөлу арқылы тоқтатады, соның есебінен оның физико-механикалық көрсеткіштері жақсарады. Алайда байланыстырыштарға қосылатын минералды қоспаларды қосудың негізгі мәселесі олардың дисперстілігі мен қоспалардың мөлшері болып табылады, яғни олар цементтің беріктілігін азайтпауы тиіс және бетон құрамына қосудың дұрыс әдісі таңдалуы керек (көп компонентті цементпен бірге немесе цементтен бөлек). Көптеген авторлардың зерттеуі бойынша [1, 2], цементті бетондағы толықтырыштардың оңтайлы мөлшері 10-20%-дан аспауы тиіс. Толықтырыштардың оңтайлы дисперстілігі жөнінде екі пікір бар. Алғашқысы, [4, 5, 6], минералды қоспалардың оңтайлы дисперстілігі цементтің дисперстілігінен $120-200 \text{ м}^2/\text{кг-фа}$ үлкен болуы тиіс. Минералды қоспалардың осындай мөлшерінде түйіршікаралық

куыстардағы аздисперсті бөліктер жоғары дисперсті цемент түйіршіктерінен көп түзіледі, яғни көпқұрамды цемент құрамына кіретін тығыз матрицалар пайда болады.

Цемент қатаюы кезінде қоспаның бөліктері кальций гидроксидімен біршама белсенді әрекеттеседі, жоғарыберіктікітін клинкер минералдары гидратацияға ұшырауы нәтижесінде төмennегізді және майдатүйіршікті кальций гидросиликаты пайда болады. Сондықтан микрокремнезем цементті бетондағы негіз әсер етуші толықтырығыш боялп табылады, сонымен қатар ол түйіршіктерінің өлшемінің аздығымен және кальций оксидіне қатынасының жоғары белсенділігімен ерекшеленеді.

Зерттеушілердің жүргізген жұмыстары негізінде В80 класстағы майдатүйіршікті бетонның құрамы алынды (1-кесте).

1 кесте. Бетон араласпасы және В80 класындағы бетонның қасиеті мен құрамы

№	Материалдар шығыны, кг/м ³							Бетон араласпа сының жылжы малылышы (КШ), см	Бетон аралас пасының тығыздығы, кг/м ³	Сығылу кезіндегі бетонның беріктілігі, МПа	
	Цемент	Күм	Қырышықтас	Melf lux 2651	Қоспа МБ 10-30С	МК-85	Су				
1	520	1700	-	2,08		26	140	16	2370	70,3	94,1
2	550	1680	-	2,2		27,5	140	16	2370	70,8	105,3
3	580	1660	-	2,32		29	141	17	2375	72,5	106,2
4	480	750	990		100	-	141	17	2450	71,2	106,0

Ескерту:

1. Байланыстырығыш ретінде ПЦ500 Д0 маркасы пайдаланылды.
2. С.С. Каприелова мәліметі.

1-кестеден байқағанымыздай, В80 класындағы 1м³ бетонды алу үшін 550кг цемент қажет, сондықтан арықарайғы цемент шығыны беріктілікті жоғарылатпайды.

Жоғары беріктілікті майдатүйіршікті бетон құрамын жобалау үшін оның пайдаланылу қасиеті де зерттелді. Шөгуді азайту үшін

күмның гранулометриялық құрамын оңтайландыру керек, сонымен қатар оның кеуектілігі азайып, пластифицирлеуші қоспалар мен толықтырғыштар бірге әсер етеді. Осылайша, В80 класындағы (1-кесте) өндөлген құмлы бетонның шөгүі 61%-ға төмендейді, яғни ірітүйіршікті ауырбетонның көрсеткіштерімен шамалас болды. Жоғарыберіктікі майдатүйіршікті бетон мен ірітүйіршікті бетондардың қасиеттері салыстырмалы турде 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте. Жоғары беріктікі майдатүйіршікті бетон мен ірітүйіршікті бетондардың қасиеттері

№	Араласпаның құрамы, кг/м ³					Сығылуға беріктігі, МПа, 28 тәул.сон	Иілуге беріктігіМПа, 28 тәул.сон	Призма лық беріктігі, МПа	Серпімділік модулі, МПа
	Цемент	қиыр шықтас	құм	қоспа	толтырғыш				
1	480	990	750	100 МБ10-30С	-	98,1	7,12	71,3	44200
2	550	-	1680	2,2 Melflux	27,5 МК	106,2	9,82	82,3	43200

Ескерту: С.С. Каприелова [10] мәліметтері.


2-кестеде көрсетілгендей, құмды бетонның ірітүйіршікті бетонға қарағанда жоғары призмалық беріктігі жоғары, ал серпімділік модулі төмен. Майдатүйіршікті бетонның призмалық беріктігінің өсуі цемент тасының толтырғыштармен жақсы араласуымен байланысты. Одан бөлек, микрокремнезем мен суперпластификаторларды бірге қолдану цемент тасының толтырғыштармен байланысу зонасындағы кеуектілікті азайтады, иілу кезіндегі созылу беріктігінің өсуіне әсерін тигізеді және соған орай призмалық беріктігі де өседі.

3-кестеде цемент шығыны азайтылған құрам көрсетілген. Ирітүйіршікті бетон мен майдатүйіршікті бетонның бұзылу сипаты (3-кесте) 5-6 суретте көрсетілген.


3 кесте. Цемент шығына азайтылған құрам

№	Цемент, кг	Құм, кг	Қиыршықта с, кг	МК -85, кг	Пластификатор, кг	С/Ц	Сығылуға беріктігі, МПа	
							7 тәул.сон	28 тәул.сон
1	450	700 (кәдімгі)	1150	45	C-3 (0,8%)3,6	0,44	51,9	83
2	500	1650	-	50	Melflux	0,2	69,1	98,6

		(фрак.)			(0,5%) 2,5	9	
--	--	---------	--	--	------------	---	--



5 сурет. В60 класындағы ірітүйіршікті бетонның (1-құрам, 3-кесте) бұзылу графигі



6 сурет. В70 класындағы майдатүйіршікті бетонның (2-құрам, 3-кесте) бұзылу графигі

5-6-суретте көрсетілгендей, тік ауданның еніс бұрышы қирау сызығымен бірдей және тең күш әсер еткендегі созылымдылығы да бірдей.

Осылайша, майдатүйіршікті бетондардың кемшіліктерін құмның гранулометриялық құрамын химиялық қоспалар мен толтырыштарды қосу арқылы оңтайландырып, жоюға болады.

Жоғары маркалы майдатүйіршікті бетондардың қолданылу шенберін бағалау мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің лабораториясында зерттеулер жүргізілді. В25 ірітүйіршікті бетон мен В60 майдатүйіршікті бетондар

салыстырылды. Зерттеулер нәтижесінде В60 майдатүйіршікті бетон В25 ірітүйіршікті бетонға қарағанда жарықшактарға төзімді, иілуге берік әрі аязға төзімділігі жоғары. Бетон класын В25-тен В60-қа жоғарылату арқылы, айтарлықтай жоғары сапалы, жоғарыберіктікі бұйым ала аламыз, сонымен қатар барлық қасиеттерін сактай отырып, бұйымның қалындығын және арматура шығынын азайтамыз.

Өндірістік шарттарда бетон араласпасының КШ=6см құрайды. Бұйымдарды қалыптау вибраланадарда жүргізіледі.


4 кесте. Зерттеулер нәтижесі

Араласпаның құрамы, кг/м ³				Бетон сығылуға беріктілігі , 28 тәул.сон	Бетон иілуге беріктілігі , 28 тәул.сон	Аязға төзімділігі, цикл	Суёткізгі шті-гі, цикл
Цемент, кг	Майд аланған күм, кг	Melflux 2651F қоспасы	Микрокрем -незем МК-85				
550	1600	2,75	27,5	85,2	10,5	F300	W16

Ескерту: Бұйымды жылумен өндеу үшін шұнқырлы камерада 3-9-2сағ режимде, 60°C-та ұстай керек.

Жол жабындарын қолдану барысында міндетті шарт оның жарықшактарға тұрақтылығы болып табылады. Жол бұйымдарының типтік өлшемі мен зерттеу сызбасы 5-кестеде көрсетілген:

5 кесте. Жол жабындарының типтік өлишемі

Типтік размері және жабындарды сынау сызбасы	L, мм	a	k
	3000	700	100

Дайындалған жол жабындарының жарықшактарға тұрақтылығының зерттеу нәтижелері 6-кестеде көрсетілген.

6-кестеде көрсетілгендей, күмді бетон МемСТ 21924.2-84 стандартқа сай дайындалады. N=4т күш түскенде созылуы $f_0=1,88\text{мм}$ болды, рұқсат етілетін созылу шегі $f_0=L/300=9,3\text{мм}$, және N=7т күш түсірілгенде кирау болған жоқ.

Осылайша, В60 күмді бетоны МемСТ 21924.2-84 стандарты бойынша жол жабындары ретінде пайдалану оның көтергіш қасиетін арттыруға мүмкіндік береді. Созылымдылық көрсеткішінің қоры 80%,

беріктілік көрсеткіші максималды түсірілетін күшке қатысты 100%-дан жоғары, ол бұйым қалындығының азауы (бұйымдағы бетон үнемделеді) мен арматураның үнемделуін қамтамасыз етеді.

6 кесте. Жол жабындарын зерттеу нәтижелері

№	Беріктігі, МПа		Жарықшаққа тұрақтылығы		Түсірілген жоғарғы салмак/нәтижесі
	ЫЖӨ-ден кейін	28 тәул.	Жарықшаққа төзімділігін сұнау кезіндегі салмақ, кг/майысу, мм	Беріктігін сұнаудағы салмақ, кг/майысуы, мм (рұқсат етілген майысуы)	
1	58,0	81,4	4000/1,88	7000/5,86 (9,3)	14000/бұзылмаған
2	57,1	79,6	4000/1,91	7000/5,69 (9,3)	14000/бұзылмаған

Қорытынды.

1. Құмды бетондардың кемшілігін жою мүмкіндіктері көрсетілді. Жергілікті шикізаттарды пайдалану арқылы В60-В80 жоғарысапалы құмды бетон алынды.

2. Лигносульфат негізінде (ЛСТ) қоспа ұсақ құмда жақсы әсер етеді, ал поликарбоксилат (Melflux пен Glenium) ірілік модулі жоғары құмда жақсы әсер етеді.

3. В60 құмды бетонды ГОСТ 21924.2-84 стандарты бойынша жол жабындары ретінде пайдалану оның көтергіш қасиетін арттыруға мүмкіндік береді. Созылымдылық көрсеткішінің қоры 80%, беріктілік көрсеткіші максималды түсірілетін күшке қатысты 100%-дан жоғары, ол бұйым қалындығының азауы мен арматураның үнемделуін қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Соловьева В.Я., Степанова И.В., Ершиков Н.В., Коробов Н.Б., Старчуков Д.С. Проектирование высокопрочного бетона с улучшенными физико-механическими характеристиками // Бетон и железобетон. - 2007. - №3. – С. 16-18.

2. Ферронская А.В., Кожиев С.В. Высококачественный мелкозернистый бетон для дорожных покрытий // Строительные материалы. - 2005. - №4. –С. 58-59.

3. Chong Wang, Changhui Yang, Fang Liu, Chaojun Wan, Xincheng Pu. Preparation of Ultra-High Performance Concrete with common technology and materials // Cement and Concrete Research. - 2012. - №34. – Р. 538-544.

4. Красиникова Н.М., Морозов Н.М., Хохряков О.В., Хозин В.Г. Оптимизация состава цементного бетона для аэродромных покрытий // Известия КазГАСУ. - 2014. - №2. – С. 41-47.
5. Кузнецов Е.Н. Ползучесть и другие физико-механические свойства высокопрочных мелкозернистых бетонов нового поколения на основе органоминеральных модификаторов. - Автореф.дисс..., к.т.н. - М. Издательство НИИЖБ, 2004. – 33с.
6. Патент №2229452 C04 B28/04 Бетонная смесь.
7. Морозов Н.М., Мугинов Х.Г., Хозин В.Г., Антаков А.В. Высокородные песчаные бетоны для монолитного строительства // Известия КазГАСУ. - 2012. - №2. – С. 183-188.
8. Якупов М.И., Морозов Н.М., Боровских И.В., Хозин В.Г. Модифицированный мелкозернистый бетон для возведения монолитных покрытий взлетно-посадочных полос аэродромов // Известия КазГАСУ. - 2013. - №4. – С. 257-261.
9. Баженов Ю.М., Магдеев У.Х., Алимов Л.А., Воронин В.В., Гольденберг Л.Б. Мелкозернистые бетоны. - М., МГСУ, 1998. - 148с.
10. Каприлов С.С., Шейнфельд А.В., Кардумян Г.С. Новые модифицированные бетоны. - М., ООО «Типография Парадиз», 2010. – 258с.

РЕЗЮМЕ

Одним из приоритетов в производстве современных строительных материалов является производство песка и бетонных изделий. Получение высококачественных продуктов с использованием местного сырья является ключевой срочностью исследований, в данной статье приводятся примеры использования мелкого гранулированного бетона для получения дорожных материалов.

SUMMARY

One of the priorities in the production of modern building materials is the production of sand and concrete products. Obtaining high-quality products using local raw materials is a key research urgency, this article provides examples of the use of fine granular concrete for road materials.

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көрді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялады.

Редакция мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 31. «Болашақ» университеті

Басуға 30.06.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 6.25 б.т. Офсетті қағаз.
Тапсырыс №151.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТИНІҢ ХАБАРШЫСЫ
№1 (13)**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзкарасын білдірмейді.

Мақала мазмұнына автор жауап береді.

«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.